

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ


11

НОЯБРЬ

1962

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

№ 11

Н О Я Б Р Ь

1962

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Лениндік идеялардың салтанаты	3
Экономикалық білім әркімге-ақ керек	9
Т. УӘШЕВ — Еңбекшілердің тұрмыс қажеті мінсіз өтелсін	14
А. ВЕНЗОВСКИЙ — Экономикалық тиімділік үшін күрес—маңызды міндет	18
Р. ҚУАТОВ — Өнімнің түсер құны — өндіріс айнасы	22
С. ЗАДИН — Мектеп және тәрбие жұмысы	27
В. ШАБАЛИНА — Химия халық шаруашылығына қызмет етеді	33
Б. ҚАСЫМОВ, О. ҚОЖАСОВ — Колхоз, совхоз экономисі — негізгі тұлға	37
К. БЕЙСЕМБЕТОВ — Қоғамдық тамақты ұйымдастырудың кейбір мәселелері	42

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ Әңгіме

Қ. ФАИЗОВ — Ең ықпалды саяси күш	46
--	----

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Ж. ТҮЙЕБЕКОВ — Озат тәжірибені кең қолдану жолында	52
Қ. СЕРІКБАЕВ — Ұйымдастыру жұмысы—табыс кілті	56

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Қ. БАЙМҰРАТОВ — «Ортақ рыноктың» агрессиялық мәні	60
С. ДІЛДӘБЕКОВ — Иран-совет қатынасы жаңа кезеңде	64

ХАТ-ХАБАР

Қ. ИСАБАЕВ — Ертіс—Қарағанды каналы құрылысында	67
Ж. БЕКТҰРОВ — Шахтер абыройы	71

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Бүгінгі күннің мәнді тақырыбы	75
«Қазақстан коммунистінің» сынынан кейін	80



СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Торжество ленинских идей	3
Экономические знания—в массы	9
Т. УАШЕВ — Быту трудящихся повседневное внимание	14
А. ВЕНЗОВСКИЙ — Борьба за экономическую эффективность	18
Р. КУАТОВ — Себестоимость продукции — основной качественный по- казатель	22
С. ЗАДИН — Улучшать воспитательную работу в школах	27
В. ШАБАЛИНА — Химия на службе народного хозяйства	33
Б. КАСЫМОВ, О. КОЖАСОВ — Экономист колхоза и совхоза	37
К. БЕЙСЕНБЕТОВ — Некоторые вопросы организация общественного питания	42

БЕСЕДА О ПРОГРАММЕ ПАРТИИ

К. ФАИЗОВ — Самая влиятельная политическая сила современности	46
---	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Ж. ТУИЕБЕКОВ — Внедрение передового опыта — главное в партий- ном руководстве	52
К. СЕРИКБАЕВ — Организаторская работа решает успех дела	56

НА МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТЕМЫ


К. БАЙМУРАТОВ — Агрессивная сущность «Общего рынка»	60
С. ДИЛЬДАБЕКОВ — Ирано-советские отношения	64

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

К. ИСАБАЕВ — На трассе канала Караганда — Иртыш	67
Ж. БЕКТУРОВ — Знатный шахтер	71

ОБЗОР ПЕЧАТИ

«Дорожить честью хлебороба»	75
По следам материалов «Казахстан коммунист»	80



Лениндік идеялардың салтанаты

Ұлы Октябрь социалистік революциясына 45 жыл толды. 1917 жылғы 25 октябрь (7 ноябрь) күні Россияның жұмысшы табы еңбекші шаруамен одактаса отырып, Коммунистік партияның, оның кемеңгер көсемі В. И. Лениннің басшылығымен социалистік төңкеріс жасады, капиталистер мен помещиктер үстемдігін құлатып, Совет өкіметін—пролетариат диктатурасын орнатты. Жаңа қоғамдық құрылыс—социализм-коммунизм үшін бүкілхалықтық ұлы күрес осылай басталды.

Міне сол күннен бастап, бүкіл адамзат тарихының жана, ерекше нұрлы беті ашылды, тарих тегермеші екпіндей дөңгеленген жана заман басталды. Бұл заманның айбынды ал-қызыл туы марксизм-ленинизмнің жеңімпаз идеяларымен нұрланған еді. Революцияның ұлы дүбірінде маркстік-лениндік сара жолдан тайсалақтап, шынайы революциялық іс пен күрестен жалтарған оппортунишыл элементтердің барлық түрі де шетке шығып қала берді. Большевиктердің революцияшыл партиясы, оның дана ұйымдастырушысы да басшысы В. И. Ленин оларды социалистік төңкерістің ұлы көшіне кесірін тигізбейтіндей етіп, кезінде әшкерелеп, аластады.

Елімізде жаңа қоғамдық құрылыстың орнығып, оның өршең тың күш ретінде тынбай өсіп, нығайып келе жатқанына міне жарты ғасырдай уақыт өтті. Бұл—қоғамдық даму тарихында аса көп уақыт емес. Алайда өзінің мән-мазмұны, қоғам өміріне енгізген әлеуметтік, экономикалық түбірлі өзгерістері жағынан ғасырларға теңеледі.

Біздің партияның бұдан дәл бір жыл бұрын болып өткен тарихи XXII съезі КПСС жаңа Программасын қабылдады. Онда еліміздегі социалистік құрылыстың осы шамалы аз уақыт ішіндегі ұлы өзгерістері жанжақты талданып қорытылған, лениндік тамаша идеялардың салтанаты паш етілген.

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин 1918 жылы Октябрь революциясының бір жылдығында Советтердің VI съезінде өзіне тән дана көрегендікпен біз халықаралық социалистік революция, социализм жеңісіне қарай алға баса береміз деп зор сеніммен айтқан еді. Лениндік бұл көрегендік өмір шындығына айналып келеді. Социализм біздің елде толық та түпкілікті жеңді, ал халықаралық социалистік революция жолында да алға бастық. Европа мен Азияның бірсыпыра елі социализм жолына түсті. Мұның нәтижесінде социализм бір ел шеңберінен шығып, дүниежүзілік қуатты системаға айналды.

В. И. Ленин жоғарыдағы сөзінде империализм іріп-шіріп, күри береді деп те батыл айтқан еді. Лениннің бұл көрегендігі де өмір шындығына айналып келеді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі дәуірде бірсыпыра елдің социалистік даму жолына түсуі нәтижесінде, отар системасының күл-талқан болып күйреуі салдарынан дүниежүзілік империалистік күрсау әр жерінен шіріп үзілді. Империализм енді бұрынғыдай бірыңғай система болудан қалды. Қазір оның билеп-төстеуші топтары—шонжар монополияшылдары империализмнің бұдан былай да ыдырап, күри бермеуінің амал-айласын іздеп, аласұруда. Олар капитал елдеріндегі коммунистік қозғалыстың, отар, тәуелді елдердегі ұлт азаттық революцияның қандай түрін болса да әуел бастан-ақ тұншықтыруға ұмтылуда. Бұған Кубадағы жағдай, Алжирде жеті жыл

бойы созылған ұлт азаттық соғыс, империалистік елдердің Египетке қарсы бірлесіп соғысқа шығуы тағы басқалары айқын мысал болады.

Кәзір барлық азаттық сүйгіш халықтардың қас жауы халықаралық жандарм болып отырған АҚШ үкіметінің Кубаны теңізден қоршауға алу туралы шешім қабылдап, дүние жүзілік соғыс қаупін төндіргені жұртқа мәлім. Бірақ совет мемлекеті империалистік арандатушылық әрекетке жол бермеді. Ақырында Совет үкіметінің халықтар мүддесін қорғауға негізделген дәйекті де байсалды бейбітшілік сүйгіш дана саясаты жеңді. Сөйтіп апатты соғыс қаупі жойылды.

Мұның бәрі біздің заманның екі система—жаңа туып өрбіп келе жатқан социализм мен ыдырап өліп-өшіп бара жатқан капитализм арасындағы ұлы күрес заманы, коммунистік, ұлт-азаттық қозғалыс кең өрістеген заман екенін жарқын бейнелейді. Ал кәзіргі заманның негізгі мазмұны капитализмнен социализмге өту болып отыр.

Дүниежүзілік коммунистік қозғалыс ақырында жаңа қоғамдық құрылыстың бүкіл дүние жүзі көлемінде толық жеңісіне жеткізеді. Бұл—қоғамдық тарихи дамудың объективті заңдылығы. Дамудың бұл бағытына енді ешқандай күш төтеп бере алмайды. Бұл жөнінде біздің партияның жаңа Программасында былай деп көрсетілген: «Жер-жердің бәрінде де капитализм орнына социализмнің орнайтыны сөзсіз. Қоғамдық дамудың объективті заңы осындай».

Коммунистік қозғалысқа, халықтардың жаңа, озат қоғамдық құрылыс орнату жолындағы күресіне біздің елде толық та түпкілікті жеңген социализмнің, басқа елдерде ойдағыдай орнап жатқан социализмнің үздік артықшылықтары, нақты үлгі-өнегесі дем беріп отыр. Тартымды үлгі, өнеге көрсету орнына, күш қолдану, зорлау саясатына В. И. Ленин ежелден қарсы еді. Ол бұл жөнінде былай деп үйретті: «Біз «социализмнің үлгілі күші бар» деп келдік, деп те отырмыз. Күш қолдану өз өкіметін қайтадан орнатқысы келетіндер үшін керек. Күш қолданудың маңызы осымен бітеді, ал онан арғы жерде әсер-ықпал, үлгі өз күшін көрсетеді. Коммунизмнің маңызын практика жүзінде, үлгі арқылы көрсету керек» (Шығармалар, 31-том, 469-бет).

Лениндік бұл өсиет те іске асып келеді. Социализм өзінің капитализмнен үздік артықшылықтарымен, тартымды үлгі-өнегелерімен қоғамдық дамудың барысына күшті әсер етіп отыр. Ол халық бұқарасының ғасырлар бойғы арманын өмір шындығына айналдырды. Ең алдымен, адамзат тіршілігінің, қоғамдық өмірдің экономикалық негізі болып табылатын өндіріс құрал-жабдығын бүкіл халық меншігіне айналдырды, оны жеке адамның меншіктенуін жойды. Осының арқасында адамды адамның қанауы жойылды. Барлық еңбекке жарамды адам өзі үшін, қоғам игілігі үшін еңбек етіп, еңбегінің саны мен сапасына қарай ақы алатын болды. Халық еңбегінің жемісі жеке еңбекшілердің күнделікті тұрмыстық және мәдени қажеттерін өтеумен бірге қоғамдық өндірісті неғұрлым тез өсіріп ұлғайтуға жұмсалатын болды. Сөйтіп, өндіргіш күштердің шапшаң қарқынмен өсуіне жол ашылды.

Біздің елдің халық шаруашылығының дүниежүзілік бірінші соғыс, азамат соғысы, онан кейін дүниежүзілік екінші соғыс жылдарында орасан зор күйзеліске ұшырағаны жұртқа мәлім. Бұған қарамастан, еліміздің социалистік экономикасы шапшаң қарқынмен өсіп келеді. 1918—1961 жылдар арасында елімізде өнеркәсіп өнімі жыл сайын орта есеппен 10 проценттен аса өскен болса, неғұрлым дамыған, соғыс бүліншілігін көрмеген бай капиталистік ел—АҚШ-та тек 3,3 проценттен ғана өсті, ал дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі жылдарда өнеркәсіп өнімі бізде жыл сайын орта есеппен 10,6 проценттен өскен болса, АҚШ-та тек 2 проценттен қана өсті. Бұл—социализмнің капитализмнен артықшылығының жарқын бір көрінісі.

Социализмнің мәдениет пен ғылымды өркендету жолындағы үлгісі де досты сүйіндіріп, дұшпанды күйіндірерліктей. Жас ұрпақты жаппай міндетті түрде оқытудың іске асырылуы, жұмысшылар мен шаруалардың өндірістік-техникалық оқуының кең өрістетілуі халқымыздың мәдениет дәрежесін үздік көтерді. Жоғары және арнаулы орта білімді кадр даярлау жөнінен Совет Одағы дүние жүзінде бірінші орын алады. Ал мұның өзі советтік ғылымның ең озат ғылымға айналуының да арқауы болып отыр. Қосмосқа салмақты ракеталарды дәл нысанамен жіберу, топтап адам ұшыру, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөнінде Совет Одағының АҚШ-тан әлдеқайда алда келе жатқаны да біздің озат ғылым мен техниканың жемісі.

Қоғамдық өмірдің барлық саласында да ұлттық теңсіздіктің жоғылып, ұлттық аймақтар мен өлкелердің жаппай индустриялануы да—социализмнің үздік артықшылықтарының бірі. Совет өкіметі жылдарында еліміздің бұрынғы тағы да мешеу ұлттық аймақтарының бәрі де адам танығысыздай болып өзгерді. Екі жақты езгі мен қанаудың қыспағында азып-тозып құрып бітуге айналған барлық аз ұлт пен нәсілді де социализм көтермелеп, оларды өзінің барлық игілігімен кенелтті. Солардың бірі—біздің Қазақстан.

Қазақстан Октябрь революциясына дейін патшалық Россияның ең артта қалған қиыр өлкесінің бірі еді. Мұнда көшпелі мал шаруашылығы басым болатын. Өнеркәсіп жоқтың қасында еді. Қазақ ауылында мектеп, аурухана тәрізді мәдени-тұрмыстық мекемелер мүлде болмады. Сондықтан да халық жаппай дерлік сауатсыз күйінде қала берді.

Ал кәзіргі Қазақстан—мүлде жаңа социалистік республика. Мұнда жоғары дәрежеде дамыған осы заманның күрделі өнеркәсібі, колхозды-совхозды ауыл шаруашылығы бар. Қазақстан кәзір экономика мен мәдениеттің, өнер мен ғылымның қай саласында болса да кейбір капиталистік елдермен тай-таласа алады. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, «Бір кезде мешеу өлке болған Қазақстан кәзір халықтың жан басына есептегенде өнеркәсіп өнімін Италиядағыдай мөлшерде өндіреді. Ал мысалы, электр қуаты халықтың жан басына есептегенде Қазақстанда Италиядағыдан көп және Жапониядағымен бірдей мөлшерде өндіріледі».

Ал ірі империалистік мемлекеттерге отар болып келген немесе оларға экономикалық жағынан тәуелді болып отырған елдердің даму дәрежесі өте төмен екені жұртқа мәлім. Мысалы, 80 миллиондай халқы бар, табиғи байлығы мол Пакистанда өнеркәсіп жоқтың қасында. Нигерия, Иран сияқты көп халқы бар елдерде де жағдай осындай.

Біздің елде бұрын мешеулеп қалған ұлттық өлкелер экономикасы мен мәдениетінің жанжақты шапшаң дамуы—социализмнің жемісі.

Социализм—осындай үлгі-өнегелерімен капиталистік елдердегі революцияшыл күштерді, отар, тәуелді елдердегі азаттық сүйгіш халықтарды социалистік даму жолына түсу үшін ерлік күреске жігерлендіруде. Кәзір социализм ұранынан тартымды да беделді ұран жоқ. Мұның өзі заңды да. Өйткені халық бұқарасын қанау мен езгіден, әлеуметтік теңсіздіктің барлық түрінен тек социализм ғана құтқарады.

Социализмнің игі жемістерімен кенелген біздің жеңімпаз халық енді елімізде коммунистік құрылысты кең өрістете жүргізудің айбынды программасымен қаруланып отыр. Партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Программасы—біздің елде коммунистік қоғам орнату Программасы. Бұл—жиырма жылдық мерзімге арналып, ғылыми негізде жанжақты ойланып жасалған нақты жоспар.

Елімізде коммунизмнің төменгі сатысынан жоғары сатысына қарай өтудің ең өзекті де шешуші міндеті—коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау. Бұл міндет елімізде материалдық және рухани игіліктерді өндіру мен тұтынудың дүние жүзіндегі жоғары дә-

режесіне жетуді көздейді. Программда белгіленгеніндей, жиырма жылдан кейін елімізде материалдық игіліктер өндіру дәрежесі АҚШ-тағыдан екі еседей артық болады. Сөйтіп коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың барысында еліміздің алдындағы негізгі экономикалық міндеті—басты-басты капиталистік елдерді жан басына өнім өндіру жөнінен қуып жетіп, басып озу міндеті орындалады.

Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға Қазақстан елеулі үлес қосады. Республикада халық шаруашылығының барлық саласы да алдағы жиырма жылда бүкіл одақ бойынша алынған орта қарқыннан едәуір жоғары қарқынмен өседі. Мысалы, өнеркәсіптің жалпы өнімі елімізде 6 есе артатын болса, Қазақстанда 13 еседей ұлғаяды.

Республиканың орасан мол табиғи байлығын барынша кең пайдалану міндеттеріне сәйкес, Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің шешуші де өзекті салалары—отын, электр қуатын өндіру, түсті металл, қара металл, химия өнеркәсібі мейлінше шапшаң өркендейді. Осылардың негізінде қуатты машина жасау өнеркәсібі жасалады, жеңіл өнеркәсіппен тамақ өнеркәсібі де қарыштап өсе береді.

Елімізде жаңадан екі қуатты металлургиялық база жасалатын болса, оның бірі Қазақстанда орнайды. Мұнымен бірге кәзір қызу салынып жатқан Қазақстан Магниткасы, Павлодар ферросплав заводы толық қуатында іске қосылады. Бұлардың нәтижесінде Қазақстанда болат қорыту 1980 жылы 30 миллион тоннаға жетіп, дамыған капиталистік елдің бірі Англияда қорытылған болаттан едәуір асып түседі.

Коммунизмге лайықты материалдық-техникалық база жасауда ауыл шаруашылығының да маңызы зор. «Қуатты өнеркәсіппен бірге гүлдене көркейген, жанжақты дамыған, мол өнімді ауыл шаруашылығын жасау—коммунизм орнатудың міндетті шарты» деп көрсетілген партияның жаңа Программасында.

Жиырма жыл ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі елімізде 3,5 еседей өседі. Бұл жоспарды орындау жолындағы күреске Қазақстан көрнекті үлес қосады. Республикада астықтың жалпы түсімі 3,5 миллиард пұтқа жетуге тиіс. Оның ішінде мемлекетке өткізілетін товарлы астық мөлшері 2 миллиард пұтқа жетпекші. Республикада мал шаруашылығының қауырт өсуі нәтижесінде, оның өнімі 7,6 есе молаяды. Республикамыздың ұлан-байтақ құнарлы егістігі, тусыған тын жері, кең де шүйгін жайылымдары, оларды ғылыми негізде пайдалану—бұл жоспардың орындалуының кепілі.

Коммунистік құрылыс кезінде елімізде әлеуметтік, қоғамдық қатынастар саласында да түбірлі өзгерістер орын алады. Социалистік өндірістік қатынастар коммунистік өндірістік қатынастарға айналу бағытында жетіле түседі. Өндіріс құрал-жабдығының бірыңғай коммунистік меншігі қалыптасады. Әлеуметтік таптар мен топтар арасындағы кәзіргі айырмашылықтар жойылып, олар коммунизмнің біртектес еңбеккерлеріне айналады. Сол сияқты қала мен деревня, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтар да жойылады, ұлттардың экономикалық, идеялық және мәдени тұрмыстық жағынан бірлігі өсіп, нығая береді.

Саяси-идеологиялық салада коммунистік қоғам мүшелері — жаңа адам тәрбиеленіп өседі. Олар қоғамдық істерді басқаруға жаппай түгел, белсенді араласады. Қоғам мүшелерінің бірыңғай толық әлеуметтік теңдігі—коммунистік теңдік қалыптасады. Социалистік мемлекет коммунистік қоғамның өзін өзі басқару орнына айналып, нағыз кең демократия орнайды.

Міне бұлардың бәрі іске асқанда елімізде коммунистік құрылыс негізінен аяқталады. Партияның жаңа Программасында белгіленген ұлы мұраттар толық іске асады.

Коммунистік партия өзінің Программасын іс жүзіне асыру күресіне сыртқы халықаралық жағдайдың кесір жасап, көлденең тұрмауын көздейді. Осы мақсатпен ол лениндік дана принципті—элеуметтік, экономикалық құрылысы әртүрлі елдердің бейбіт қатар өмір сүру принципін социалистік мемлекетіміздің сыртқы саясатының сара жолы етіп белгіледі және бұл саясатты дәйектілікпен іске асырып келеді.

Элеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі лениндік қағиданың негізі жана туған жас совет мемлекетінің соғысушы елдермен бітім жасасу жөніндегі ең тұңғыш Декретінде қаланған болатын. Бітім жөніндегі Декрет бұдан дәл 45 жыл бұрын Ұлы Октябрь революциясының екінші күні—25 октябрьде жарияланды. Советтердің бүкілроссиялық II съезінде соғысты аяқтау жөнінде бітім жасау туралы сөйлеген сөзінде В. И. Ленин бітім жасасу сияқты халықаралық мәселелерді шешуге халық бұқарасын саналы түрде белсенді қатыстыру керек екенін айтты. Осы тұрғыдан буржуазиялық мемлекеттердің халықтан жасырып жасасқан договорларын, шарттары мен келісімдерін жариялауды ұсынды. Қандай да болмасын мемлекеттің күші халық бұқарасының саналылығына байланысты екенін көрсетті. «Біздің түсінуіміз бойынша мемлекет бұқараның саналылығымен күшті. Бұқара бәрін біліп отырса, барлық мәселе туралы өз пікірін айтып отырса және барлық іске саналылықпен кірісетін болса, мемлекет сонда күшті» (Шығармалар, 26-том, 246-бет) деп үйретті ол.

Совет мемлекетінің бітім жөніндегі осы тұңғыш Декреті тәрізді кәзіргі капиталистік мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру саясаты да халық бұқарасының саналылығына, оның қолдауына негізделген. Бейбіт қатар өмір сүру саясаты—қоғамдық дамудың кәзіргі ерекшелігіне толық сай келетін, еңбекшілердің қалың бұқарасына түсінікті де жайлы саясат.

Біздің халық өзінің ежелгі салты бойынша Октябрьдің биылғы 45 жылдық мерекесіне де елеулі өндірістік табыстармен келді. Өнеркәсіпте биылғы тоғыз айдың жоспары артығымен орындалды. Өткен жылдың осы уақытындағы дәрежемен салыстырғанда қара және түсті металл өнімдері 9 процент, машина жасау өнеркәсібі өнімі 15 процент, химия өнеркәсіп өнімі 17 процент артық шығарылды.

Отанымыздың болат қорытушылары өткен үшінші тоқсанда халықаралық маңызы бар көрнекті табысқа ие болды. Олар тоқсанда Отанға 18,9 миллион тонна болат берді. Бұл үшінші тоқсанда АҚШ-та қорытылған болаттан артық болып шықты. АҚШ-та үшінші тоқсанда 18,6 миллион тонна болат қорытылған. Мұның өзі болат өндіру жөнінде Совет Одағының АҚШ-ты қуып жетіп, басып озу мүмкіндігіне ие болғанын көрсетеді.

Қазақстан еңбеккерлерінің де 45 жылдық мерекеге әзірлеген тартулары бар. Биылғы 9 айдың жоспары өнеркәсіпте 102 процент орындалды. Өткен жылғы осы уақыттағы дәрежемен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 12 процент артық шығарылды. Тың өлкелік халық шаруашылығы советінен басқа советтердің бәрі де тоғыз айлық тапсырманы толық және асыра орындады.

Биылғы жылы республика өнеркәсібіндегі адам сүйсінерлік жетістіктің бірі мынадай: еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тоғыз айлық жоспар толық орындалды. Еңбек өнімділігі өткен жылғы тоғыз аймен салыстырғанда 6 процент артты. Бұл—еліміздегі коммунистік құрылыстың сыналған тамаша әдісі—коммунистік жарыстың өрістей түсуінің, партия ұйымдарының, шаруашылық қызметкерлерінің өндіріс жұмыстарының сапа көрсеткіштеріне назар аудара бастауының жемісі.

Биыл өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың бәрінде де, өнеркәсіптік қалаларда, облыс орталықтарында экономикалық конферен-

ция өткізілді. Оларда өндіріс жұмыстарының сапа көрсеткіштеріне, қолда бар резервтер мен мүмкіндіктерді неғұрлым толық та сарқалыдалану міндеттеріне баса көңіл бөлінді. Міне, мұның бәрі белгілі нәтиже берді.

Өндіріс жұмыстарының сапа жағы өткен жылда, әсіресе Қарағанды халық шаруашылығы советіне қарасты кәсіпорындар мен құрылыстарда төмен болған-ды. Мұнда өнеркәсіп орындарының 37,3 проценті еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасын орындамаған еді. Бұлардың ішінде Қарағанды көмір комбинаты кәсіпорындарының 41 проценті бар болатын. Ал, биыл мұнда өндіріс жұмыстарының сапа жағы едәуір жақсарды. Еңбек өнімділігін арттыру жоспарын орындай алмай келе жатқан кәсіпорындар саны азайды.

Дегенмен, Қарағандының кәсіпорындарында жұмыстың сапа жағында әлі де болса кемшіліктер көп. Олар өнімнің түсер құнын кеміту жөнінде әлі де тынбай қажырлы күрес жүргізу керек. Қарағанды көмір комбинаты шахталарын түгел алғанда еңбек өнімділігін арттыру жоспары орындалмай жүр, оларда өнімнің түсер құны да жоспардағыдан жоғары. Соның салдарынан комбинат өткен тоғыз айда бір миллион сомдай зиян шекті.

Республиканың машина жасау, металл өңдеу өнеркәсібінде де жұмыстың сапа жағы ойдағыдай емес екенін айта кету керек. Бұл сала алда болып, өзге өнеркәсіп салаларына үлгі-өнеге көрсетуге тиіс еді. Мұнда биыл жоспарды орындай алмай келе жатқан кәсіпорындар саны азаю орнына көбейе түсті.

Республикамыздың ауыл шаруашылығы еңбеккерлері де 45 жылдық мерекеге елеулі сыйлықпен келді. Батыс Қазақстан өлкесінің егіншілері мемлекетке 103 миллион пұт астық өткізді. Бұл жоспардағыдан 45 миллион пұт, өткен жылдағыдан 64 миллион пұт артық.

Партияның тарихи XXII съезінің шешімдерімен, елімізде коммунистік қоғам орнатудың нақты Программасымен жігерлене түскен халқымыз коммунистік жарыс туын жоғары ұстап, оны барған сайын кең өрістетуде.

Өнімді де творчестволық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүрген үлкенді-кішілі коллективтер, жеке озат адамдар республикамызда аз емес. Бүгінгі ұлыстың ұлы күнінде олардың ішінде Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының өнер табушы инженері Лениндік сыйлықтың лауреаты И. И. Қотовтың, Қарағандының № 31 шахтасының көмір комбайнымен айына 25 мың тоннаға дейін көмір шығарып, дүниежүзілік рекорд жасаған кеншілері Омаров, Сусяков, Волковтардың, Қазақ металлургия заводының болат қорытушысы Байғазиевтің, Мақтаарал совхозының машинамен 230 тонна мақта жинап, еліміздің даңқты механизаторы Тұрсыной Ахуновадан озып шыққан механизаторы Фатима Үрімбаеваның, Алматы облысындағы «40 лет Октября» колхозының жүгерінің гектарынан 140 центнерден аса тұқымдық дән жинап жатқан озаттары Тұрсын Ұшыровтың, Күлбаршын Мұсабаеваның, Мұқамеджан Шыңғысбаевтың, Жамбыл облысындағы Луговой совхозының қойды жылына екі рет қоздатып, әр жүз саулықтан 210-ға дейін қозы алып жүрген шопаны Сейтбек Тәуірқұловтың тағы басқалардың есімін зор мақтаныш сезімімен атаймыз. Олардың қатары көбейе берсін, абыройы артып, мерейі үстем бола берсін дейміз.

Совет халқы коммунистік партияның басшылығымен, оның жаңа Программасын іске асыра отырып, коммунизм жеңісіне қарай алға баса береді.

Экономикалық білім әркімге-ақ керек

Партияның XII съезі болып өткеніне бір жыл өтті. Осы мерзім ішінде КПСС Программасын, съезд шешімдерін халыққа түсіндіру және оларды іске асыру жөнінде көп жұмыс істелді.

Өткен жылда саяси оқудың жүйесінде партияның жаңа Программасы мен Уставын, съезд материалдарын, Н. С. Хрущев жолдастың съезде жасаған баяндамаларын оқып, үйрену, партияның жаңа Программасын жүзеге асыруға барлық еңбекшілерді жұмылдыру жұмыстары жанжақты жүргізілді. Еңбекшілердің жаңа Программаны, съезд материалдарын творчестволықпен үйреніп, өздерінің практикалық ісінде қолданып отыруы олардың саяси, өндірістік белсенділігін анағұрлым арттырды.

Совет халқы коммунизмнің экономикалық базасын жасаудың тарихи міндетін жүзеге асырып жатқан кәзіргі жағдайда партияның бүкіл идеологиялық жұмысын, марксизм-ленинизмнің экономикалық теориясын өмірмен, практикамен тығыз байланыстыру, бұқараны экономикалық біліммен қаруландыру маңызды міндеттердің бірі болып қойылып отыр. Совет қоғамы дамуының экономикалық заңдылықтарымен басшы кадрларды, еңбекшілер бұқарасын қаруландыру олардың идеялық дәрежесін, мәдени-техникалық білімін көтеруге, еліміздің өндіргіш күштерін арттыруға, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында ішкі мүмкіндіктерді пайдалануды жақсартуға, өнімнің түсер құнын кемітіп, өндірістің тиімділігін арттыруға қол жеткізеді.

XII съездің шешімдерін орындауды нақты ұйымдастырған кезде, жаңа Программаны насихаттағанда 20 жылдан кейін экономикалық қандай нәтижелерге жетуімізді айту енді жеткіліксіз. Рас, партияның жаңа Программасы толық жүзеге асырылған кезде еліміз экономика мен мәдени дамудың биік шыңына көтеріледі. Экономикасы мен мәдениеті мейлінше дамыған, адамзаттың ғасырлар бойына көксеген асыл арманын жүзеге асырған дүние жүзіндегі бірден бір елге айналмақ.

Жиырма жылдан кейін еліміздің даму дәрежесі қандай болатынын айтумен бірге бүгін таңда қандай нақты міндеттерді орындау керектігін айқын түсінудің маңызы ерекше зор. Немесе, еңбек өнімділігін арттырудың, жаңа техниканы өндіріске молырақ енгізудің тиімді екенін айтумен бірге еңбек өнімділігін арттыруға, техникалық прогресті өндіріске енгізуге қалай жету керек екенін де көрсету қажет. Сондықтан да партия еңбекшілер бұқарасының экономикалық білімін көтеруге айрықша қамқорлық жасап отыр.

Совет халқы экономикалық білімді көтеруге зор ынталылық көрсетіп отыр. Партия ұйымдары саяси оқудың өмірмен байланысын нығайту жолында күрес жүргізе отырып, бұқараға саяси білім беретін оқу жүйесінің шеңберін кеңейту шараларын қолға алуда. Мысалы, биыл Қазақстанда саяси және нақты экономиканы оқып үйренушілердің саны 550 мың адамға жетті. Бұлардың 40 процентке жуығы партияда жоқтар, қатардағы колхозшылар мен жұмысшылар. Өткен жылмен салыстырғанда биыл экономикалық мектептер мен үйірмелерге 80 мың адам артық тартылды.

Экономикалық мектептер мен үйірмелер—партия оқуы жүйесінің негізгі буындарының бірі. Бұлар көбінесе түрлі өндірістің негізгі бағытына, ыңғайына, қызметкерлердің, жұмысшылар мен колхозшылардың білім дәрежесіне сәйкес ұйымдастырылуда. Кәзір республика бойынша 40 мыңға жуық адам қатысатын 15 409 экономикалық білім үйірмесі мен мектебі бар. Бұған қатысушылар саяси экономия теориясымен бірге өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының нақты экономикасын оқиды.

Соңғы жылдары халық арасында экономикалық насихат жүргізудің басқа да көптеген жаңа формасы туып өрістей бастады. Мысалы, экономикалық семинар, экономикалық лекторий, техникалық прогресс, ауыл шаруашылығы білімінің қоғамдық университеттері, теориялық конференция, коммунистік еңбек шеберінің мектебі, өндірістік оқу, тағысын тағылар. Коммунистік еңбек шеберлері мектебінің, техникалық прогресс, ауыл шаруашылығы білімінің университеті саны Қазақстанда кәзір 872 болды және 4,5 мыңнан астам өндірістік-мамандық мектебі ұйымдастырылды.

Маркстік-лениндік саяси экономияны өздігінен оқитын коммунистердің қатары да көбейе түсуде. Бұлар көбінесе өнеркәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда, мекемелер мен ғылыми-зерттеу институттарында істейтін басшы кадрлар, инженер-техник қызметкерлер, тағы басқалар. Кәзір өздігінен оқитын коммунистердің жалпы саны 18 мың адамдай. Жергілікті партия ұйымдары бұларға Саяси оқу үйі арқылы көмек көрсетіп, консультация береді, олардың семинарларын үнемі өткізіп отырады. Мысалы, республика бойынша саяси экономияны үйренушілерге арналған 493 семинар, нақты экономиканы үйренушілерге арналған 3 358 семинар жұмыс істейді. Ендігі жерде осы семинардың идеялық-теориялық жоғары дәрежеде жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек.

Кадрлар арасындағы тәрбие жұмысын жақсартуда экономикалық конференциялар үлкен роль атқаратынын тәжірибе көрсетті. Мұндай конференция Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес биыл барлық өнеркәсіп орындарында, құрылыстарда, халық шаруашылығы советтерінде, қалаларда өткізілді. Сонымен бірге 13 жерде республикалық конференцияның өнеркәсіптік-салалық секциясы жұмыс істеп, халық шаруашылығын өркендетудің маңызды мәселелерін талқылады. Мысалы, Өскеменде кара және түсті металлургия өнеркәсібінің, Шымкентте химия өнеркәсібінің, Гурьев пен Қарағандыда отын өнеркәсібінің, Алматыда машина жасау, металл өңдеу өнеркәсібінің секциялық мәжілістері өткізілді. Республикалық экономикалық конференцияда бұлардың жұмысына қорытынды жасалды.

Жер-жерде өткен экономикалық конференциялардың жұмысына түрлі қоғамдық ұйымдардың басшылары, қоғамдық негізде жұмыс істейтін экономикалық, конструкторлық тағы басқа бюролардың мүшелері, инженер-техник қызметкерлер, халық шаруашылығы советінің басшылары, жаңашылдар мен өнертабушылар белсене қатысты.

Экономикалық конференцияларда өндіріс жұмыстарын келешекте жақсарту беруге мүмкіндік беретін нақты ұсыныстар қабылданды. Бұл ұсыныстарды іске асыру өндірістің техникасы мен технологиясын жетілдіре беруге, ғылым мен техниканың озық әдістерін өндіріске кеңінен енгізуге қол жеткізеді, экономикалық аудандар мен кәсіпорындардың барлық мүмкіндігін сарқа пайдалануға, үнем тәртібін берік сақтауға, өнімнің түсер құнын кемітуге мүмкіндік береді.

Экономикалық конференция қорытындысын, онда қабылданған нақты ұсыныстарды әрбір кәсіпорын, завод, фабрика басшылары өздерінің күнделікті ісінде ескеріп отыруға тиіс. Өйткені, мұнда бүтіндей

кәсіпорынның немесе цехтың экономикалық сапа көрсеткішін қалай жақсарту керек екені әңгіме болумен бірге өндірісті ұйымдастырудың, оған басшылық ету әдістерін жетілдірудің елеулі мәселелері жөнінен сын пікірлер айтылды, шаруашылық міндеттерді орындау жөнінен құнды ұсыныстар жасалды.

Республиканың көптеген кәсіпорнында, колхозы мен совхозында қоғамдық негізде жұмыс істейтін конструкторлық бюро, экономикалық талдау жасайтын топтар, кәсіпорнына, колхоз бен совхоз жұмысына қолқабыс тигізетін комиссиялар, техникалық прогресс кеңестері, тағы басқалар құрылды. Бұлардың қатарына инженер-техник және түрлі мамандықтағы қызметкерлермен бірге, көптеген білімді, дарынды, тәжірибелі жұмысшылар мен колхозшылар бір коллектив болып топтасып отыр. Бұлар экономикалық жұмысқа еңбекшілер бұқарасын неғұрлым көбірек қатыстыруға болатын ұйымдық форма екенін іс жүзінде көрсетті. Экономикалық насихат жүргізудің бұл тәрізді формаларын келешекте де өрістетіп беру керек.

Коммунистік еңбек кәсіпорны атағын алған В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында экономикалық білімді насихаттау, кәсіптік-техникалық оқу жақсы жолға қойылған. Комбинаттың партия комитеті 1960 жылы еңбекшілер бұқарасы арасында экономикалық насихатты өрістетудің үшжылдық жоспарын, жұмысшылардың жалпы техникалық-кәсіптік білімін көтерудің бесжылдық жоспарын жасап бекіткен болатын. Партия комитеті сонан бері алдын ала ойланып жасалған осы жоспар бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Комбинатта тек соңғы жылдар ішінде ғана 7 рет экономикалық, 3 рет теориялық конференция өткізіліп, оларда коммунистік құрылыстың түйінді мәселелері талқыланды. Қазіргі кезде комбинаттың түрлі цехтарында 110 экономикалық үйірме, 7 саяси экономия және 11 өнеркәсіптің нақты экономикасының семинары жұмыс істейді. 100-ден астам адам инженерлік білімді толықтыру мектебінде оқиды. Жетіжылдықтың алғашқы үш жылында 4 мыңнан астам жұмысшы қосымша мамандықты игерді. 2 мыңнан астам жас жұмысшы жастарға арналған мектепте оқып, білімін көтеріп жүр.

Партия ұйымының басшылығымен комбинаттың әкімшілігі өндіріске техникалық жаңалықтарды енгізуде, жұмысшылар арасында рационализаторлық, өнертабыстық ойды өрістетуде әжептәуір жұмыстар істеді. Қазір комбинатта техникалық прогреске қолқабыс тигізетін 35 тұрақты комиссия, 27 ынталы бастама көрсетушілер тобы, 5 қоғамдық конструкторлық бюро қызмет атқарады. Барлық инженер-техник қызметкерлер мен жұмысшылардың пайдалануы үшін тәжірибе шеберханасы ұйымдастырылған. Бұлар комбинаттың шаруашылық жағдайын зерттеп отырады, экономикалық жағынан тиімді деген әдістерді, прогрестік технологияны, өндіріске енгізу, озат тәжірибені кең қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Осындай іскерлікпен, байсалдылықпен, дәйектілікпен жүргізілген экономикалық насихат комбинат коллективін жақсы өндірістік нәтижелерге жеткізуде. Бұл коллектив қазірдің өзінде өндірістік жоспармен алған міндеттемелерді орындауда барлық көрсеткіш жөнінен 1965 жылға белгіленген дәрежеден асып түсті.

Партия экономикалық насихаттың пәрменді болуына, оның берген нәтижесі шаруашылық құрылыс табыстарынан нақты көрінуіне назар аударып келеді. Алайда, экономикалық насихат барлық жерде тиісті дәрежеде жүргізілмей отыр. Мысалы, Тың өлкесінің, Қарағанды, Батыс Қазақстан халық шаруашылығы советтеріне қарасты кәсіпорындарда экономикалық білімдерді насихаттайтын үйірмелер мен мектептер аз емес, өткізілген экономикалық конференциялар мен экономика-

лық тақырыптарға оқылған лекциялардың саны да жеткілікті сияқты. Осыған қарамастан, өнеркәсіп жоспарының орындалуы жөнінен бұлар әлі де болса артта қалып келеді. Биылғы жылдың 9 айында жалпы өнім өндірудің жоспары Тың өлкесі халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында 42 процент, Қарағанды мен Батыс Қазақстан облыстарының кәсіпорындарында 31 проценттен қана орындалған. Сонымен бірге Тың өлкесі кәсіпорындарының жартысынан көбі, Қарағанды облысының үштен бірі, Орал облысының төрттен бірі еңбек өнімділігін арттыру жоспарын орындамаған.

Экономикалық насихат жұмысы бұдан былайғы жерде де коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күрделі міндеттерді жүзеге асырудың пәрменді құралы бола бермек. Алайда, саяси оқу үйірмелері мен мектептерінде, экономикалық семинарларда, экономикалық насихаттың басқа түрлерінің жұмысында әлі де болса кемшіліктер бар. Партия Программасын, XXII съездің материалдарын насихаттау ісінде бірсыпыра жерде үстірттікке жол беріліп келеді. Мысалы, кейбір насихатшылар жұмысында «жалан» теорияға бой ұрушылық орын алып отыр немесе экономикалық мектептер мен үйірмелерде сабақ өткізуді жаман ұйымдастырылған өндірістік «мәжіліске» айналдырушылық тәрізді жарамсыз әдет әлі де орын алып келеді.

Жұмысшылар мен колхозшылар, интеллигенция жапа Программада баяндалған ғылыми қағида-ережелерді, экономикалық заңдылықтарды тек жай ғана жаттап алмай, олардың мән-мазмұнын терең түсініп, білгісі келетінін ескеру қажет. Демек, экономикалық насихат терең мағналы, еңбекшілер бұқарасын еңбекті сүйіп істеуге дағдыландыратындай, сапалы тәртіпке үйретерліктей, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыратындай болуы керек.

Партияның жаңа Программасы—Маркстің, Энгельстің, Лениннің революциялық теориясы дамуындағы жаңа кезең. Сондықтан да экономикалық насихатты жүргізгенде марксизм-ленинизм теориясы мен практикасының өзара тығыз байланысты дамып отырған ғылым екендігін есте ұстау қажет. Коммунистік құрылыстың жаңа кезеңінің КПСС Программасында баяндалған теориялық қағидалары: социализмнің коммунизмге ұласуының және социалистік өндіріс тәсілінің даму заңдылықтарын, коммунизм құрылысын өрістетуге дәуірінде қоғамның саяси ұйымдасуын, қоғам мүшелерінің арасында материалдық игіліктердің бөлінуі жөніндегі маркстік-лениндік қағидалары, социалистік лагерь елдерінің табыстарын, олардың бейбітшілік жолындағы күресін дәйектілікпен еңбекшілер бұқарасына түсіндіру жағына айырықша назар аударылуы қажет.

Партия Программасы—коммунизм құрылысының ғылыми негізделген нақты Программасы. Сонымен бірге ол экономикалық дамудың объективтік заңдылығына сүйеніп жасалған, революциялық күрестің ұлы жолын толық бейнелейтін тарихи документ. Мұнда коммунизм құрылысының неғұрлым маңызды экономикалық мәселелері терең сыйпатталған. «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау,—дейді Н. С. Хрущев,—өндіріс технологиясы мен мәдениетінің, оны ұйымдастырудың жаңа дәрежесіне көшуді, шоғырландыру, мамандандыру, комбинаттау және кооперативтендіру процестерін онан сайын дамытуды көздейді. Ғылым барған сайын тікелей өндірістік күшке айналады, ал өндіріс дегеніміз осы заманғы ғылымды технологиялық жолмен қолдану болады. В. И. Лениннің талай рет атап айтқанындай, коммунизмді ең жаңа техникасыз, жаңадан ашылған ғылым жаңалықтарының орнатуға болмайды».

Біз экономикалық біліммен халық бұқарасын қаруландырған кезде бұл тәрізді нақты міндеттерге назар аударуға тиіспіз. Сонда экономикалық насихат нәтижелі болмақ, әрбір кәсіпорын жеке бригада мен цех өндірістік тапсырмаларды үнемі асыра орындайтындай, өндірістің шапшаң қарқынмен дамуын қамтамасыз ететіндей, еңбек өнімділігін үздік арттыра алатындай дәрежеге жетпек.

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумынан бергі уақыт ішінде ауыл шаруашылығын алға бастыруға бағытталған бірсыпыра шара жүзеге асырылды. Партия сонымен бірге ауыл шаруашылығын басқаратын кадрлар мен мамандардың колхоз-совхоз экономикасын неғұрлым тереңірек білуін талап етіп отыр. Бұл заңды да. Өйткені, ауыл шаруашылығы экономикасын жақсы білмей тұрып, колхоз-совхоз өндірісіне іскер басшылық жасауға да, оның мол резервтерін сарқа пайдалануға да болмайды. Ауыл шаруашылығы алдында тұрған зор міндеттерді—колхоз, совхоз өндірісінің ұйымдастырылуын жақсарту, жердің, техниканың, өндірістің басқа да құралдарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, жоспарлы экономиканың барлық артықшылығын пайдалана білу міндеттерін экономиканы жақсы білетін, қаржыны есеппен ұстау, колхоз-совхоз өндірісіне экономикалық талдау жасау қолынан келетін іскер кадрлар ғана орындай алады.

Кәзірде барлық жерде ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикасы жөнінде үйірмелер мен мектептер, семинарлар ұйымдастырылуда. Бұларды басқару, оларда сабақ беру, лекция оқу, баяндама жасау үшін тәжірибелі партия, совет қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары, еңбек озаттары, таңдаулы экономистер жұмылдырылуда.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі жақында республика колхоздары мен совхоздарында механизатор кадрларын даярлау жөнінде арнаулы қаулы қабылдады. Екіншіліктің тағдырын машиналар шешетін кәзіргі жағдайда, егіс көлемі едәуір ұлғайған Қазақстан үшін техниканың тілін білетін, оның барлық мүмкіндігін сарқа пайдалана алатын механизатор кадрларды жаппай даярлаудың маңызы ерекше зор. Сондықтан да бұл жұмыс тиянақты ұйымдастырылып, қала мен село жұртшылығының техниканы жете меңгеру жөніндегі талабына сай келуі керек.

Партия коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы зор шаруашылық міндеттерді халыққа тәрбие беру ісімен тығыз ұштастыру керек деп үйретеді. «Коммунистік экономиканың орнығуы, қоғамдық қатынастардың дамуы, жаңа адамның қалыптасуы—өзара байланысты процестер—дейді Н. С. Хрущев жолдас.—Егер экономика адамдардың әлеуметтік қатынастары мен санасын өзгертудің негізі болатын болса, қоғамдық қатынастардың дамуы, адамның коммунистік идеологиясының, мәдениеттілігі мен белсенділігінің артуы экономикалық прогрестің қажетті шарты болып табылады».

Еңбекшілер бұқарасына, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлеріне, әсіресе басшы кадрларға, экономикалық білім беру, экономикалық насихаттың идеялық дәрежесін барынша арттыру, сол негізде еңбекшілер бұқарасын коммунистік құрылыстың күрделі міндеттерін орындауға жаппай жұмылдыру—жергілікті партия ұйымдарының аса жауапты да ардақты міндеті.

Еңбекшілердің тұрмыс қажеті мінсіз өтелсін

Т. УӘШЕВ,

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі

Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасында коммунистік құрылыстың негізгі міндеттерінің бірі—совет халқының әлауқатын арттыра отырып, олардың өскелең материалдық талап-тілегін, тұрмыс қажетін таяу жылдарда толық өтеу деп көрсетілген.

Партияның XXII съезінде жасаған есепті баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас еңбекшілерге тұрмыс жағынан қамқорлық жасауды айта келіп, былай деді: «Тұрмыс жағынан қызмет көрсету мәселесі ұсақ-түйек, екінші кезектегі мәселе емес. Адамдардың көңіл күйі, олардың еңбегінің өнімділігі көбінесе оның тұрмыс жағдайының қандай екеніне, оған қызмет көрсету мәдениеті дәрежесінің қандай екеніне байланысты болады».

Адамзат тарихында тұңғыш коммунистік әділ қоғам орнатып жатқан совет адамдарының тұрмыс күйі жоғары болуы шарт. Сондықтан Коммунистік партия «барлығы да адам үшін, барлығы да адам игілігі үшін» деген ұлы идеяны өз саясатының өзегі етуде. Коммунизм құрылысы кең өрістеп жатқан кәзіргі кезеңде халықтың өскелең қажетін өтеу үшін партия мен үкімет халық тұтынатын товарларды көптеп шығаруды қолға алып отыр.

Осыған орай соңғы жылдары біздің республика еңбекшілерінің де тұрмыс қажетін өтеу жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Қазақстанда кең көлемде тың жер игерілуге байланысты, партияның шақыруымен, өз жүрегінің әмірімен жүздеген мың патриот келді. Осыған орай республикамызда ондаған жұмысшы поселкесі орнап, жүздеген совхоз құрылды. Міне, мұның бәрі бізден, жергілікті өнеркәсіп қызметкерлерінен еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарды көбейтуді, олардың қызметін жақсартуды талап етті.

Еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеуді жақсартуға КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Соетінің 1959 жылы «Еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту шаралары туралы» қабылдаған қаулысының зор маңызы болды. Осы қаулыны басшылыққа алған жергілікті өнеркәсіп министрлігі партия, совет ұйымдарының көмегімен тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардың жүйесін кеңейтіп, еңбекшілерге қызмет етудің жаңа түрлері мен әдістерін қолдана бастады.

Егер республика бойынша еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардың саны 1959 жылы 3 150 болса, биыл ол 4 055-ке жетті. Соңғы үш жарым жылдың ішінде жаңадан 280 кәсіпорын, оның ішінде: 15 сән ательесі, 95 павильон, 66 шеберхана, аяқ киім жөндейтін және киімді химиялық әдіспен тазалайтын бірнеше фабрика іске қосылды.

Еңбекшілердің тұрмысына байланысты талап-тілектерді ойдағыдай өтеу үшін бірнеше ірі кәсіпорын жанынан қабылдау пункттері ұйымдастырылды. Мысалы, Алматы қаласындағы киім тазалайтын фабриканың 19, аяқ киім жөндейтін фабриканың 28, сол сияқты Алматы облысының аудандарында 8 қабылдау пункті бар. Қарағанды қаласындағы аяқ киім жөндейтін фабрикада 20, Семейдегі киім тазалайтын фабрикада 5 қабылдау пункті бар. Алматыда, сол сияқты облыс орталықтарында үй жиһаздары—кір жуғыш машина, шаңсорғыш, тоңазытқыш,

мебель жөндейтін шеберханалар көбейді. Күрделі үй жиһаздарын шеберлер үй-үйге барып та жөндейді. Сондай-ақ көптеген облыс орталықтары мен өнеркәсіпті қалаларда еңбекшілердің жеке меншігіндегі жеңіл автомашиналарды, мотоциклдерді, мүгедектер машиналарын, велосипедтерді, тігін машиналарын жөндеуден өткізе алатын шеберханалар бар.

Эстетикалық талғамы күн сайын өсіп отырған совет адамына жарасымды да сәнді киім тігудің мәні ерекше. Әсіресе, балалар киіміне қойылатын талап жоғары. Міне, осыны ескере отырып, республика қалаларында арнайы мамандандырылған сән ательелері ашылды. Алматы мен Қарағандыда балалардың сән ательесі, қалған қалаларда балалар киімін тігетін цехтар жұмыс істейді.

Көптеген сән ательелері жанынан жұртшылыққа киімді өлшеп, тішіп беретін «Өздеріңіз тігіп киіңіздер» деген цех ұйымдастырылды. Сондай-ақ ательелер мен шеберханаларда жұртшылықтан заказ алу, дайын киімді беру кешкілікте және демалыс күндері атқарылатын болды. Көптеген ательелер мен шеберханалар екі кезекпен, бригадалық әдіспен жұмыс істеуге көшірілді. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға, киімнің сапалы болуына жағдай жасауда. Сонымен бірге жеке адамдардың заказы бойынша киім тігетін ательелер соңғы модамен тігілген жақсы киім үлгілерін көпшілікке көрсету мақсатымен Алматыда, бірсыпыра облыс орталықтарында қалалық көрмелер ұйымдастырып жүр. Мысалы, үстіміздегі жылдың 9 айында мұндай көрмелер Алматыда 4 рет, Семейде 2 рет, Қарағандыда 3 рет өткізілді. Ондай көрмелерде сәнмен әсем тігілген киімдердің 410-дай түрі жұртшылық таңдауына ұсынылды.

Республикамызда еңбекшілерге қызмет көрсетудің жаңа түрлері көптеп енгізілуде. Мәселен, киім, аяқ киім тігетін, жөндейтін ательелер мен шеберханалардың өкілдері ірі-ірі кәсіпорындарға, жатақханаларға, қарт пенсионерлер үйлеріне барып заказ қабылдайды, оны кейін иесіне апарып береді.

Тек Алматы қаласындағы еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтейтін басқарманың кәсіпорындары бірінші жарты жылдықта 12 мың рет кәсіпорындарға, жатақхана, үйлерге барып осындай заказды орындады.

Соңғы уақытта ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне қолма-қол егіс қосы басында, мал жайылымдарында қызмет көрсетіле бастады. Құрамында шаштараз, фотограф, киім тігуші, аяқ киім жөндеуші шеберлері бар жылжымалы бригада дихандар мен малшылар арасына жиі шығып тұрады. Биыл жергілікті өнеркәсіп орындары осындай 159 бригада ұйымдастырды, оның 84-і Тың өлкесінде жұмыс істеді.

Еңбекшілердің мәдениетті дем алуы үшін, жұмысшы, қызметші әйелдердің үйдегі шаруасын жеңілдету мақсатымен биыл Алматының еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсететін басқармасы қалада жұртшылыққа қызмет көрсету бюросын ұйымдастырды. Бюро—үй тазалауға, кір жууға, үй жиһаздарын жинауға, қағып-сілкуге, киім-кешектерді жуып, жамап-жасқауға, өтектеуге көмектеседі. Сондай-ақ шет тілдерден аударма жасауға, машинка басуға үйретеді. Жаңа мекеменің жұмысы мұнымен де шектелмейді. Бюро қызметкерлері кино, театрларға баратын адамдардың балаларын уақытша күтіп береді. Астана тұрғындары бұл бюроның қызметін ұнатып отыр. Жаңа мекеменің алғашқы жұмыс жайына талқылаған біздің министрліктің коллегиясы өзінің жергілікті орындарына осындай бюроларды жер-жерде ұйымдастыруды тапсырды.

Жергілікті өнеркәсіп орындарының халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелері ұлғайғанымен, жұмысымызда әлі де елеулі кемшіліктер бар.

Қазақстан халықтың тұрмыс қажетін өтеу көлемі жағынан жан басына шаққанда басқа одақтас республикалардан көп кейін, оныншы орында келеді. Осы уақытқа дейін біз тұрмыс қажетін өтеу көлемі және олардың негізгі түрі жөніндегі жоспарды орындай алмай келдік. Жергілікті өнеркәсіп жүйесінде тұрмыс қажетін өтеудің жалпы мөлшері жөніндегі биылғы жылдың 9 айлық жоспары небәрі 88,1 процент қана орындалды.

Халықтың тұрмыс қажетін өтеуде жергілікті өнеркәсіптің Тың және Батыс Қазақстан өлкелеріндегі, Семей, Шымкент облыстарындағы кәсіпорындары қанағаттанғысыз жұмыс істеп отыр. Жергілікті өнеркәсіп басқармаларының көп жағдайда халыққа көрсетер қызметінің басымы—жеке кісілерге киім тігу ғана болып жүр. Тұрмыс қажетін өтеудің басқа түрлеріне көңіл аз бөлінеді. Мысалы, жергілікті өнеркәсіптің Қызылорда облыстық басқармасы жұртқа көрсеткен қызметінің ішінде киім тігу 47 процент, аяқ киім жөндеу 3,3 процент, киім кешекті жамап-жасқау 5,9 процент, киімді химиялық әдіспен тазалау 0,53 процент қана болды. Қарағанды облысындағы жағдай да мәз емес. Мұнда тұрмыстық қызмет көрсетудің жалпы көлемі ішінен—киім тігу 53,5 процент, аяқ киім жөндеу 4,7 процент, мебель жөндеу 0,38 процент, киімді химиялық әдіспен тазалау 0,28 процент қана.

Көптеген облыстық басқармалардың тұрғын үй жөндеумен ісі жоқ, ал Гурьев, Орал, Қызылорда, Шымкент облыстарында күні бүгінге дейін бұл жұмыс қолға алынбаған. Бірсыпыра басқармалар мебель жөндейтін шеберханалардың жайын қадағаламайды. Мәселен, Қызылорда облыстық басқармасы мебель жөндеу жөніндегі жарты жылдық жоспарды тек 10 процент, Ақтөбе облыстық басқармасы тек 16,6 процент, Қарағанды облыстық басқармасы 25 процент қана орындады.

Бірсыпыра басқарма халыққа қызмет көрсетуге керекті жаңа әдістерді игеруге тиісінше көңіл бөлмейді. Алматы, Павлодар, Ақтөбе, Көкшетау облыстарында тері-терсек, тоқыма бұйымдарды өңдеу ұйымдастырылмаған. Көп жағдайда киім, аяқ киім тігу, жөндеу халықтың талап-тілегіне сай болмай жүр.

Тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардың орналасуында да кемшіліктер бар. Көп қалада тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар орталық көшелерде болады да, қаланың шет жағындағы тұрғындарды қамти алмайды. Ал, Павлодар мен Целиноград қалаларындағы тұрмыс қажетін өтейтін мекемелер қолхоз базарының маңына шоғырландырылған, шет жақта жалғыз-жарым шеберханалар ғана кездеседі. Мұның өзі, бір жағынан, бұл кәсіпорындарының жұмысын бақылауға қиындық келтірсе, екіншіден, олардың өз бетінше олжа түсіруіне қолайлы жағдай жасайды.

Тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарды көбейтуге облыстық совет атқару комитеттері көмектесуі керек. Бірақ іс жүзінде бұлай болмай отыр. Мысалы, Гурьев, Қызылорда, Көкшетау, Семей облыстық совет атқару комитеттері соңғы үш жарым жыл ішінде жергілікті өнеркәсіп мекемелеріне бірде-бір үй берген жоқ. Қайта тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорын үшін арнайы салынған үйлерді басқа мақсатқа пайдалану фактілері бар. Мысалы, Ақтөбе қалалық совет атқару комитетінің шешімі бойынша тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорын үшін салынған төрт үй басқа мекемелерге берілген. Соның кесірінен жергілікті өнеркәсіптің Ақтөбе облыстық басқармасы 18 үйді жалға алып отыр. Мұндай фактілер Шымкент, Жамбыл, Алматы, Қызылорда облыстарында да кездеседі. Кейбір министрліктер мен ведомстволар жер-жерде жергілікті өнеркәсіп орындары болуына карамастан, сондай мекемелерді қоса-қабат қатарластырып ашып отыр. Мысалы, Алматы қаласында тұрмыс қажетін өтеуге мамандандырылған кәсіпорындармен қатар Сауда министрлігінің сән ательесі, Алматы халық шаруашылығы

советінің тоқыма киімдер ательесі, Қазақ темір жолының жұмысшыларды жабдықтау басқармасының киім тігетін, сағат жөндейтін шеберханалары, «Динамо» спорт қоғамының фотографиясы бар.

Алматы, Қостанай, Семей облыстарында жергілікті өнеркәсіпорындарымен қатарлас Коммуналдық шаруашылық министрлігіне қарайтын тігін, аяқ киім шеберханалары жұмыс істейді. Жергілікті өнеркәсіп мекемелерімен бірге Сауда және Байланыс министрліктерінің тоназытқыш, телевизор жөндейтін кәсіпорындары да бар.

Бұл сияқты бірнеше кәсіпорынның «қатарласуы» тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартпайды, қайта механикаландырылған ірі фабрика, цех, шеберхана ашуға, кәсіпорынның жұмысын бақылауға кедергі келтіреді. Біздің ойымызша, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарды бір жүйеге келтіріп, экономикалық жағынан тиімді түрде ұйымдастырған жөн.

ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің осы жылғы 10 августтағы «Еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес 1963—1965 жылдар ішінде жергілікті өнеркәсіп жүйесінде халыққа қызмет көрсетудің жалпы көлемін биылғы жоспарда көрсетілгендегіден 1,5 есе көбейту көзделген. Міне, осыған орай, біздің республикада 250 жаңа кәсіпорын салу жоспарланып отыр. Оның ішінде 127 комбинат пен сән ательесі, 62 павильон, киімді химиялық әдіспен тазалайтын 16 фабрика тағы басқа кәсіпорындар бар.

Партияның Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысы партия, совет орындарына таяудағы жылдар ішінде еңбекшілердің тұрмыс қажетін толық өтеу міндетін жүктейді. Партия, совет, кәсіподақ ұйымдарына жергілікті жерде халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жай-жапсарын егжей-тегжейлі біліп отыру, бұл мәселені партия комитеттері пленумдары мен еңбекшілер депутаттары советі атқару комитеттерінің сессияларында қарап отыру тапсырылды.

Осы қаулының негізінде одақтас республикалардың Министрлер Советіне, еңбекшілер депутаттарының өлкелік, облыстық, қалалық совет атқару комитеттеріне 1963 жылдан бастап тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарды көбейтуге, олар үшін жаңадан үйлер салуға, оған керекті құрал-жабдықты сатып алуға жоғарыда аталған кәсіпорындардың өздері жинаған қаржысын (кәсіпорын қорынан басқасын) жұмсауына право берілді. Мұның өзі—Коммунистік партия мен Совет үкіметінің еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартуға жасаған зор қамқорлығының тағы бір тамаша көрінісі.

Экономикалық тиімділік үшін күрес—маңызды міндет

А. ВЕНЗОВСКИЙ,

Қазақ ССР Жоспарлау комиссиясының машина жасау өнеркәсібі экономикасы мен жоспарлау бөлімінің бастығы

Жуырда Алматы қаласында республикалық экономикалық конференцияның машина жасау өнеркәсібінің секциясы болып өтті. Секцияның жұмысына халық шаруашылығы советтерінің басшылары, машина жасау заводтарының директорлары мен бас инженерлері, партия және кәсіподақ қызметкерлері, республиканың жоспарлау комиссиясының, ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері қатысты.

Секция мәжілістерінде машина жасау экономикасына байланысты бірнеше баяндамалар тыңдалды. Олардың ішінде экономика ғылымының кандидаты В. Н. Пурицтің «Еңбек өнімділігін арттырудың резервтері», Шымкент пресс-автомат заводының директоры А. Н. Гришковтың «Кәсіпорын жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуда конструкторлық және технологиялық қызметтің ролін арттыру», Алматы ауыр машина жасау заводының жоспарлау бөлімінің бастығы С. Я. Привманнның «Өнімнің түсер құнын кеміту жолдары» тақырыпта маңызды баяндамалар бар.

Секцияда баяндамашылар мен сөйлеушілер барлық машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыру, кәсіпорын жұмысының экономикалық көрсеткіштерін жақсарту, ауыр өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп үшін машиналар мен жабдықты шығаруды арттыру, халық тұтынатын товарларды өндіруді ұлғайту үшін резервтердің аса мол екенін атап көрсетті. Сонымен бірге олар Қазақстанның машина жасаушылар коллективі бүкіл совет халқымен бірге жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындау жолындағы бүкілхалықтық күреске белсене қатысып отырғанын баяндады. Бұған республика машина жасаушыларының үстіміздегі жетіжылдықтың алғашқы жартысында қол жеткен игі табыстары кепіл.

Біздің республикада жетіжылдық жоспар бойынша машина жасау өнеркәсібін бұдан былай да шапшаң өркендету міндеттері белгіленген болатын. Мәселен, егер бүкіл еліміз бойынша машина жасау өнімдері шамамен екі есе өсетін болса, Қазақстанда 3,8 есе өспекші. Қазіргі кезде Қазақстанның машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінің қарамағында халық шаруашылығы советтеріне қарасты 68 кәсіпорын және министрліктер мен ведомстволарға бағынышты 70-тен астам кәсіпорын бар.

Жетіжылдықтың өткен үш жарым жылы ішінде республика машина жасау өнеркәсібі тапсырманы 14,3 процент артығымен орындады. Оның ішінде прокат жабдығы, ауылшаруашылық машиналарын, автомобиль мен тракторға запас бөлшектер, аспаптар мен автоматтандыру құралдарын шығару едәуір өсті. Ал, үстіміздегі жылы машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі жалпы өнім шығару жөнінде 1958 жылғы дәрежеден екі есе асып түседі.

Алайда, кәсіпорындардың бәрі бірдей жетіжылдық тапсырманы ойдағыдай орындап отырған жоқ. Секцияға қатысушылар мұны ерекше атап көрсетті. Әсіресе бізде кейбір заводтардың шығаратын өнімде-

рінің сапасы өте төмен, кәсіпорындарының жұмысы бірқалыпты емес, көптеген кәсіпорынның басшылары рационализаторлық және өнертапқыштық мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмейді, орынсыз шығынға әлі де болса жол беріліп келеді. Үстіміздегі жылы өнеркәсіп орындарының 17 проценті жоспарды орындай алмай отырғанын ерекше атап көрсетуге тура келеді.

Жетіжылдықтың бірінші жартысында өнім шығару жоспарының ойдағыдай орындалуы бізді тоқмейілісітпеуге және жетіжылдықтың екінші жартысындағы белгіленген жоспарды орындауға деген жігерді сәл де болса бәсеңсітпеуге тиіс. Ал, бұл екінші жартыдағы белгіленіп отырған міндет бұрынғыдан зор. Мәселен, жалпы өнім өндірудің көлемі жетіжылдықтың алғашқы жартысынан 2,1 есе артық болып белгіленіп отыр. Егер жетіжылдықтың алғашқы жартысында өнім шығару жыл сайын орта есеппен 18 проценттен өсіп отырған болса, екінші жартыда 23 проценттен өсуге тиіс.

1962—1965 жылдарда өнім шығаруды едәуір дәрежеде арттыру мәселесі жаңадан салынып жатқан кәсіпорындарда жаңа өндіріс қуаттарын іске қосуға тікелей байланысты болып отыр. Осы жаңа өндіріс қуаттарын іске қосу мен өнім шығару жөнінде белгіленген тапсырманың орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан машина жасаушылары мен құрылысшылары бірлесе отырып, орасан зор күш-жігерманын орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан машина жасау-өнеркәсібіне 89,5 миллион сом қаржы жұмсалды, мұның өзі 1952—58 жылдардағы өткен жетіжылдықта жұмсалған қаржыдан анағұрлым артық.

Жетіжылдықтың алғашқы жартысында Өскемендегі конденсатор және аспап шығару заводының құрылысы, «Востокмашзаводтың» болат құю цехы негізінен аяқталып, іске қосылды. Сонымен бірге Павлодар машина жасау заводында, Кентау экскаватор және трансформатор заводында бірнеше өндіріс қуаттары іске қосылса, ал Шымкент пресс-автомат заводы мен Қарағандының Пархоменко атындағы заводы және басқаларында бұл қуаттар анағұрлым арттырылды. Машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібіне жұмсалған қаржы республикада өнеркәсіптік тоңазытқыш қондырғыларды, трансформаторлар мен экскаваторларды, металл кесетін станоктарды, жоғары және төменгі вольтті аппаратураларды, құрылыс және автомобиль крандарын, өздігінен жүретін астық тиегіштерді, трактор тіркеуіштерін, ауылшаруашылық машиналары үшін түрлі запас бөлшектерді, тағы басқаларын топтап шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Осыған карамастан, республика бойынша машина жасау өнеркәсібінде күрделі құрылыс жоспары жылдан жылға орындалмай келе жатқанын қынжылып айтуға тура келеді. Өткен үш жарым жыл ішінде осы құрылысқа бөлінген күрделі қаржы нәбері 80 процент қана игеріліп отыр. Әрине, бұл төзбестік жағдай. Көптеген объектілерде бөлінген қаржыны жұмсауға немкеттілікпен қараушылық әлі де байқалады. Оның үстіне материалдық және адам күші резервтерін бытыратып алушылық тиылмай келеді. Сонымен бірге салынып жатқан объектілерді іске қосуға жауаптылық барлық жерде бірдей емес. Міне, осындай берекесіздіктің салдарынан күрделі құрылысқа бөлінген қаржы ұтымды пайдаланылмай, құрылыс қарқынының төмендеуіне әкеліп соғып жүр.

Сонымен қатар құрылыс мерзімінің тым ұзақтығы, ал ол біткеннен кейін де жеке объектілерді іле-шала іске қоспау көптеген кәсіпорындарын қолайсыз жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр етуде. Мұның өзі жіптес цехтардың өндірістік қуатын өрістетуді тежейді. Мысалы, Өскемен машина жасау заводының механика құрастыру цехы төрт жылдан бері салынып келеді. Мұның өзі дайындау цехтарындағы жа-

салған өндіріс қуаттарын пайдалануға көпе-көрінеу кедергі болып отыр. Егер осы цех қысқа мерзім ішінде іске қосылатын болса, онда бұл жалпы өнім шығаруды жыл сайын 5—6 миллион сомға арттыруды қамтамасыз етер еді. Орал арматура заводындағы шойын құю цехының жағдайы да тал осындай. Бұл цех та үш жылдан астам уақыттан бері әлі салынып бітпей келе жатыр. Сол себепті арматура шығаруды өрістетуге мүмкіншілік болмай отыр. Осы цех іске мезгілінде қосылса, онда арматура шығару бірнеше есе өскен болар еді.

Ол ол ма, машина жасау өнеркәсібіндегі күрделі құрылыс жоспарының үнемі орындалмауы салдарынан жетіжылдық жоспар бойынша белгіленген жаңадан салынатын 14 заводтың құрылысы жыл сайын кейінге қалдырылуда. Жетіжылдықтың алғашқы жартысында 43 заводтың құрылысы басталып, ішінара оның қуаты іске қосылуға тиіс еді, бірақ соның бірде-біреуі күні бүгінге дейін қолға алынбай отыр.

Ал енді осы салынбаған заводтардың үлесіне тиетін жалпы өнім көлемін қандай жолмен толтыруға болады? Бұл үшін, ең алдымен, машина жасау және металл өңдеу заводтарындағы барлық ішкі резервтерді түгелдей іске қосу қажет. Бұлар: кәсіпорынның сменалық коэффициентін арттыру және қолда бар жабдықты пайдалануды жақсарту, негізгі және көмекші жұмыстарды толық механикаландыру мен автоматтандырудың дәрежесін күрт көтеру, конструкторлық және технологиялық қызметтің ролін арттыру, жаңа техника мен прогрессивті технологияны тезірек енгізу, тағы басқалар. Осыған байланысты бұдан былайғы жерде бөлінген күрделі қаржыны, материалдық және адам күші ресурстарын толық пайдалануды әрбір кәсіпорын өзінің басты міндеті деп түсінуі қажет.

Пайдаланылмай жатқан өндірістік қуат тәрізді резервтер көптеген заводтарда бар. Сол резервтерді дұрыстап пайдаланған күннің өзінде күрделі қаржыны оншама көп жұмсамай-ақ өндіріс қуатының өсуін едәуір дәрежеде арттыруға болар еді. Бұл жөнінде мынандай бір-екі мысал келтіруге болады: Шымкент пресс-автомат заводында толық қуатында пайдаланылмайтын көптеген ескі станоктар бар. Міне, осындай станоктарды 18 жаңа станокпен алмастыру арқылы ғана кәзіргі өндірістік алаңның өзінде заводтың өндірістік қуатын 7 процент арттыруға мүмкіндік бар. Сол сияқты Өскемен машина жасау заводында көршілес жылу орталығынан бу жалғастырудың өзі орасан зор тиімді іс екенін ескермеуге болмайды.

Өндірістік қуатты толық пайдаланылмауы кәсіпорынның негізгі қорын тиімсіз пайдалануға әкеліп соқтыруда. Машина жасау өнеркәсібіндегі аса елеулі ішкі резервтің бірі цехтар мен кәсіпорынның жұмысындағы сменаны көбейту болып табылады. Қазақ ССР Орталық статистикалық басқармасының мәліметі бойынша машина жасау өнеркәсібінде 1962 жылдың 1 январына сменалық орташа коэффициент 1,42 болды.

Үстіміздегі жылдың август айында Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Тын өлкелік халық шаруашылығы советтерінің машина жасайтын 12 кәсіпорнында арнайы тексеру жүргізілді. Осы тексерудің қорытындысында металл өңдейтін жабдықтың өте нашар пайдаланыны ашылды. Тіпті көптеген кәсіпорында металл өңдейтін жабдық іске қосылмай, ұзақ уақыт бойы бос тұрып қалады. Мұндай жағдай Өскемен, Қарағанды машина жасау заводтары мен Алматы ауыр машина жасау заводында көп кездеседі.

Жабдықты пайдалануды дұрыс тәртіпке келтіру үшін халық шаруашылығы советтері мен кәсіпорындары цехтардағы бүкіл жабдықтың құрамын қысқа мерзім ішінде қайта қарап, оларды тәртіпке келтіруге тиіс. Егер басы артық жабдық болатын болса, оны басқа бір цехқа пайдалану үшін беру керек те, ал босаған алаңға басқа қажетті

станоктарды орнату керек. Сөйтіп, қалай да әрбір жабдықты өз орнында және ұтымды пайдалана отырып, өндіріс қуатын онан әрі арттыра берудің жолын іздестіру—кәсіпорынның күнбе-күн қамқорлық жасап, ерекше назар аударатын басты мәселесі.

Секцияға қатысушылардың өте-мөте мән беріп, тоқталған мәселесі машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін тынбай арттыру мәселесі болды. Бұл салада да қол жеткен азды-көпті табыс жоқ емес. Дегенмен, кәзіргі қойылып отырған талап тұрғысынан қарасак, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде әлі де болса өтелмей жатқан борышымыз мол екенін ескерген жөн. Республика халық шаруашылығы советтерінің қарамағындағы машина жасау өнеркәсібінде еңбек өнімділігі өткен үш жарым жыл ішінде 28,1 процент артты. Бірақ осыған қарамастан, оның қарқыны жетіжылдықтың бақылау цифрларында белгіленген қарқыннан әлдеқайда кейін қалып келеді. Сондықтан еңбек өнімділігін арттырудың барлық шарасын мықтап қолға алу керек.

Еңбек өнімділігін арттырудың маңызды бір резерві—еңбек нормалауды жетілдіре беру. Халық шаруашылығы советтері мен кәсіпорындар еңбекті нормалауды тәртіптеу жөніндегі басталған жұмысты онан әрі батыл өрістете беруге тиіс. Ол үшін бір мамандықтағы жұмысшылардың еңбек нормасындағы ала-құлалықты жою керек. Сонымен бірге көмекші және қосалқы шаруашылықтағы жұмысшылар еңбегіне ақы төлеу ісін тәртіптеуге де айрықша назар аударған жөн. Кейде бізде негізгі мамандықтағы жұмысшылардың алатын ақысынан қосалқы жұмыста жүрген жұмысшылардың алатын ақысы анағұрлым жоғары болып келеді. Бұл жақсы емес.

Еңбек өнімділігін өсірудің артта қалуына өндіріс жұмыстарын механикаландыру дәрежесінің төмендігі, жаңа техника мен прогрессивті технологияны ендірудің жолға қойылмауы, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың нашарлығы негізгі себеп болып табылады. Мәселен, республиканың машина жасау өнеркәсібіндегі жұмысты механикаландыру дәрежесі кәзір Совет Одағы бойынша алғанда орта дәрежеден төмен болып отыр. Шығыс Қазақстан халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында жұмысты механикаландыру дәрежесі небәрі 32,5 процент қана. Сол сияқты басқа заводтарда да жұмыстың 71 проценті әлі күнге дейін қолмен атқарылып келеді. Әрине, мұндай жағдайда еңбек өнімділігін жетіжылдық жоспарда белгіленген талапқа сай арттыру мүмкін емес.

Секция жұмысына қатысушылар машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындарының жұмысындағы техникалық-экономикалық көрсеткіштерді онан әрі жақсарту беру жөнінде нақты ұсыныстар енгізіп, жетіжылдық жоспардың тапсырмаларын абыроймен орындауды қамтамасыз ететін өндірістің ішкі резервтерін толығымен пайдаланудың жолдарын белгіледі.

Өнімнің түсер құны— өндіріс айнасы

Р. ҚУАТОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Халық шаруашылығының басқа салалары сияқты ауыл шаруашылығында да еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту іргелі мәселе болып отыр. Өйткені, ауыл шаруашылығын өркендету—коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың құрамды бөлігі болып саналады. Сондықтан да колхоздар мен совхоздар ауылшаруашылық өнімдерін халықтың керексінуінен артық өндірумен бірге әр центнер астық, әр центнер ет, әр центнер сүт және басқа өнімдерді өндіруге жұмсалатын еңбек пен қаржыны үнемдеу үшін де күресулері қажет.

Партия мен үкіметіміз өнімнің түсер құнын кемітуді халық шаруашылығының өзекті мәселелерінің бірі деп есептейді. Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау осы мәселеге тығыз байланысты. Сондықтан да еңбек пен қаржыны мейлінше аз жұмсай отырып, өнімді неғұрлым көп өндіру—коммунистік құрылысты кең өрістетуді дәуірінде ауыл шаруашылығын өркендетудің негізгі бағытының бірі.

Өнімнің түсер құнын кеміту ауылшаруашылық өнімдері бөлшек сауда бағасын арзандатуға мүмкіндік береді, әрі социалистік қор жинауға көмектеседі. Әсіресе, социалистік қор жинауда жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысынан алынатын салықтарды азайтуға байланысты өнімнің түсер құнын кемітудің үлесі арта түседі. Міне сонда халық шаруашылығынан түсетін табыстар социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірісті дамытуға және әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруға жұмсалатын қаржыларды қорландыруда бірден бір қайнар көз болып қалады.

Н. С. Хрущев жолдас былай дейді: «Ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы неден құралады? Ол колхоздар мен совхоздардың өнім өндіруге жұмсалған шығындарынан, яғни түсер құннан құралады, оған ұйымдастыру және сауда шығындары, өндірісті ұлғайтуға жұмсалатын белгілі қорлар қосылады».

Өнімнің түсер құнын кеміту ауыл шаруашылығы өнімдерінің бөлшек сауда бағасын арзандатуға мүмкіндік береді.

Өнімнің түсер құны—колхоздар мен совхоздардың және басқа социалистік кәсіпорындарының жұмыс сапасының қандайлық дәрежеде екенін бейнелейтін экономикалық елеулі көрсеткіш. Әрбір шаруашылықта өндіріс жұмыстарын механикаландыру, еңбек пен өндірісті тиімді ұйымдастыру дәрежесі қандай екенін өнімнің түсер құнынан көруге болады.

Колхоздар мен совхоздарда еңбекті дұрыс ұйымдастыру мәселесі—кәзіргі уақытта басты мәселелердің бірі,—деді Н. С. Хрущев жолдас КПСС Орталық Комитетінің үстіміздегі жылғы март Пленумында жасаған баяндамасында.—Еңбектің жақсы ұйымдастырылуының өлшемі—колхоздар мен совхоздар өндіретін өнімнің саны, сапасы және түсер құны, ал дәлірек айтсақ, өнім өлшемін өндіруге жұмсалатын еңбек шығыны болып табылады. Бұл шебер басшылықты айнадай көрсететін өлшем болуға тиіс. Өнімнің түсер құны—колхоздар мен совхоздардың басшыларына, сондай-ақ өндіріс басқармалары қызмет-

ерлеріне берілетін мінездеме. Әрбір өнім өлшемін өндіруге жұмсалатын еңбек пен қаржының ақшалай көрінісі де өнімнің түсер құнын сыпаттайды. Сондықтан да түсер құн шаруашылықтың әрбір центнер өнімді өндіруге қанша еңбек пен қаржы жұмсайтындығын көрсетеді. Міне, соған қарап шаруашылықтың қай саласының тиімді келетіні анықталады. Өнімнің түсер құны жұмсалған еңбек пен қаржының шығындарынан құралатындықтан, түсер құнды кеміту еңбек пен затқа айналған еңбекті үнемдеудің ақшалай көрінісі болып табылады.

Елімізде кәзір өндіріліп отырған ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құнын біршама кемітудің өзі қаржыны едәуір мөлшерде үнемдеуге мүмкіндік береді. Мәселен, республикамыздың колхоздары мен совхоздарында ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны бір процентке кемітілген болса, жылына кем дегенде 15 миллион сом қосымша таза табыс алынған болар еді. Оның ішінде астықтан 7 миллион сом, ірі қара өнімдерінен—үш миллион сом, қой шаруашылығынан—екі жарым миллион сом таза табыс түсер еді. Мұның өзі республика колхоздарында бір жылда өндірілетін қант қызылшасының түсер құнына тең болады деген сөз. Ал, үнемделген осы 15 миллион сом қаржыға республика колхоздары мен совхоздары бір миллион қой сиятын 1 500 қора салып алған болар еді.

Өндіріс шығындары шамамен 500 мың сом болатын әрбір колхоз бен совхоз өнімнің түсер құнын бір процент кемітуден жыл сайын бес мың сом қосымша таза табыс түсірген болар еді. Мұндай қаржыға екі «ДТ-54» тракторын сатып алуға болады.

КПСС XXII съезі шешімдеріне сәйкес ауылшаруашылық өнімдері молшылығын жасау міндеттерін орындау кәзірде қауырт қолға алынуда. Таяу жылдар ішінде бұл жөнінде ірі көрсеткіштерге жету жолында елеулі қадам жасау мен бірге өнімнің түсер құны да анағұрлым арзандатылуға тиісті. Мысалы, 1957 жылға қарағанда жетіжылдық соңында елімізде астықтың түсер құнын кем дегенде 30 процентке, етті—19 процентке, сүтті—23 процентке, жүнді—8 процентке, мақтаның түсер құнын 20 процентке кеміту белгіленіп отыр. Осыған орай егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің түсер құны республикамызда да белгілі дәрежеде кемітілмек.

Партия мен үкіметтің алға қойған бұл аса зор міндеттерін жүзеге асыру үшін колхоздар мен совхоздар бірсыпыра нақты шаралар белгілеуде. Ең алдымен шаруашылыққа бекітілген жерден мүмкіндігінше жоғары өнім алуды қамтамасыз ету жағын көздеуге, шаруашылықты есеппен тиімді жүргізуге, барлық мүмкіндікті сарқа пайдаланып, үнемдеу тәртібін қатаң сақтауға міндетті болып отыр. Бұл шараларды мүлтіксіз орындау өнімнің түсер құнын үздіксіз кемітіп отыруға мүмкіндік береді.

Бұл арада тағы да мынаны еске ұстау қажет: жұмсалатын шығын мөлшері өндірістің әр саласындағы еңбекті механикаландыру, жұмысты ұйымдастыру дәрежесіне сәйкес әр өнімнің түсер құны да әртүрлі болады. Мысалы, қандай да болса да бір центнер өнім өндіруге жұмсалатын шығынды жүз процент деп есептеп көрелік. Сонда республика колхоздарын тұтас алғанда бір центнер астықтың түсер құны неден құралатынын мынадан көруге болады: бұл түсер құнның 34 проценті еңбекке төленетін ақы, 18 проценті тұқым, 14 проценті трактор паркінің жұмысы, 25 проценті басқа таза шығындар, 9 проценті ғана қосалқы шығындарды құрайды. Мақта, қант қызылшасы мен овоштың түсер құны да көбінесе еңбекке төленетін ақыдан құралады. Сол тәрізді сиыр мен қой өнімдерінің түсер құнының 39—46 проценті еңбекке төленетін ақыдан, 22—32 проценті жемшөптен, тек 5—6 проценті ғана трактор жұмысынан, 12—15 проценті әртүрлі таза шығындардан, 9—10 проценті қосалқы шығындардан құралады.

Совхоздарда өндірілетін ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны да дәл осындай мөлшердегі шығындардан құралады.

Еңбек пен қаржыны аз жұмсап, көп өнім алатын озат шаруашылықтар республикада аз емес. Мәселе солардың тәжірибесін барлық жерде кеңінен қолдана білуде болып отыр. Сондай шаруашылықтың бірі—Солтүстік Қазақстан облысындағы «Мамлют» совхозы. Мұнда жылма-жыл әр центнер астықтың түсер құны екі сомнан аспайды. Сондай-ақ Целиноград облысындағы «Самар» совхозында бір центнер астық өндіруге 38—48 минут жұмыс уақыты ғана жұмсалады, әрбір центнер астықтың түсер құны екі сом 62 тиыннан асып көрген жоқ. Еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кеміту арқылы бұл шаруашылық 1954—1961 жылдары бір жарым миллион сомнан аса таза табыс тапты. Өткен жылдың өзінде совхоз қой шаруашылығының өзінен ғана 84 мың сом табыс келтірді.

Қостанай облысындағы «Введен» совхозында еңбек үлгілі ұйымдастырылып, озат әдістер кеңінен қолданылуда. Мысалы, мұнда астықты қосымша өңдеу үшін механикаландырылған төрт пункт ашылған. Әрбір пункттегі машиналар өзара бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бұрын астық өңдеуде 200 адам жұмыс істесе, өткен жылы небәрі бұл істі 20 адам ғана үлгірді. Сонымен бірге шаруашылықтағы автоматтандырылған қырман едәуір жұмыс қолын босатып, олардың басқа істермен шұғылдануына мүмкіндік берді.

Алматы облысындағы «Түрген» совхозында мал шаруашылығы жедел өркендеп келеді. Үстіміздегі жылдың 1-январында осы совхозда қой 60 мың, сиыр 1722, шошқа 235 болды. Өткен жылы шаруашылықта бір центнер жүннің түсер құны 170 сом болды, ал оның әр центнері мемлекетке 435 сомнан өткізілді. Совхоз әр центнер жүннен 265 сомнан таза табыс алды.

Басқа көптеген шаруашылықтарға қарағанда «Түрген» совхозында ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсер құны едәуір төмен. Өйткені, мұнда өнімнің әрбір өлшемін өндіруге жұмсалған шығынды азайтуға айрықша көңіл бөлінуде.

Шығыс Қазақстан облысындағы «Шемонайха» совхозының негізгі кәсібі—шошқа өсіру. Өткен жылы совхозда егістік жердің әрбір жүз гектарына есептегенде 161 центнер (тірідей салмақпен) шошқа еті өндірілді, мемлекетке 14 379 центнер ет тапсырылды. Республикада жүз гектар егістікке есептегенде мұншама шошқа етін бірде-бір шаруашылық өндірген жоқ. Бірақ бұл совхоз, соңғы жылдары шошқа етінің түсер құнын қымбаттатып алды. Өткен жылы бір центнер еттің түсер құны жоспардағы 80 сомның орнына 89 сом болды. Сондай-ақ мұнда ірі қара етін өндіру де қымбатқа түсуде.

Өнімнің түсер құнының жоғары болуының басты себебі ең алдымен арзан жемшөп өндіру мәселесіне көңіл бөлінбейді, фермалардағы жұмыс жеткіліксіз механикаландырылған.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің деревня еңбеккерлеріне арнаған үндеуінде мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру және арзан жемшөп өндіру ет пен сүтті көбейтудің негізгі шарты екені айрықша атап көрсетілді.

Әдетте сауын сиырларды көк шөппен, жеммен азықтандырады. Сондықтан да сүттің түсер құнын кеміту үшін жемшөп және басқа құнарлы азық өндіруге жұмсалатын еңбек пен қаржыны үнемдей білудің маңызы зор. Онан соң мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмысты толық механикаландыруға қолда бар техниканы тиімді пайдалануға көбірек көңіл бөлінуі керек. Мұның өзі өнім өндіруге жұмсалатын еңбек шығынын азайтуға, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығында өнім өндіруге жұмсалатын шығындарды едәуір азайтуға, озаттардың тәжірибесін қолдану арқылы да жетуге болатындығы белгілі. Мысалы, ірі қараны қорада байлаусыз күту, жас төлді топтап бағу сияқты озат әдістер мал шаруашылығындағы еңбек шығынын едәуір кемітеді.

Мал шаруашылығы—екінші тың. Оны игеруде Тың өлкесіндегі шаруашылықтардың мүмкіндігі мол.

Тың жерлер игеруде айтарлықтай табысқа жеткен бұл өлкенің еңбекшілері егіншілік негізінде мал шаруашылығын өркендетуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс. Алайда, Тың өлкесіндегі көптеген совхоздар мал шаруашылығын, әсіресе қой шаруашылығын өркендетуді әлі де болса мықтап қолға алмай келеді. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп тістейтін жұмыстардың мұндай механикаландырылуы тым нашар. Мысалы, Тың өлкесіндегі шаруашылықтарда жылына 400—500 мың центнер сүт бұзауға беріледі, ал осындай мөлшердегі сүтті сауу үшін 2700-дей сауыншы жұмыс істейді. Басқасын былай қойғанда тек сауыншылардың еңбегіне төленетін ақының өзіне қаншама қаржы жұмсалады десе-дізші! Бұзау күту үшін де көптеген адамдар керек. Ал сиыр сауу механикаландырылса, жас бұзауларды емізіп асырау сияқты озат әдістер дұрыс қолданылса сүттің түсер құнын анағұрлым арзандатуға және көптеген малшыларды басқа жұмыстарға пайдалануға болар еді. Сонымен бірге бұл өлкеде жақсы, озат тәжірибенің үлгілері де бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы, Совет ауданы совхоздарында бұзауды емізіп асыраудың озат әдісі кеңінен қолданылып жүр. Соның нәтижесінде аудан шаруашылықтары жыл сайын 60 мың сомнан аса қаржыны үнемдеуде. Мәселе, осы тәріздес жақсы тәжірибені, құнды бастамаларды өндіріске кеңінен енгізуде болып отыр. Өнімнің түсер құнын кемітуде малды толық тегіс аман өсірудің де маңызы зор. Алайда көптеген колхоздар мен совхоздарда төлдің біразының шығын болуы әлі тиылмай келеді. Әдетте төлдің шығын болуы, көбінесе жемшөп қоры мен қораның жетіспеуінен, әртүрлі жұқпалы аурудың тарауынан болып жүр. Мұның өзі мал шаруашылығы өнімдерін қымбаттатып жіберетін фактордың бірі. Мысалы, бір қойды бағып күтуге 10—15 сом ғана шығын жұмсалады. Ал, бұл қойдың өлім-жітімге ұшырауы шаруашылыққа мұнан әлдеқайда көп зиян келтіреді. Малды шығынсыз өсіру—оның өнімінің түсер құнын арзандату үшін күрес деген сөз.

Өнім өндіруді молайту және оның түсер құнын кемітуде өндірісті мамандандыру мен ірілендірудің де маңызы үлкен. Кейбір колхоз бен совхоз басшылары кіші-гірім мал фермаларын ұйымдастыруға тым әуес. Шындығында, мұндай шағын фермаларда механизм күшін кеңінен пайдалану, жаңа әдістерді, озат тәжірибені молырақ қолдану мүмкін емес. Сондықтан да колхоздар мен совхоздар өндірісіндегі осы сияқты тиімсіз жағдайға ендігі жерде жол берілмеуі керек.

КПСС Орталық Комитетінің үстіміздегі жылғы март Пленумының шешіміне сәйкес колхоз-совхоз өндірісіне тікелей басшылық жасайтын өндірістік-территориялық басқармалар құрылды. Алғашқы тәжірибе бұлардың ауыл шаруашылығын өркендетудің келелі мүдделеріне сай келетін ұйымдық форма екенін көрсетті. Бұл өндірістік-территориялық басқармаларға білімді, тәжірибелі, қабілетті кадрлар жіберілді. Мұның өзі ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын да жаңа белеске көтерудің мықты кепілі.

Партия мен үкімет ауыл шаруашылығы өндірісінің өнеркәсіп өндірісі өсуінен артта қалушылығын жою үшін, ауыл шаруашылығы өнімдерін молайту үшін үнемі қамқорлық жасап келеді. Соның бірі—ет пен майды дайындау және бөлшек-сауда бағасын арттыру жөнінде қолданылған шара. Мұның өзі колхоз шаруашылығын өрге бастыруға, мал шаруашылығы өнімдерін мықтап арттыруға мүмкіндік бере-

ді. Сонымен бірге бұл совет адамдарының азық-түлік өнімдері жөніндегі қажеттерін өтеудің аса маңызды шарасы болып та отыр. Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдас РСФСР-дің Орталық аудандары өндіріс территориялық басқармалары қызметкерлерінің Кеңесінде 1962 жылы 27 июньде сөйлеген сөзінде былай деді: «...Бізде қолданылып келген сатып алу бағасы колхоздар мен совхоздардың ет өндіруге жұмсаған шығынын өтемеді, тіпті ет өндіруді молайту үшін қор жинауды да қамтамасыз етпеді. Еттің сатып алу бағасын арттыру керек болды, мұның өзі осылай істелді де. Ал егер еттің сатып алу бағасын арттырып, оның бөлшек сауда бағасын арттырмаса, онда бұл экономикалық заңдарға қайшы келіп, іске үлкен зиян келтірген болар еді. Егер сатып алу бағасын арттырып, бөлшек сауда бағасын арттырмаса, онда қайсы бір колхоз председателінің мынадай есеп жасауы да мүмкін болар еді: оған қайсысы тиімді болмақ—колхозда ет өндірумен шұғылдану тиімді ме немесе мемлекеттік магазинге барып, одан етті арзан бағамен сатып алып, оны мемлекетке неғұрлым жоғарғы сатып алу бағасы бойынша сату, сөйтіп бұл істен пайда табу тиімді ме? Сірә, мұндай тәсіл ет өндіруді арттыруға көмектесе алар ма еді? Жоқ, бұл алыпсатарлыққа және өндірісті кемітуге көмектескен болар еді».

Партия мен үкімет мал шаруашылығын үрдіс өркендетуге, оның өнімін молайтуға тұсау болып келген кейбір кедергілердің шын сырын осылайша батыл ашып, оны неғұрлым тез түзеудің шараларын осылайша жүзеге асырып отыр. Біз мал шаруашылығы өнімдері молшылығын жасауға ынталандыратын осындай шараның мәнін дұрыс түсініп, халықтың азық-түлік қажетін толық өтеуге, мал өнімінің әрі мол, әрі сапалы, әрі арзан болуы үшін күресе беруге тиіспіз.

Мектеп және тәрбие жұмысы

С. ЗАДИН,

Қазақстан КП Орталық Комитетінің ғылым, жоғары оқу орындары және мектеп бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Жақында Қазақстан КП Орталық Комитеті «Республиканың мектептерінде тәрбие жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда тәрбие жұмысының жайына терең талдау жасалып, оқушыларға коммунистік тәрбие беруді жақсартудың нақты шаралары белгіленді.

Коммунистік қоғамның жаңа адамын қалыптастыруда совет мектебінің орны ерекше. Өйткені, совет мектебінен жас ұрпақ сапалы біліммен қоса саналы тәрбие алады. «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және СССР-де халыққа білім беру жүйесін дамыта беру туралы» Заң негізінде мектептерді қайта құрудың өткен үш жылғы тәжірибесі халыққа білім беру жөнінде партия мен үкімет белгілеген шаралардың уақтылы, әрі дұрыс екенін дәлелдеді. Осы мерзім ішінде мектептің өмірмен, өндіріспен байланысы бұрынғыдан нығая түсті.

Мектептердің педагогтар коллективі жаңа адамды қалыптастырудың шешуші шарттарының бірі ретінде жас жігіттер мен қыздарға еңбек арқылы тәрбие беруге көбірек көңіл бөле бастады. Орта мектепті бітірген жастардың көпшілігі өздерінің патриоттық борышын өтеп, колхоздар мен совхоздарда, еліміздің екпінді құрылыстарында жемісті жұмыс істеп жүр. Республика мектептерінде оқушыларды советтік патриотизм, интернационализм және халықтар достығы рухында тәрбиелеуге бағытталған қызықты да мазмұнды шаралар аз жүргізіліп отырған жоқ.

Партияның XXII съезінің шешімдерінде және КПСС жаңа Программасында жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеудің желелі міндеттері белгіленді. Партияның жаңа Программасында былай делінген: «Орта дәрежелі білім беру ісі ғылым мен техниканың өскелең даму дәрежесіне сәйкес, қоғамның қажеттерін, оқушылардың қабілеті мен тілектерін есепке ала отырып, ғылым негіздерін тиянақты біліп шығуды, коммунистік көзқарастың принциптерін игеруді, еңбек ету мен политехникалық әзірлікті, сондай-ақ дені сау жас өспірім ұрпаққа адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиесін беруді қамтамасыз етеді».

В. И. Ленин коммунизмге жетілу, коммунистік дүние тануды қалыптастыру — бұл коммунизмнің ұрандарын, нәтижелерін жаттап алу ғана емес деп талай рет ескерткен болатын. Көзіргі уақытта, елімізде коммунистік қоғам орнатып жатқанда лениндік бұл нұсқаулардың маңызы зор. Совет мектебі, ең алдымен, оқушылардың ғылым негіздерін терең меңгеріп шығуына жағдай жасауы керек.

Республикамызда ұстаздық еңбектің шеберлері аз емес. Олар оқушыларға жыл сайын терең де жүйелі білім беріп, коммунизмнің болашақ құрылысшыларын жанжақты тәрбиелеуде. Мынаны айтсақ та жеткілікті. 1961—1962 оқу жылын 843 мектеп оқушылары толық үлгіріммен аяқтады. Бұлардың ішінде Қостанай облысы Федоров ауданының Чехов бастауыш мектебі, Гурьев облысы Теңіз ауданының Калинин атындағы сегіз жылдық мектебі, Орал облысының Согринск мектеп-интернаты тағы басқалары бар.

Бұл мектептердің педагогтер коллективі партияның XXII съезінің және жаңа Программаның идеяларымен қарулана отырып, оқушыларға идеялық-саяси, еңбек, эстетика және дене шынықтыру тәрбиесін беруде. Оларды қоғамдық пайдалы еңбекке, әртүрлі мәдени-көпшілік спорт, үйірме жұмыстарына кеңінен тартуда. Тәжірибелі ұстаздар—Целиноград облысының Вознесенск орта мектебінің оқытушысы О. Ф. Лаут, Қарағанды облысы Қарқаралы орта мектебінің оқытушысы М. Жазабаев, Шымкент облысы Чапаев атындағы бастауыш мектептің мұғалімі Т. Бекманова, Алматы облысы Алтынсарин атындағы мектептің мұғалімі З. Нүсіпбекова тағы басқалары сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен түрлерін үнемі жетілдіріп отырады. Соның нәтижесінде олар оқу-тәрбие жұмысында айтарлықтай жетістіктерге жеткен.

Көптеген партия ұйымдары жас ұрпақты коммунизм құрылысының моральдық кодексі талаптарының тұрғысында тәрбиелеуге бас назар аударуда. Бұл жөнінде Екібастұз қалалық партия комитетінің мектептерге басшылығы мысал бола алады. Қалалық комитет мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту мәселесіне әрдайым басшылық етеді. Қалалық комитет мүшелері мектептерде жиі-жиі болып оларға нақты көмек көрсетеді. Қалалық партия комитетінің жанынан штаттан тыс мектеп бөлімі құрылған. Барлық мектепте бастауыш партия ұйымдары жұмыс істейді. Олардың оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға ықпалы күшті. Биылғы апрель айында жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне арналған қалалық партия активі өткізілді. Қалалық комитет жанынан құрылған балаларға коммунистік тәрбие беру жөніндегі совет бар. Оны қалалық партия комитетінің секретары Бәдігүл Дүйсекева басқарады.

Қазір Екібастұзда 30 коммунистік еңбек бригадасы, 50 қоғамдық вожатый, 23 жұмысшы-тәрбиеші мектептерге қамқорлық көрсетеді. Ал, мектеп мұғалімдері қала партия ұйымдарына педагогикалық білімдерді насихаттауға байланысты көмек көрсетіп, жұмысшы жиналыстарында балаларды тәрбиелеу жөнінде лекциялар оқиды, баяндамалар жасайды. Қаланың барлық мектебінде ата-аналар лекторийлары жұмыс істейді. Жеке кәсіпорындарда ай сайын оқушылардың үлгірімі мен мінез-құлқын баяндайтын «Мектеп үні» деген газеттер шығарылып тұрады. Қаланың мектептері мен мекемелерінде, қалалық Құрметтақтасында таңдаулы өндірісшілермен қоса оқу озаттарының да суреттері ілінеді. Қалада ата-аналар үшін екі университет жұмыс істейді. Ал, кәсіпорындар мен құрылыстарда ата-аналар комитеті құрылып олар оқушылардың үлгірімін, мінез-құлқын қадағалайды. Қоғамдық негізде мұғалімдердің білімін жетілдіру институты ашылды. Бұл институт озат мұғалімдердің тәжірибесін зерттеп, таратуда көп жұмыс істеп отыр.

Соңғы кезде Алматы облысының Панфилов, Қостанай облысының Федоров аудандық партия комитеттері мектептерге басшылықты жақсартып, оқушыларға коммунистік тәрбие беру мәселесімен күнделікті шұғылдана бастады. Халық ағарту ісіне басшылық жасауда партия комитеттеріне XXII съезден кейін аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің жанынан ұйымдастырылған штаттан тыс мектеп бөлімдері едәуір көмек көрсетті. Көкшетау, Жамбыл облыстық және Алматы қалалық партия комитеттерінің штаттан тыс мектеп бөлімдерінің жұмысы тәуір.

Дегенмен, республика мектептеріндегі тәрбие жұмысының жайы жалпы алғанда мәз емес. Жас жігіттер мен қыздардың дүниеге жүйел және материалистік көзқарасын қалыптастыру, оларды коммунизм құрылысының моральдық кодексі рухында тәрбиелеу міндеттерін мек

мектептеріміз әлі де болса ойдағыдай орындай алмай келеді. Кейбір мектептердің педагогтар коллективі әлі күнге ескіше жұмыс істейді, идеялық тәрбие жұмысының мазмұны мен түріне жаңалықтар қоспайды. Соның кесірінен жүздеген шәкірт сабаққа үлгіре алмай, оқыған класында қалып қояды.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің қаулысында: «Көптеген мектепте оқушыларды халқымыздың революциялық және еңбек дәстүрлері негізінде тәрбиелеуге тиісінше көңіл бөлінбейді, оларды өмірге, халықтың коммунизм орнату үшін күресіндегі борышын сезуге, достық, жолдастық, коллектившілдік сезімде болуға баулу жеткіліксіз, мектеп оқушыларының ынта-жігерлілігі, талапкерлігі, қиыншылықтарды жеңе білуі нашар өрістетілуде» деп атап көрсетілді.

Жеке адамға табынудың зардаптары мектепке де аз тиген жоқ. Ол көп жылдар бойы мұғалімдердің инициативасы мен творчестволық ой-пікірін тежеп келді. Енді міне, жеке адамға табыну зардаптары жоюдан кейін, мектеп жұмысын қайта құру туралы Заңға байланысты мұғалімдердің творчестволық ізденуіне, бастамаларына зор мүмкіндіктер бар. Алайда, осы мүмкіндіктер ойдағыдай жүзеге асып отырған жоқ.

Оқу министрлігі және оның жергілікті органдары, көптеген мектеп басшылары мұғалімдердің қызметіне терең үңілмейді, олардың творчестволық бастамаларын қолдап отырмайды, таңдаулы педагогтардың өзіндік тәжірибесін үңіле зерттеп, таратып отырмайды. Ал, озат тәжірибені зерттеу, оны кең тарату жөнінде халық ағарту органдары өткізіп жатқан кеңес, мәжілістер де, жазып жатқан бұйрықтар мен нұсқаулар да аз емес. Көптеген халық ағарту қызметкерлері, мектеп директорлары мектептің, мұғалімнің жұмысын, көбінесе программалардың формальді түрде орындалуы бойынша әсіресе, оқушылардың үлгіру проценті арқылы бағалайды. Ал мұның өзі мектепке үлкен залал келтіреді, көзбояушылыққа әкеп соқтырады. Өткен оқу жылы Шымкент, Шығыс Қазақстан облыстарының бірқатар мектебінде осындай фактілер орын тепті.

Жеке партия ұйымдары да мұндай кемшіліктерге төзіп отыра береді, оқу-тәрбие жұмысының жайын тексергенде және халық ағарту органдарының есептерін тыңдағанда олар көбінесе оқушылардың үлгіру процентіне назар аударады. Әсіресе, мұндай кемшіліктер Шымкент облысының Мақтаарал, Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Жамбыл облысының Жамбыл аудандық партия комитеттерінің мектептерге басшылық ету әдістерінен байқалады.

Соңғы кезде республика халық ағарту органдары оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру, өндірістік оқуды ұйымдастыру, мектептердің материалдық базасын нығайту жөнінде бірсыпыра игі шараларды жүзеге асырды. Бірақ олар жалпы білім беретін пәндерді оқытуға жеткілікті көңіл бөлмей келеді.

Мектептерде оқушыларға XXII съездің материалдары, партияның жаңа Программасы кеңінен түсіндірілуде. Мұндай сабақтар жастардың коммунистік көзқарасын қалыптастыруға өте пайдалы. Съезд шешімдерін, партияның жаңа Программасын асқан жігермен, зор шабытпен түсіндіріп жүрген мұғалімдер аз емес. Алайда кейбір мектептерде оқушыларды осы тарихи документтермен таныстыруда жеке кемшіліктер кездеседі. Оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілмейді, Программаны үйрену шәкірттердің алдында тұрған практикалық міндеттерге байланыстырылмайды. Жеке мұғалімдер съезд материалдарын таныстырған кезде жалаң цифрлар, тұжырымдар жетегінде қалып қояды. Әрбір мұғалім бұл тарихи документтерді өзі жете біліп, терең үйренумен бірге, оқушыларға таныстыру жөнінде де ұтымды әдістер таба білу керек.

Мектеп оқушыларын партия Программасы, съезд шешімдері рухында тәрбиелеу—қысқа мерзімді науқан емес. Қайта бұл бүкіл мектеп коллективінің үнемі жүргізетін міндеті, оқушылардың коммунистік көзқарасын қалыптастырудың негізі. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысында былай делінген: «Оқушыларды партия XXII съезінің материалдарымен және КПСС Программасымен таныстыру жұмысы үздіксіз жүргізілсін, бұл тарихи документтерді мектептердің барлық мұғалімдерінің терең оқып үйренуі ұйымдастырылып, олар партия оқуы жүйесіне кеңінен қамтылсын; мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының бүкіл мазмұны оқушылардың идеялық жағынан шынығуына, олардың дүниеге ғылыми материалистік көзқарасы және терең мағыналы саяси сенімдері қалыптасуына көмектесетіндей болуына күш салу керек. Қоғамдық пәндерді оқып үйренудің барысында оқушылар маркстік-лениндік идеологияны тиянақты меңгеріп, Коммунистік партияның саясатын дұрыс түсінуге, елімізде және шет елдерде болып жатқан оқиғаларды түсіне білуге, коммунизм орнату ісіне сапалы түрде қатысуға дағдылануға тиіс».

Партияның XXII съезінде мектептердің алдына қойылған аса елеулі міндеттердің бірі — оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу. Бұл бағытта Панфилов, Баранкөл аудандарының, Қарағанды, Шымкент, Алматы қалаларының мектептерінде бірсыпыра жұмыс істелді. Республикамыздың көптеген мектебінде оқу-тәжірибе учаскелері, өндірістік шеберханалар бар, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы орындарында жоғары класс оқушылары өндірістік тәжірибеге үйретілуде. Үстіміздегі оқу жылында республикада 1334 орта мектепте өндірістік сабақ жүргізіледі.

Шәкірттердің өндірістік бригадаларда, оқу-тәжірибе учаскелерінде еңбек етуі өндірістік дағдыға үйретумен бірге жастарды тәрбиелеу ісінде көп пайда келтіруде. Оқушылардың еңбекке деген көзқарасы мүлдем өзгерді. Алайда, оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеуде елеулі кемшіліктер бар. Оқушыларды еңбекке дағдыландыру, қоғамдық пайдалы еңбек, шәкірттерді белгілі бір мамандыққа бейімдеу әлі күнге педагогикалық процестің құрамды бір бөлігі бола алмай отыр. Кейде жалпы және политехникалық білімді дұрыс ұштастырып, оқуды өндіріспен тиімді байланыстырудың орнына, мектептердің, кәсіпорындардың, колхоздар мен совхоздардың басшылары оқушыларды бірыңғай дене еңбегіне қатыстырып, оларды шаруашылық жұмыстарға жегіп қояды. Мұндай фактілер әсіресе Шымкент облысының колхоздары мен совхоздарында бар. Мұнда жыл сайын бесінші кластан бастап оқушыларды ноябрь айының аяғына дейін мақтаға жұмысқа жіберу әдетке айналған. Жергілікті партия, совет орындары оқушыларды сабағынан қалдырып, өрескел заңсыздыққа жол беруде. Соның салдарынан облыс мектептерін бітірген жастардың білімі жылма-жыл төмен болып жүр. Бұл кәмелеттік аттестатқа емтихан талсыру және жоғары оқу орындарына қабылдау емтиханын талсыру тұсында айқын көрінуде.

Білім алумен және идеялық тәрбиемен ұштастырылмаған еңбектің нәтиже бермейтіні белгілі. Жастарды өнімді еңбекке әзірлегенде коммунистік тәрбиенің берік негізі болатындай етіп әзірлеу керек. Жастарды еңбектің озат үлгілері рухында, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен колхозшылардың, коммунистік еңбек бригадаларының тәжірибесінен өнеге алу рухында тәрбиелеу керек.

Республикамыздың көптеген мектептерінде эстетикалық және денсаулықты тәрбиесінің жайы қанағаттанғысыз. Творчестволық одақтар мен ұйымдар тарапынан оқушыларды эстетикалық тәрбиелеуге байланысты қамқорлық, көмек аз. Өнерпаздар коллективтерінің, спорт секцияларының қызметі бүгінгі күннің талаптарына жауап бермейді. Оқушылардың мәдени демалысы нашар ұйымдастырылған.

Коммунистік дүние тану рухында тәрбиелеу міндетін ескіліктің қалдықтарына қарсы күрестен бөле қарауға болмайды. Жасыратыны жоқ, жеке мектептерде қазақ қыздарының арасындағы тәрбие жұмысы мәз емес. Сол себепті де олардың оқуды тастап кетуі, жасы жетпеген қыздардың күйеуге шығуы сияқты сорақы фактілер кездесіп жүр. Ал, кейбір партия комитеттері осындай қылықтарға кезінде тойтарыс беріп отырмайды, феодалдық-байшылдық қалдықтарды таратушыларды партиялық, мемлекеттік тәртіпке шақырмайды. Мысалы, Гурьев облысының Жылой ауданында биыл жасы толмаған 9 қыз оқуды тастап, тұрмысқа шығып кеткен. Мұндай фактілер осы облыстың Қызылқоға, Баксай аудандарының мектептерінде де бар.

Әртүрлі сектанттар, шіркеу иелері мектеп балаларын діни әдет-ғұрыптарға тартқысы келеді. Сонымен бірге ата-аналардың кейбір артта қалған бөлегі балаларын дін жолына түсуге итермелейді. Көптеген педагогтар коллективі, мектептердің партия, комсомол ұйымдары бұған тиісінше маңыз бермейді, мұндай кеселмен қатаң күрес жүргізбейді.

Мектептер, партия, қоғам ұйымдары балалардың семьядағы тәрбиесіне күнделікті көңіл бөлуі керек. Өзінің ата-аналық борышын ұмытып, балаларын дұрыс тәрбиелей алмай келе жатқан ата-аналар да жоқ емес. Ата-аналар тарапынан бақылаудың жоқтығын, мектепте тәрбие жұмысының нашарлығын пайдаланып, кейбір балалар қоғамға жат элементтердің ықпалына түсіп кетуде, ішкілікке, бұзақылыққа салынууда. Ал, мұның өзі өте ұнамсыз факт, мұның өзі мектеп жұмысындағы елеулі кемшіліктерді сипаттайды.

Оқушылар арасында жүргізілетін идеялық-саяси және оқу-тәрбие жұмысының нәтижелі болуы, ең алдымен педагог кадрларды дұрыс іріктеп алып, орналастыруға және тәрбиелеуге байланысты. Дегенмен, кейбір мұғалімдер өздерінің ұстаздық шеберлігін жетілдірмейді, оқыту ісін шәкірттерге тәрбие берумен ұштастыра жүргізбейді, өздері оқушыларға өнеге болмайды, жұмысқа адал қарамайды, еңбек тәртібін бұрады, тұрмыста азғындыққа салынады.

Мұғалімнің жұмыс дәрежесі, оның жеке басының үлгісі—оқушылардың терең білім алуына, олардың ой-өрісінің қалыптасуына үлкен өнеге. Бірақ бізде өзінің іскерлік және моральдық қасиеті жағынан жастар тәрбиешісі бола алмайтын мұғалімдер табылады. Соңғы кезге дейін Қызылорда облысында жұмысшы жастар мектебінің директоры болып Жалғасбаев деген біреу істеді. Ол коллективтен өзін оқшау ұстады, мұғалімдерге ұрсып-жекіріп, тұрпайылық көрсетті, коллектив мүшелерінің сын-ескертпелеріне құлақ аспады, сөйтіп, мектеп жұмысын ақсатты. Өзінің қызмет бабын пайдаланып, бұл мектепте мүлдем оқымаған адамдарға орта мектепті бітірді деп заңсыз кәмелеттік аттестат бергізді. Жақында мынандай факт анықталды. Алматы қаласындағы № 73 мектептің 24 жасар мұғалімі Л. И. Боярова құдайға сенетін болған, ол өзінің баласын шіркеуге апарып шоқындырған. Шымкент облысының Түркстан ауданында, Көкшетау облысының Айыртау ауданында кейбір мұғалімдер діни әдет-ғұрыптарға бой ұрып кеткен.

Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Чкалов атындағы орта мектебінде оқу-тәрбие жұмысы бетімен жіберілген. Оның себебі, педагог кадрлар дұрыс іріктеліп алынбаған, мұғалімдер арасында идеялық саяси жұмыс жүргізілмеген, аудандық партия комитеті мен аудандық оқу бөлімі тарапынан бұл мектепке бақылау болмаған. Көптеген пәндердің оқытылуы мұнда өте төмен дәрежеде жүргізілген, мектепті тастап кету, жасы жетпеген қыздардың тұрмысқа шығып кету фактілері болған. Жеке мұғалімдер мен мектеп басшылары өсек-аяңға салынып, балаларды оқыту және тәрбиелеу жұмысынан сырт қалған. Жамбыл аудандық партия комитеті мектепке және мектеп бастауыш партия ұйы-

мына дер кезінде көмек көрсетпеген. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Жамбыл облыстық комитеті араласқаннан кейін ғана бұл мектептегі жағдай өзгеріп, мектеп директоры мен кейбір мұғалімдер қызметінен босатылды.

Оқушыларға тәрбие беруде мұғалімдердің, мектептер мен оқу бөлімдері басшыларының жауапкершілігін арттыру керек. Олардың жастар арасында жүргізілетін барлық шараларға белсене қатысуын қамтамасыз ету керек. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өлкелік, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына оқушылар арасында идеялық-тәрбие жұмысының мазмұнын терең біліп отыруды, жастарға тәрбие беру мәселелерін пленумдарда, бюроларда, партия жиналыстарында, сондай-ақ жұмысшылардың, колхозшылардың және қызметшілердің жиналыстарында үнемі талқылап отыруды, ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруды, кәсіпорындардың, құрылыстардың, совхоздар мен колхоздардың мектептерге қамқорлық, көмегін жақсартуды тапсырды.

Қазақ ССР Оқу министрлігі 1962—1963 жылдары «Оқушылар арасында жүргізілетін тәрбие жұмысының программасын» партияның жаңа Программасында белгіленген коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі талаптарына сәйкес қайта қарауға, мектептерге арналып шығарылатын қолтума оқулықтардың идеялық дәрежесін жақсартуға міндетті.

Мектеп ісі—бүкілхалықтық, партиялық іс. Сондықтан жергілікті, партия, совет ұйымдары балаларды оқытып, жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім беруді жүзеге асыруға бақылауды күшейтуге, мектептерге үнемі қамқорлық жасауға, сөйтіп, жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеу шараларын жүзеге асыруға тиіс. Олар бұл салада комсомол және пионер ұйымдарының, ата-аналар жұртшылығының ролін арттыруы қажет. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Республика мектептерінде тәрбие жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру—жергілікті партия ұйымдарының, халық ағарту қызметкерлерінің, мыңдаған оқытушылар қауымының абыройлы борышы.

Химия халық шаруашылығына қызмет етеді

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда халық шаруашылығын химияландырудың маңызы зор. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында химияның табыстарын молынан пайдалану еңбек өнімділігін үздік арттыруға зор мүмкіндіктер ашады.

Партияның жаңа Программасында былай делінген: «Химия өнеркәсібін барынша өркендету, халық байлығын өсіру, жаңа, неғұрлым жетілдірілген және арзан өндіріс құрал-жабдығы мен халық тұтынатын заттарды шығару мүмкіндігін орасан зор дәрежеде ұлғайта түсетін кәзіргі заманғы химияның жетістіктерін халық шаруашылығының барлық саласына толық пайдалану—аса үлкен міндеттердің бірі. Металдың, ағаштың, басқа да материалдардың орнына үнемді, қолайлы да жеңіл синтетикалық материалдар барған сайын көп қолданылатын болады. Минералдық тыңайтқыштар және өсімдіктерді қорғайтын химиялық заттар шығару мықтап артады».


Партия Орталық Комитетінің 1958 жылғы май Пленумының, ХХІ және ХХІІ съездердің шешімдерін бұлжытпай орындап шықсақ, біздің елде түрліше қажетке асатын, сонымен бірге саналуан физикалық, техникалық қасиеті бар полимерлік материалдар өте көп жасалатын болады. Кәзіргі химия мономерден жасалған полимерлік заттардың да қасиеттерін өзгертетін толып жатқан мүмкіндікке ие болды. Полимерден бірі болаттан берік, екіншісі тығыннан жеңіл, қылдан жіңішке, платинадан тұрғылықты келетін синтетикалық материалдар шығарылады. Сан алуан қасиеті бар арзан да тиімді шикізатты пайдаланудың мол мүмкіндігі, сондай-ақ бұйымдардың оп-оңай жасалатыны, міне осының бәрі синтетикалық материалдарға кеңінен жол ашып отыр.

Каучук, пластмасса, синтетикалық талшық тәрізді полимерлердің бір өзгешелігі олар орасан көп молекулалардан құралады. Егер судың молекуласы, мысалы, небәрі үш атомнан, күкірт қышқылы жеті атомнан, ал қанттың молекуласы 45 атомнан құралса, органикалық зат—целлюлозаның молекуласы 42 мың атомға дейін барады.

Пластмасса тұрмысымызға, өмірімізге бірте-бірте енді. Алғашқыда ол піл сүйегінің, тастан жасалған әралуан бұйымдардың орнына қолданылып жүрді. Сөйтіп, пластмассаның жақсы, әрі қымбат материал орнына жүретініне жұрттың әбден көзі үйреніп алды.

Ал кәзіргі кезде халық шаруашылығында пластмасса маңызды роль атқарады. Оның кәдеге аспайтын саласы жоқ десе де болғандай. Пластмассадан қалам, тарақ, жеңіл ыдыс, электр және радио аспаптары, автомобиль мен самолеттердің тетіктері, жиһаздық бұйымдар және бұлардан басқа да жүздеген бұйым жасалады. Көп жағдайда пластмасса өзінің орнына қолданылатын материалдардан артық болып шықты. Пластмасса металмен, ағашпен, таспен, әйнекпен бәсекеге түсе алады.

Пластмасса өзінің құрамы жағынан алуан түрлі. Бірақ солардың бәрінің негізгі үш тобы бар. Олар: толтырғыш, пластификатор және дәнекер заттар. Пластмассаның негізгі бөлімдері дәнекер материалдар арқылы біріктіріледі. Ондай материал—табиғи немесе синтетикалық



қарамай. Ұсақ тастар мен киыршықтарды тұтастырып цементтің бетон түзетіні тәрізді, қарамай да пластмассаның бөлімдерін тас-түйін етіп біріктіреді.

Толтырғыштар дәнекер заттардың бөлшектері арасындағы қуысты толтырады, оларды өзара жымдастырады, сөйтіп пластмассаны бері етеді. Осының арқасында дәнекер заттардың шығыны азаяды, пластмасса арзанға түседі. Толтырғыштар ретінде ағаш ұнтағы, құм, қағаз, мата, асбест, әйнек, мақта қолданылады.

Пластификаторлар пластмассаларға майысқақ-иілгіштік және әсемдік береді. Пластмассаның құрамына кейде бояғыш сияқты басқа да қажет нәрселер кіреді.

Пластмассаның негізгі қасиетін дәнекер заттар анықтайды. Өйткені, пластмассаның негізі—сол дәнекер заттар. Кез келген нәрсе дәнекер заттар ретінде пайдаланыла бермейді. Бұған жоғары молекулярлық қосылыстар, яғни табиғи заттар, негізінен алғанда, синтетикалық (жасанды) қарамай мен полимерлер ғана жарайды. Солардың арқасында ғана арзан дәнекер заттарды әрі сапалы, әрі көптеп алуға болады.

Синтетикалық материалдар өндіру үшін шикізат ретінде мұнай, көмір, табиғи газ пайдаланылады. Синтетикалық қарамайға керекті шикізатты жүгеріден, қамыс пен күнбағыстан алуға болады. Кәзіргі уақытта мұнайдан 20 мыңнан астам әртүрлі органикалық өнім алынып жүр. Сөйтіп, мұнай отын болумен бірге аса бағалы химиялық шикізат та. Жер қойнауынан өндірілетін әр тонна мұнаймен бірге 30—50 текшеметр газ шығады.

Көмір және одан жасалатын өнімдер—химия өнеркәсібі үшін сарқылмас шикізат қоры. Тас көмірді айыру арқылы алынатын газ текті өнімдер де мұнай газы тәрізді кәдеге асырылады. Ол газдан фенол, нафталин, көмір-сутегі және басқа заттар алынады. Бұлар кейін еріткіштерге, бояғыштарға, синтетикалық қарамайға айналдырылады. Ал кокс ацетилен жасау үшін пайдаланылады. Сынбайтын берік әйнек, синтетикалық каучук, суретке түсіретін пленка, автомобиль сыртындағы сырлы бояу—бұлардың бәрі үшін кокс, әк және су пайдаланылады. Ал тас көмір қарамайынан оңыл кетпейтін бояғыштар, әртүрлі дәрі-дәрмектер, небір қош иісті өтірлер жасалады.

Пластикалық заттардың да қасиеті саналуан. Біріншіден, пластмасса өте жеңіл болады. Оның ең ауырының өзі болаттан төрт есе жеңіл, бірақ соған қарамастан төзімді, әрі берік. Синтетикалық қарамайдың кей түрінен жасалған жіптердің өзі болаттан мықты келеді.

Пластмасса заттары тотығу дегенді білмейді. Оларға ауа райының құбылыстары қорқынышты емес, оларды сырлаудың, қорғауыш жамылғыштармен көлегейлеудің қажеті жоқ. Пластмассаға анау-мынау қышқылдар да әсер етпейді.

Пластикалық заттар кәзір машина жасау өнеркәсібінің барлық саласына қолданылады. Шығарылатын пластмассаның тең жарымы дерлік машина жасауға жұмсалады. Ауыр машина жасау саласында пластмассаны қолдану арқылы дайын өнімнің әр тоннасынан 540 сом, ал станок жасау мен аспаптар жасау саласында 620 сом үнемделеді.

Бұрын баспахана әріптерін құю үшін қорғасын жұмсалатын. Таяуда пластмасса әріптері сынаудан өтті. Мұндай әріптердің таңбасы да айқын, әрі төзімді болып шықты. Мұндай әріп қорғасын әріптен екі есе арзан, он есе жеңіл және оның үстіне баспахана жұмысшыларының денсаулығына ешбір зияны жоқ. Мұның өзі—пластмассадан жасалған жаңа әріптің ең басты бір қасиеті.

Өнеркәсіп пен транспортта пластикалық материалдарды подшипник жасау үшін қола мен бабиттің және басқа түсті материалдардың орнына қолдануға болады. Пластмассадан жасалған подшипниктер

металл подшипниктерден 7—8 есе арзанға түседі. Мұндай подшипниктер халық шаруашылығы үшін мыңдаған тонна түсті металды және миллиондаған сом қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Кемелердің, жолаушылар вагондарының, пәтер үйлердің ішін жабдықтау үшін литнофольдік жеңіл пластиктер қолданылады. Оларды сумен шайып жууға болады. Олар температура өзгерісінен, дымқылдан бұзылмайды, өңін бермей, жалт-жұлт етіп жарқырайды да тұрады. Машина жасау өнеркәсібінде пластмассадан түзілген тісті дөңгелектер барған сайын кеңінен қолданылуда. Оларды даярлайтын негізгі материал-текстолит. Мұндай материалдан жасалған дөңгелектер төзімді, берік, әрі әдемі болады, ащы дауыс та шығармайды.

Соғыстан кейінгі жылдары еліміздің химия өнеркәсібі қатпарлы пластиктердің жаңа түрін — әйнек текстолит жасауды игерді. Әдетте, әйнек өте нәзік, сынғақ келеді. Бірақ сол әйнекті химиялық жолмен ендеп, бұрауға да, июге де, түйіп байлауға да болады. Әйнек талшықтардан берік мата да жасалады. Ондай мата жанбайды, қышқылға да бұзылмайды.

Химиялық жолмен өңделген әйнек үй қабырғаларын, күбырлар, контейнерлер, тоңазытқыштар жасауға пайдаланылады. Көп кешікпей ішігірім кемелердің қорабы әйнек пластиктен жасалатын болады. Оған судың, балдырдың еш қаупі жоқ, шіріп бүлінбейді. Оны қайта сырлаудың да керегі жоқ.

Автомобиль өндірісіне де пластмасса кеңінен қолданылады. Кәзір одан автомобильдің 200 шамалы тетігі жасалады. Әрбір автомобильге 3 килограмм пластмасса жұмсалады. Ал 1965 жылы ондағы пластмассалық тетіктердің салмағы 20 килограмға жететін болады. Автомобильдің бүкіл салмағының жартысы—оның қорабының салмағы. Егер сол қорапты металдан емес, пластмассадан жасаса, онда болат шығынының үштен бірін үнемдеуге болар еді. Автомобильдің пластмассадан жасалған қорабы болаттан осал емес, тіпті кейбір қасиеті жөнінде болаттан асып түседі. Қорап металл сияқты тотығып өңін бұзбайды, заводтан шыққан күйі жалтырап тұрады.

Машина жасау өнеркәсібінде пластмассаны молынан қолдану миллиардтаған сом қаржы мен мыңдаған тонна металл үнемдеуге мүмкіндік береді. Металдың орнына пластмассаны пайдаланғанда бөлшектердің салмағы 3—5 есе, түсер құны 3—6 есе кемиді, өндіріс технологиясы 5—10 есе жылдамдайды.

Атам заманнан бері адам табиғат қолға берген материалдардан ғана киім тігіп келді. Бұл — әртүрлі өсімдіктердің талшықтары, жүн және табиғи жібек. Сондай табиғи талшықтармен қоса синтетикалық маталар да шығарылуда. Табиғи маталардың ішінде қышқылдан бұзылмайтыны жоқ. Ал синтетикалық мата осы орайда таптырмайды. Химиялық талшықтарды суық суға жууға да болады. Оларға бояу жұқпайды. Ал боялған зат түсін мәңгі сақтайды.

Мақтадан жасалған тор бірнеше күннен кейін-ақ ыдырап, жыртылып қалады, ал синтетикалық талшықтардан жасалған тор көп жылға шыдайды. Ондай торларды жайып кептірудің де қажеті жоқ. Кемелердің арқандары мен сүзгілерін осындай талшықтан жасаса, оларды әдеттегіден 6—10 есе ұзақ уақыт пайдалануға болар еді.

Халық арасына көп тарап жүрген бұйымдардың бірі—полиамид қарамайы негізінде жасалған маталар. Кәзір жасанды талшықтардан өндірілетін бұйымдар бүкіл дүние жүзіндегі барлық өнімнің жартысы болып отыр. Соңғы кезге дейін полиамид қарамайы көмір мен мұнайдан жасалатын бензол мен фенолдан өндіріліп келді. Мысалы, 1 тонна фенолдан әйелдердің 20—25 мың пар шұлығын жасауға болады.

Жасанды талшықтардан капрон, нейлон, анид, энант және адамның күнделік мұқтажына жарайтын тағы басқа бұйымдар жасалады.

Ал кәзір мұндай бұйымдар жоғарыдағы аталған полиамид қарамайынан жасалады. Мысалы, нейлон—өзінің беріктігі, төзімділігі жағынан ешбір теңдесі жоқ зат. Жуандығы 1 мм. нейлон жібінің өзі 75 килограмм салмақты көтереді.

Синтетикалық талшықтардың ішінен көбінесе жүнге барабар келетін жаңа талшық бар, ол—нитрон. Терефаталь қышқылының негізінде өндірілетін лавсан деген талшықтан жұмсақ күрте, колкап, ұйық жасауға болады. Міне осы ғажап талшықтан немесе әрі жеңіл, әрі жылы көрпелер, әсем кілемдер жасауға, жылы ішіктер тігуге болады, бұларға дымқыл әсер етпейді, оларды күйе жемейді.

Пластикалық массалардан кәзір су құбырлары, мал суаратын науалар жасалады. Бұлар ыстық-суыққа шыдамды келеді, тотықпайды.

Айта берсе, мұндай пайдалы қасиеттерді химияның әр саласындағы заттардан мол табуға болар еді. Шағын мақала көлемінде жаңа материалдар мен олардың қолданылу жолдарын түгел айтып жеткізуге мүмкін емес. Алайда, осы қысқаша шолудың өзінен-ақ синтетикалық материалдардың мүмкіншілігінде шек жоқ екенін, болашақ солардікі екенін кәміл аңғарамыз. Міне, сондықтан коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда химияға елеулі орын берілетіні даусыз.

Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда Қазақстанның үлкен орын алатыны мәлім. Ал оның бержағында біздің республиканың жер қойнауынан саналуан пайдалы қазбалардың ұшан-теңіз қоры табылып отыр. Қазақстан көмір шығару жөнінен Одақта үшінші орын, мұнай өндіру жөнінен төртінші орын алады. Ал көмір, мұнай болса химия өнеркәсібі үшін қажетті шикізаттың ең негізгі көздерінің бірі.

Химия өнеркәсібін жедел өркендетуге, әсіресе синтетикалық материалдарды көп өндіруге Қазақстанның мүмкіншілігі мол. Мысалы Қарағанды металлургия зауыдының кокс-химиялық цехында күн сайын жүздеген тонна көмір өңдеуден өтеді. Домна пештеріне керекті кокстан басқа әртүрлі сұйық заттар, газ түріндегі өнімдер алынып отырады. Мұның өзі химия өнеркәсібінің негізгі шикізаты болып саналады.

Қазақстан Магниткасымен қатар синтетикалық каучук зауыды жұмыс істейді. Бұл зауыттың шығаратын бұйымдары да құнды деп есептеледі. Қостанайда жасанды торқа зауыды байырғы кәсіпорындар санатына қосылуда. Гурьев мұнай зауыдында және еліміздің басқа зауыттарында өңдеуден өтетін Қазақстан мұнайы химия өнеркәсібінің мұқтажын өтеп отырады. Бұлардан пластмассалардың және химиялық басқа заттардың талай түрін жасауға болады.

Ең ақыры республика жерінде көп өсетін қамысты алатын болсақ, оның өзі де химиялық жасанды материалдар өндіру үшін бағалы шикізат болып танылып отыр.

Шикізаттың осындай бай қоры Қазақстанда химия өнеркәсібін жедел өркендетуге, халық шаруашылығын батыл химияландыруға мүмкіндік береді.

В. ШАБАЛИНА

Қазақ ССР Ғылым академиясының аспиранты

* *

*

Бұл мақаланы баспаға әзірлеген «Қазақстан коммунисті» журналының штаттан тыс ғылым және мәдениет бөлімінің қызметкерлері Ы. Дүйсебаев пен А. Нұрқатов жолдастар.

КОЛХОЗ, СОВХОЗ ЭКОНОМИСІ— НЕГІЗГІ ТҰЛҒА

В. И. Ленин Совет үкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ шаруашылық басшыларына социализм жағдайында есеп жұмысын қатаң тәртіппен жүргізу керектігін сан рет ескерткен болатын. Алайда жергілікті шаруашылық қызметкерлері бұл қағиданы әрдайым мұқият сақтай бермейді. Олар кейде социалистік өндіріс тәсілі экономика мәселелерін өзінен өзі-ақ шеше салады деген қате пікірге бой ұрады.

Шындығында социалистік өндірістің қоғамдық сипаты өндіріс жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың тек алғы шарттарына мүмкіндік береді. Сондықтан социалистік кәсіпорындардың шаруашылық жұмысындағы экономикалық көрсеткіштер белгілі бір коллективтің ішкі нақты мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білуіне байланысты.

Кәзіргі кезде көптеген шаруашылық басшылары өндірісті жүйесіз жүргізу, онда қатаң есеп пен экономика тәртібін көпе-көрінеу бұзу неге әкеліп соқтыратынын өздерінің практикалық істерінен айқын көріп отыр. Тіпті егістік пен мал шаруашылығынан біршама тұрақты да жоғары өнім алып отырған шаруашылықтардың өзінде өнімнің түсер құны жоспарда көрсетілген бағадан жоғары болумен бірге аймақтық өткізу (сатып алу) бағасынан да әлдеқайда жоғары. Осының салдарынан сатылған өнімнің жалпы сомасы өндірістің негізгі шығынын өтей алмай, шаруашылықты елеулі шығынға ұшыратып отыр.

Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха совхозын алайық. Совхоз соңғы үш жыл ішінде малдың қондылығын арттырып, негізгі ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты өнім алып келеді. Алайда өткен үш жыл ішінде (1959—1961 жылдар) шаруашылық бойынша алынған бір центнер астықтың, сүттің және еттің түсер құны жоспарда белгіленгеннен әлдеқайда асып түсті. Ал сүт пен ет өндіруге шыққан шығын өткізу бағасынан 16—21 процент артық. 1960 жылы совхозда әр сиырдан сауылған сүттің жылдық орта мөлшері 2798 килограмм болса, 1961 жылы—2699 килограмм болды. Бұл өнім алу тұрғысынан қарағанда әжептеуір жоғары көрсеткіш. Бірақ осы мерзімде сүттің түсер құнының көрсеткіші мүлде төмендеп кетті.

Шемонайха совхозының шаруашылық жұмысына жасалған талдаудың нәтижесінде 1959—1961 жылдарда мал мен астықтың өнімділік дәрежесі бірдей болса да, олардың түсер құны жыл сайын өсіп отырды. Мәселен, 1 центнер астықтың түсер құны 1959 жылы 2,66 сом болса, 1961 жылы 3,28 сомға жетті. Сол сияқты бір центнер сүттің түсер құны 10,6 сомнан 14,5 сомға, сиыр етінің—64,0 сомнан 96,1 сомға, шошқа етінің 79,8 сомнан 90,9 сомға дейін өскен. Совхозда мал өнімінің түсер құны әлі де болса жоғары екенін осы келтірілген мысалдан-ақ көріп отырмыз. Мұндай жағдайды жалғыз Шемонайха совхозында емес, республикамыздың басқа да шаруашылықтарынан кездестіруге болады.

Мұның негізгі себебі не? Біздіңше, мұның түпкі себебі шаруашылық мамандары мен басшы кадрларды экономикалық жағынан ысылған, тәжірибелі маман етіп даярлау дәрежесінің төмендігінде, ша-

руашылықты неғұрлым пайдалы (рентабельді) жүргізу міндеттеріне әлі де болса жете мән бермеуде.

Қолхоздар мен совхоздардың басшы мамандары осы кезге дейін шаруашылықты жүргізудің экономикалық мәселесіне аз көңіл бөліп келді. Олар негізінен өндірілген өнімнің сан жағына баса көңіл бөлді де, оның сапа жағын, экономикалық тиімділік жағын ескермеді.

Партияның жаңа Программасы ауыл шаруашылығы еңбекшілері алдына өте жауапты да шұғыл міндет—жиырма жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемін 3,5 есе арттыру міндетін қойып отыр. Бұл міндет өнім өндіру үшін шығарылатын материалдық шығынды және еңбек мөлшерін шұғыл азайту нәтижесінде ғана іске асырылуға тиіс. Бұл үшін аймақтық (аудандық) және жеке шаруашылықты мамандандыру жұмысын дұрыс жүргізу, шаруашылық салаларын экономикалық жағынан тиімді үйлестіру, өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және еңбекті ұйымдастыру мен еңбекке ақы төлеудің прогрессивті формаларын енгізу керек болады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін неғұрлым тиімді ұйымдастыру—білгір маман экономистердің міндеті.

Ал бізде осы күнгі есеп және есеп беру формасына байланысты өндірілген өнімнің түсер құны қандай болатынын білмейтін шаруашылық басшылары мен мамандары аз емес. Олар өнімнің әрбір данасын немесе өлшемін өндіру үшін қаншалық материалдық және ақшалай шығын жатқанын қадағалап, біліп отырмайды. Бұл шығынды кемітуге бағытталған бар мүмкіндікті өндіріске енгізумен және оны іздеп табумен шұғылданбайды.

Біздің қолхоздар мен совхоздар дүние жүзіндегі ең ірі шаруашылықтар болып саналады. Мысалы, 1962 жылғы 1 январьға дейінгі мәлімет бойынша Қазақстандағы бір совхоздың ауыл шаруашылығына пайдалануға болатын жері 99,1 мың гектар болса, ал егістікке жарамдысы—23,8 мың гектар болды. Соңғы жылдарда ұсақ қолхоздардың біріктірілуіне байланысты қолхоздар да ірі шаруашылыққа айналды. Егер 1951 жылы бір қолхоздың егістікке жарамды жер көлемі орта есеппен 1651 гектар болған болса, ал 1961 жылы оның көлемі 7,2 мың гектарға, ал шаруашылыққа жарамды барлық жері—55,5 мың гектарға жетіп отыр. Бұл сияқты ірі шаруашылықтарда өндірісті тиімді ұйымдастыру техникалық және технологиялық мамандармен қатар экономист мамандардың болуын талап етеді. Қолхоздар мен совхоздар үшін білікті экономистердің қажеттігі олардың өндіріс көлеміне ғана байланысты емес, сондай-ақ топырақ және ауа райы жағдайларының әркелкілігіне қарай өндірісті қалай ұйымдастыру керек екеніне жан-жақты кеңес беріп отыру үшін де қажет. Қазіргі кезде қай шаруашылықта болсын негізгі құралдар және айналым қаражаты күн сайын көбейіп отырған, осызаманғы техникалық, агротехникалық және зоотехникалық жетістіктер көп мөлшерде қолданылып отырған, сондай-ақ өндірісті мамандандыру кең өріс алып отырған жағдайда ірі шаруашылықты қалай болса солай жүргізуге болмайды. Қолхоздар мен совхоздарда қолданылып жүрген экономикалық есеп пен тәртіпті қаған сақтамай тұрып, шаруашылықты дұрыс жүргізуге болмайтынын тәжірибе дәлелдеп берді.

Көп шаруашылықта өндірістік жұмыстардың ойдағыдай жемісті болмауының басты себебі—оларда экономистердің болмауы және экономистер ролін жете бағаламау. Статистикалық есеп мәліметіне қарағанда, 1962 жылдың басына дейін республика қолхоздарының 40 процентке жуығында экономист болмаған. Демек, көп шаруашылыққа экономикалық жағынан дұрыс басшылық жасалмаған.

Ал кейбір шаруашылықтарда экономистер болғанымен, олардың экономикалық көрсеткіштері айтарлықтай жақсы емес. Бұл неліктен?

Біздің Шығыс Қазақстан, Семей, Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының колхоздары мен совхоздарында жүргізген байқауымызға қарағанда, мұның мынадай үш себебі бар:

Біріншіден, өндіріс жұмыстарын ұйымдастыруда экономистер ролін бағаламаушылық кездеседі. Бірқатар шаруашылықтың басшылары экономистерге тек мәлімет жинаушы статистер ретінде қарайды. Сондықтан да олар көп шаруашылықта бухгалтерияға бағынышты болып, солардың қарамағында жұмыс істеп жүр. Тіпті 16 мың гектар жері бар Шығыс Қазақстан облыстық тәжірибе станциясының экономисінің өзі статист ролін атқарып келеді. Мұндай мысалдарды басқа облыстардан да келтіруге болады.

Екіншіден, шаруашылықтағы экономистердің көбінің арнаулы білімі, әзірлігі жоқ. Мәселен, Шығыс Қазақстан облыстық тәжірибе станциясында экономист қызметін ауыл шаруашылығы экономикасын немесе ауыл шаруашылығының басқа да саласынан не практикалық, не теориялық хабары жоқ Еременко деген атқарады. Әрине, мұндай экономистен күрделі шаруашылық не жақсылық күтсін!

Білімі мен тәжірибесі мол экономистердің тапшылығынан көптеген шаруашылық экономист қызметін атқаруға осы сияқты кездейсоқ қызметкерлерді отырғызуға мәжбүр болады. 1962 жыл басына дейінгі шаруашылық есебіне қарағанда, колхоздардың 8 проценті, совхоздардың 29 проценті ғана жоғары білімді экономистермен қамтамасыз етілген. Колхоздар мен совхоздарды өз ісін жақсы білетін ауыл шаруашылығының экономист кадрларымен неғұрлым жедел нығайту керек.

Үшіншіден, колхоздар мен совхоздар басшылары экономист кадрды өзінің төл міндетіне дұрыс пайдаланбайды, олардың орны мен правосын білмейді. Өндірістің экономикалық көрсеткіштеріне олардың жауапкершілігін арттыру ісіне көп нұқсан келіп жүр. Тіпті кейбір шаруашылықтарда белгілі дәрежеде теориялық және практикалық дайындығы бар ауылшаруашылық мамандары экономист қызметіне алынса да олардың міндеті тек жоспар жасаумен, сондай-ақ шаруашылық басшыларының жеңіл-желпі тапсырмаларын орындаумен ғана шектеліп келеді.

Экономистердің ролін жете бағаламауды олардың еңбегіне ақы төлеуден де көруге болады. Көптеген шаруашылықтарда оларға ақы тиісті мөлшерде төленбейді. Мәселен, Алматы облысының Мичурин атындағы дәулетті колхозының экономисі, жоғары білімді агроном И. Д. Шестаков жолдас колхоздағы бас агрономның алатын табысының үштен бірін ғана алады.

Бұған керісінше, Солтүстік Қазақстан облысының «Образцовый» совхозы шаруашылық экономисінің еңбегін дұрыс бағалап, оның міндетін белгілеуде тамаша үлгі көрсетіп отыр. Совхозда бес жылдан бері тәжірибелі маман Н. Немцов жолдас экономист болып істейді. Немцов жолдас совхоздың перспективалық өндіріс-финанс жоспарын жасаумен бірге, күнделікті жұмыс жоспарларын да жасайды және негізгі өндіріс салалары бойынша жұмсалған материалдық және ақшалай шығынды ұдайы бақылап, бригаданың, бөлімшенің, ферманың, жөндеу мастерскойының және басқа да шаруашылық объектілерінің айлық, тоқсандық, жартыжылдық және жылдық қызметіне талдау жасайды, нормалау, еңбекке ақы төлеу жұмыстарын тәртіптеу, анықтау және жетілдіру сияқты міндеттерді атқарады. Қызметі жағынан Немцов жолдас совхоздың бас мамандарының қатарына қосылады және еңбегіне ақыны да солармен бірдей алады. Міне, сондықтан да өзінің правосы мен міндеттерін жақсы түсіне білген ол шаруашылықтың жұмысына белсене араласып, өнім өндіру үшін артық шығын шығартпауға, ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді толық іске қосуға ұмтылады. Ол

шаруашылықты жүргізудің алдыңғы қатарлы әдістерін кең қолдау ісіне де мұрындық болып жүр. Ол әрбір бригада мен фермада өнім өндіру үшін жұмсалатын шығынның мөлшерін көрсетіп, технологиялық карта жасайды. Осының нәтижесінде ол өндірістің қай учаскесінде болсын артық шығын шығармаудың амалын қарастырып, шаруашылық басшыларынан бұл жөнінде нақты шара қолдануды талап етеді.

Қолхоз, совхоз экономистері өз міндетін осылай атқарып, шаруашылық алдында тұрған күрделі мәселелерді шешуге етене араласып, өзіне лайықты орын табатын болса, экономикалық көрсеткіштердің жақсара түсетіні сөзсіз.

Алайда, әрі жақсы, әрі үлгі аларлық мысал ретінде келтіріліп отырған «Образцовый» совхозы экономисінің жұмысында да елеулі кемшілік бар. Немцов және оның көптеген қызметтес жолдастарына тән бір кемшілік мынадай: олар өндірісті жоспарлау, егін мен мал шаруашылығының тиімді құрылымын тауып қолдану, совхозды мамандандыру, шаруашылық салаларын тиімді үйлестіру жөнінде инициатива көрсетпейді. Қазір колхоздар мен совхоздардың қызметкерлеріне өндірісті жоспарлау, оны тиімді ұйымдастыру, жергілікті жағдайға үйлесімді мол өнімді дақылдарды іріктеп алу сияқты кең право беріліп отыр. Осыған байланысты экономистердің, сондай-ақ шаруашылық басшыларының өндірістің экономикалық мәселелерін шешу ісіне қалай болса солай немкетті салақ қарауына енді төзуге болмайды. Кейбір колхоз бен совхоз басшылары ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жөнінде белгіленген тапсырма мен бақылау цифрларды орналастыру тек экономистердің міндеті деп жаңсақ пікірде жүр. Бұл шаруашылық басшылығының да міндеті. Рас, экономистер мұнда белді қызмет атқарады. Олар шаруашылық басшыларымен бірлесе отырып, өндірілетін өнімнің өлшеміне жұмсалатын материалдық және еңбек шығынын азайту, оның рентабельділігін арттыруға бағытталған экономикалық және технологиялық шаралардың бәрін қолдану жолында күреседі. Міне, сонда ғана олар өздерінің таланты мен іскерлігін көрсете алады, сонда ғана олар мәлімет жинаушы шабармандарға айналмайды.

Экономистер өндіріс жұмыстарын ұдайы бақылап, оның ерекшелігін жанжақты зерттеп отыруға тиіс, өндірістік жұмыстарды неғұрлым тиімді ұйымдастыру, еңбекті дұрыс нормалау—олардың ең басты міндеттерінің бірі. Социализмнің «тең еңбекке—тең ақы» деген негізгі принципін жүзеге асыруда еңбек нормасының дұрыс белгіленуінің маңызы зор. Осыған байланысты кейбір шаруашылықтардағы ескірген норманы қайта қарау керек болады. Бұған экономист басшы болуға міндетті.

Қолхоз, совхоз экономисінің жұмысы көлемді де жанжақты. Бұл жұмыстың күллісін жалғыз экономистің алып жүруі қиынға түседі. Шаруашылықта экономистер тобын құрған жөн. Өнеркәсіпте кішігірім кәсіпорында да бірнеше адамнан құрылған жоспарлау бөлімі бар. Қазіргі көп салалы шаруашылығы бар колхоздар мен совхоздарда да сондай жоспарлау бөлімін немесе экономистер тобын құрған жақсы болар еді.

Мәселен, Іле ауданының Мичурин атындағы колхозы—көп салалы шаруашылық. Мұнда астық, овоц, картоп, жеміс және жүзім шаруашылығы мықтап өркендеген. Қолхозда бір мың жарымнан аса колхозшы бар, шаруашылықтың жылдық ақшалай табысы екі миллион сомнан асады. Міне, осындай көп салалы ірі шаруашылықта бір-ақ экономист жұмыс істейді. Мұндай жағдайда еңбекті нормалау, өндірістік жұмыстарға терең талдау жасау сияқты жұмыстар бір адамның қолынан келе бермейді. Мұндағы жалғыз экономистің тек өндірістік-финанс жоспары мен маусымдық жұмыстар жоспарын жасауға ғана мүмкіндігі бар. Ал, жұмыс барысына күнделікті талдау жасап отыруға оның

шамасы келмейді. Мұндай жағдайды көптеген шаруашылықтардан көруге болады.

Осыларды ескере отырып, біз ірі-ірі колхоздар мен совхоздарда ғылым болмағанда екі адамнан құралған жоспарлаушылар тобын құруды жөн санаймыз.

Экономистерге басшылық жөнінде бірер сөз айтуға тура келеді. Соңғы уақытқа дейін совхоздағы, әсіресе колхоздағы экономист өзімен өзі болып келді. Олардың жұмысына ешкім бағыт беріп, көмек көрсеткен емес, таңдаулы экономистердің жұмысына талдау болған жоқ.

Партия мен үкімет ауыл шаруашылығын жедел көтеру міндетіне зор көңіл бөле отырып, колхоз, совхоз өндірісі басқармаларын құрды. Бұл басқармаларда экономистерге лайықты орын берді. Олар колхоз-совхоздағы экономикалық жұмысты жақсартуға міндетті. Бұл үшін экономистердің теориялық және практикалық білімін көтере беру қажет. Оларды даярлау ісін жүйелі жолға қойған жөн.

Қолхоз, совхоз экономистерінің ролін көтеріп, жауапкершілігін арттыру үшін оларды барлық шаруашылықта да басқа бас мамандар дәрежесінде ұстаған дұрыс деп есептейміз.

Экономистердің білімін көтеретін курстар ашумен қатар өндірістік басқармаларда олардың дүркін-дүркін кеңестерін өткізіп отырған жақсы.

Қолхоз, совхоз экономистері ауыл шаруашылығы өндірісінің шешуші тұлғасына айналатын болсын. Қазіргі жағдай осыны таләп етеді.

Б. ҚАСЫМОВ,

ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты.

О. ҚОЖАСОВ,

экономика ғылымының кандидаты.

* *

*

РЕДАКЦИЯДАН: Б. Қасымов пен О. Қожасов жолдастар бұл мақаласында колхоз-совхоз экономисінің шаруашылықты нығайтудағы ролі туралы аса қажетті мәселе көтеріп отыр. Мақалада жоспарлаушылар тобын құру, оларды өзге де бас мамандар дәрежесіне көтеру, экономист кадрларды даярлауды жүйелі жолға қою сияқты мәнді-мәнді ұсыныстар бар. Осыған байланысты редакция журнал оқушыларын колхоз-совхоз экономистері жөнінде бұл мақалада көтерілген мәселелер туралы пікір, ұсыныс айтуға шақырады.

Қоғамдық тамақты ұйымдастырудың кейбір мәселелері

Бұдан жүз жыл бұрын ғылыми коммунизмнің негізін салушы Маркспен Энгельс социалистік қоғамда тағам дайындау ісі орталықтандырылатынын, соның арқасында қоғамның көптеген материалдық қорының және еңбектің үнемделетінін данышпандықпен болжап көрсеткен болатын.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі, В. И. Лениннің өзі бұл мәселеге әрқашан зор мән бергені белгілі. Владимир Ильич қоғамдық асхананы, яслилерді, балалар бақшасын коммунизмнің өркені деп атады. Оларды әйелдердің еркектермен теңсіздігін іс жүзінде жоя алатын ең қарапайым құралы осы деп бағалады. Ол өзінің белгілі «Ұлы бастама» деген еңбегінде қоғамдық тамақтану ісі жолға қойылмағандығынан да «Барлық азаттық заңдарға қарамастан, әйелдер әлі де болса *үй ішінің күңдігінен* шыға алмай отыр, өйткені *ұсақ үй шаруашылығы* оларды жаншып, тұншықтырып, топастандырып, еңсесін көтертпей отыр, олардың ас пісірумен, бала күтумен қолын байлап, діңкеге тиетін, топастандыратын, жаныштайтын, өте өнімсіз, ұсақ жұмыстармен олардың еңбектерін ысырап етіп отыр. Осы ұсақ үй шаруашылығына қарсы бұқаралық күрес (мемлекет билігін меңгеріп отырған пролетариаттың бастауымен) басталған жерде ғана, немесе, дұрысырақ айтқанда осы ұсақ шаруашылықты ірі социалистік шаруашылыққа айналдыратын *бұқаралық қайта құрылыс* жұмысы басталған жерде ғана, тек сол уақытта ғана *әйелдерді* шындап *азат ету ісі*, шын коммунизм басталмақ» (В. И. Ленин, Шығармалар, 29-том, 425-426-беттер).

Қоғамдық тамақтандыру жүйесін ұлғайтып, жолға қоюдың экономикалық, әлеуметтік маңызы аса зор. Ол әйелдердің өнімсіз жұмыстан қолын босатумен бірге, бүкіл халықтың мәдени дәрежесінің артуына, халықтың денсаулығын, жалпы тұрмыс жағдайын жақсартуға, өнімді еңбек көлемін ұлғайта беруге көмектеседі. Тамақты үйде әзірлеуден гөрі қоғамдық орында әзірлеудің жеке адам үшін де, қоғам үшін де, пайдалы, тиімді екені ғылыми дәлелденген, тәжірибеде сыннан өткен.

Партияның XXII съезі халықтың тұрмыс дәрежесін көтере беру ісіне ерекше назар аударды. Таяу жылдар ішінде қоғамдық тамақтану жүйесінің кеңітіліп, олардың жұмыстарының жақсартылуы, халық мүддесіне қызмет көрсететін басқа да көптеген шаралармен: жұмыс күні мен жұмыс аптасын қысқарту, тұрғын үй құрылысын бұрынғыдан да күшті қарқынмен жүргізу, пенсиямен қамсыздандыру, халыққа медициналық қызмет көрсету, тағы басқалармен қоса жүргізіле бермек. Бұлар халықтың жалпы тұрмыс дәрежесінің көтерілуіне, барлық жұрттың жоғарғы сапалы, әртүрлі тағамдармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуіне жеткізеді. КПСС Программасында бұл жөнінде тағы да былай делінген: «Қоғамдық тамақтандыру орындарын, оның ішінде кәсіпорындардың, мекемелер мен үлкен-үлкен үйлердің жанындағы асханаларды халықтың тілегін толық өтейтіндей етіп кеңейту ісіне ерек-

ше назар аудару керек. Асханадағы тағамдар дәмді, жұғымды болуы үшін және ол үйде дайындалғаннан гөрі семьяға арзан түсетін болуы үшін асханалардың тұтынушыларға қызмет көрсетуі мен тағамдардың сапасы негізінен жақсартылатын болуға тиіс. Қоғамдық тамақтандыру орындарындағы өнімдердің бағасы сауда жүйесіндегі азық-түліктің бағасынан оза арзандайды. Осының бәрінің нәтижесінде 10—15 жылдың ішінде қоғамдық тамақтандыру ісі үйдегі тамақтанудан басым орын алатын болады».

Қоғамдық тамақтандыруды жақсарту, партияның XXII съезі белгілеген шараларды толық, дәйектілікпен жүзеге асыру мемлекеттік міндет. Мұның, әсіресе коммунистік құрылыстың күрделі міндеттерін жүзеге асырып жатқан, ұлан-байтақ тың жер игеріп, жаңа селолар мен жұмысшы поселкелерін орнатып жатқан Қазақстан еңбекшілері үшін ерекше маңызы бар. Республикада бұл жөнінде істелген аздықөпті жұмыстар да аз емес. Қазіргі кезде Қазақстан бойынша жылына 135,6 миллион сомның тағамын жасайтын 6,7 мыңнан астам асхана, ресторан, кафе мен шайхана жұмыс істейді. Мұнда 42 мыңнан астам адам қызмет атқарады. Заводтар мен фабрикалардағы, мектептер мен басқа қоғамдық ұйымдар жанындағы тамақтандыру орындарында бір жарым миллионнан астам адам тамақтанады.

Қала мен село еңбекшілеріне асханада тамақтануға ойдағыдай қызмет көрсетіп отырған сауда орындары, онда істейтін алдыңғы қатарлы сауда қызметкерлері де бізде аз емес. Мысалы, Қөкшетау облысының Красноармеец ауданының Киров атындағы совхозы асханасының жұмысы мақтауға тұрарлықтай. Оның асхана үйі жақсы жабдықталған, жұмысы ойдағыдай. Мұнда тамақ сапалы әзірленеді, халыққа қызмет көрсетуі де ойдағыдай. Тың өлкесінде кәзірде осындай 12 үлгілі асхана бар. Бұларда жұмысшылар мен қызметшілердің өздері ғана емес, олардың семья мүшелерінің де тіпті кейбір сүт, ет тәрізді тағамдарды асханалардан арзан бағамен сатып алуына да жағдай жасалған.

Бірақ республикадағы көптеген қала мен селодағы қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысы әлде де болса халықтың өскелең қажетін толық өтерліктей дәрежеде емес, асханалар мен ресторандарда, шайханалар мен кафелерде тағамдар сатылуы ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Сонымен бірге азық-түліктің кейбір түрлерінің қоғамдық тамақтандыру орындарында сатылатын үлес салмағы соңғы кезде кеміп кеткенін ашық айтуға тиіспіз. Мемлекеттік және кооперативтік сауда орындарының азық-түлік товарларын сатуында қоғамдық тамақтандыру орындарының үлесі 1953 жылы 26 процент болса, 1957 жылы 17 процент, 1961 жылы 15 процент ғана болған.

Соңғы жылдарда, әсіресе 1953 жылдан бергі уақытта елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді шұғыл көтеру жөнінде бірсыпыра шара жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру едәуір көбейді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі жұмыстары едәуір жақсарды. Көпшілік қолды товарлардың өндірілуі біраз көбейді. Мұның бәрі халықтың магазиндерден, колхоз базарларынан азық-түлікті, басқа тұтыну заттарын көбірек сатып алуына қолайлы жағдай туғызды. Бұған байланысты қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысы да жақсара түсуге тиіс еді. Алайда, республикада қоғамдық тамақтану жүйесі өте баяу өсіп келеді, онда әзірленетін тағамдардың сапасы нашар.

Мысалы, республикамызда жүз мыңнан аса жұмысшысы бар 158 өнеркәсіп орнында асхана жоқ. Әсіресе, селолы жерлердегі көптеген совхоздар орталықтарында, олардың бөлімшелерінде асханалардың болмауы қынжыларлық іс. Биылғы 1 январьдағы дерекке қарағанда Ақтөбе облысының 6 совхозында, Шығыс Қазақстан облысының 20

совхозында, Орал мен Көкшетау облыстарының әрқайсысының 10 совхозында асхана мүлде ұйымдастырылмаған.

Республикада қоғамдық тамақтандыру ісін жақсартуға түсуде жеті жылдық жоспарда белгіленген шараларды толық жүзеге асырудың маңызы зор. Жоспар бойынша осы жылдар ішінде 10 мыңнан астам магазин, асхана және көптеген қоймалар жаңадан салынуға тиіс. Мұны жүзеге асыру асхана жөніндегі тапшылықты неғұрлым тез жоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Сауданы бұдан былай да жақсартудың шаралары туралы» 1960 жылғы 8 августтағы қаулысында асхана салуға тұрғын үйлер құрылысы есебінен тиісті қорлар бөлу қажеттігі атап көрсетілген болатын. Бұл—қоғамдық тамақтандыру ісін жолға қоюдың өте үлкен резерві. Асхана салуға бөлінетін қаржының мөлшері де аз емес. Мысалы, биылғы жылдың өзінде ғана республикада асханалар салуға 18,5 миллион сом бөлінуге тиіс екен. Оның үстіне сауда құрылыстарына арналып мемлекеттік жоспар бойынша 12,5 миллион сом бөлінді. Мәселе осы қаражатты дұрыс, толық, тиімді етіп пайдалану білуде.

Республиканың көптеген қаласы мен селосында бұрыннан келе жатқан қоғамдық тамақтандыру орындары үйлерінің біразы онша жақсы емес. Тіпті, бұлардың бірсыпырасының тозығы жеткендіктен пайдалануға да жарамай жатыр. Мысалы, 1961 жылы республиканың мемлекеттік сауда орындарында 325 асхана үйі жарамсыз болғандықтан жабылған, ал бұл жылы тек 169 асхана ғана салынған. Сөйтіп, көп жерде қоғамдық тамақтандыру орындарының жүйелері өсудің орнына кеміп кеткен. Қоғамдық тамақтандыру орындарын салуда неғұрлым тез қарқынмен жүргізудің қажеттілігі де осыдан.

Тағамды арзандату, сауда жүйесіндегі азық-түліктен гөрі асханада әзірлейтін астың арзан болуы үшін күресу—басты міндеттің бірі. Ал, шын мәнісінде кейбір асханада әзірленетін тағамдар үйде әзірленетін тағамдардан қымбат болып жүр. Сауда орындарының кейбір қызметкері өзіне сеніп тапсырылған іске жауапсыз қарап, асхана тағамын арзандату жөнінде қамқорлық жасамайды.

Қоғамдық тамақтандыру орындарындағы өндіріс процесін механикаландыру—еңбек өнімділігін арттырудың және тағамның бағасын арзандатудың қажетті шарттарының бірі. Республикадағы қоғамдық тамақтандыру орындарының кәзірде механикаландыру дәрежесі өте төмен. Мысалы, мемлекеттік сауда жүйесінде 1575 асхана, шайхана, 2618 буфет пен кафе бар. Ал, асханалардың тек 466 ғана картоп тазалағыш, 721-де механикалық ет тартқыш, 269-да ыдыс жуатын машина, 115-де овощ турайтін машина, 26-да котлет пен пельмен жасайтын автомат бар. Оның үстіне осы азды-көпті машиналардың өзі де тиімді пайдаланылмайды.

Қоғамдық тамақтандыру орындарында еңбек өнімділігінің төмен болуының тағы бір себебі мынада: кәзіргі кезде республиканың асханаларында жұмыс істейтін қызметкерлердің 70 проценті тікелей ас дайындауға қатынаспай, көбінесе әкімшілік басқару жұмыстарымен шұғылданып жүр. Бұл, біріншіден, қоғамдық тамақтың бағасын қымбаттатуға әсерін тигізсе, екіншіден, мамандығы бар, төселген сауда қызметкерлерінің халыққа тікелей қызмет ету ісіне араласуын тежеп отыр.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, 1959 жылы КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қоғамдық тамақтандыруды бұдан былай да өркендете беру жөнінде арнаулы қаулы алғаны белгілі. Ол қаулыда асханаларды, шайханаларды, ресторандарды, кафелерді жартылай дайындалған тағамдармен қамтамасыз етіп, оларды шикізатты ұқсатудан босату қажет екені атап көрсетілген. Шикізатты ірі асхана-

ларда, кухня-фабрикаларда, ірі азық-түлік комбинаттарында ұқсату қоғамдық тамақтандыру жүйесінің жұмысын едәуір жеңілдетеді. Бұл асханаларда еңбек өнімділігін арттыруға, тамақтың бағасын арзандатуға жеткізеді. Сонымен бірге, бұл әдіс тағамды өңдеу, дайындау технологиясына озат тәжірибе жаңалықтары мен ғылым жетістіктерін кеңінен енгізуге, өндірістің тазалық-санитарлық жағдайын оңдауға мол мүмкіндік береді.

Бірақ бұл тиімді әдіс республикада әлі кең өріс ала алмай келеді. Республика көлемінде өткен жылы 6,5 миллион сомның ғана жартылай әзірленген тағамы сатылыпты. Бұл, әрине, өте аз, яғни жалпы қоғамдық тамақтандыру орындарында шығарылған өнімнің 4,8 проценттейі ғана. Қоғамдық тамақтандыру орындарының басым көпшілігі жартылай дайындалған тағамдармен қамтамасыз етілмейді. Республиканың тамақ өнеркәсібі қоғамдық тамақтандыру орындарына жартылай дайындалған тағамдардың небәрі 16 процентін ғана беріп отыр.

Сауда мәдениетін арттыру—қоғамдық тамақтандыру орындары қызметкерлерінің алдында тұрған түбегейлі міндеттің бірі. Қазірде қала жұртшылығын, жұмысшыларды, қызметшілерді тамақтандырудың көптеген жаңа түрлері бар. Мысалы, асханаларда еңбекшілердің өзіне өзі қызмет көрсетуі, тамақты абонементпен босату, сатушысыз буфеттер ұйымдастыру, үйге немесе жұмыс орындарына тамақ жеткізіп беру, халыққа жартылай дайындалған немесе кухняда әзірленген тағамдық заттарды сату, еңбекшілердің дем алатын жерлерінде немесе жолаушылар аялдайтын жерлерде сауда ұйымдастыру тәрізді қоғамдық тамақтануды өрістетудің жаңа әдістері қолданылып отыр. Қоғамдық тамақтандыруды жолға қоюдың бұл тәрізді тиімді түрлерін жетілдіре, дамыта беру—сауда қызметкерлерінің ардақты борышы.

Аспазшы—қоғамдық тамақтану жүйесіндегі басты тұлға. Халыққа берілетін тамақтың сапалы, жұғымды, дәмді әзірленуіне де сол аспазшыға байланысты. Бірақ сауда орындары аспазшыны дұрыс пайдалану, олардың мамандығын көтеру ісіне жеткілікті қамқорлық жасамайды. Аспазшыны тамақ әзірлеу сияқты өзінің негізгі жұмысына дұрыс пайдаланбау фактілері жиі кездеседі. Оның үстіне республикадағы мемлекеттік сауда жүйесіне қарасты асханалардағы аспазшылардың тек 10 процентінің ғана жоғарғы дәрежелі мамандық білімі бар. Мұны, әрине оп-оңай түзеуге бола қоятын кемшілік деуге болмайды. Жоғарғы дәрежелі білімі, мамандығы бар аспазшылар даярлау және барлық қоғамдық тамақтандыру жүйесін жоғары сапалы шикізатпен қамтамасыз ету міндеттеріне бұдан былайғы жерде де баса көңіл бөлінуге тиіс.

Партия совет халқының әл-ауқатын жақсартудың көптеген маңызды шараларын жүзеге асырып жатқан кәзіргі кезеңде халыққа қоғамдық тамақтану жағынан қызмет көрсету—аса маңызды міндеттің бірі. Бұл сауда қызметкерлері мен партия, совет, кәсіподақ органдарының үнемі шұғылданып отыратын айбынды істерінің бірі болуға тиіс.

К. БЕЙСЕМБЕТОВ.

Партия Программасы туралы әңгіме

Ең ықпалды саяси күш

Кәзіргі кезеңде коммунистік және жұмысшы партиялары еңбекшілердің қалың бұқарасын соңына ерткен, аса беделді, жалпы жұрт таныған ең ықпалды саяси күшке айналып отыр. Жер шарында 88 коммунистік және жұмысшы партиясы бар, олардың бейбітшілік, демократия, ұлт азаттығы, социализм мен адамзат прогресі жолындағы айбынды күресі аса елеулі нәтиже беруде.

Коммунистік партиялар өкілдерінің 1957 және 1960 жылдарда болып өткен тарихи Кеңестері және ол Кеңестерде қабылданған документтер, әсіресе, Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасы халықаралық коммунистік қозғалыстың өрісін кеңейтіп, идеялық жағынан онан әрі шыңдай түсті.

Мәселен, 1960 жылғы Кеңес қабылдаған Мәлімдемеде кәзіргі заманға маркстік-лениндік тұрғыдан ыспаттама беріліп, халықаралық коммунистік, жұмысшы және азаттық қозғалыстың алдында ашылып отырған аса зор перспективалар атап көрсетілді. Кеңес документтері дүниежүзілік социалистік системаның даму жолы мен социалистік лагерьдің онан әрі топтаса түсу жолын белгілеп, капиталистік елдердегі жұмысшы табы күресінің, отаршылдықтың масқара системасын түпкілікті жою, жаңа соғыс қатеріне қарсы шығып отырған барлық күшті біріктіру жолындағы күрестің аса маңызды проблемаларын айқындап берді.

Социалистік елдердегі коммунистік партиялар халықаралық коммунистік қозғалыста нағыз ықпалды да күшті отряд болып табылады. Оның қатарында 35 миллионға жуық коммунист бар. Коммунистік партиялардың басшылығы арқасында социалистік елдердің халықтары тарихи қысқа мерзім ішінде социализм мен коммунизм орнатуда орасан зор табысқа ие болды, сөйтіп, социалистік система адамзат қоғамының дамуында шешуші де құдіретті факторға айналды. Сондықтан да ХХ ғасыр—халықаралық жұмысшы қозғалысының өсіп, нығаю, жұмысшы табының топтасқандығы мен саяси кемелдену ғасыры деп аталуы тегін емес. Коммунистік қозғалыстың кең құлаш жаюы бұған айқын дәлел бола алады.

Халықаралық коммунистік қозғалыстың неғұрлым тәжірибелі және шыныққан отряды Совет Одағының Коммунистік партиясы—дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың жалпы жұрт таныған авангарды. «Маркстік-лениндік басқа да партиялармен бірге Совет Одағының Коммунистік партиясы—делінген КПСС Программасында,—барлық елдің халықтарын топтасуға, өзінің барлық ішкі күштерін жұмылдырып, белсенді қимыл жасауға және дүниежүзілік социалистік системаның күшті қуатына сүйене отырып, революцияға аттанған қандай да болсын елдегі халықтың істеріне империалистердің қол сұғуына жол бермеуге, немесе мұндай қол сұғушылыққа батыл тойтарыс беруге, сөйтіп, империалистердің контрреволюцияны басқа елдерге күштеп таңуына жол бермеуге шақыруды өзінің интернационалдық борышы деп санайды».

Социалистік мемлекеттердің маркстік-лениндік партиялары өздерінің ішкі саясатында әрбір елдің нақты ерекшеліктерін ескере отырып, социалистік құрылыстың жалпы заңдылықтарына сүйенеді. Олар әр елдің өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын қолда бар мүмкіндіктерге сәйкес күшті қарқынмен дамытып отырады. Коммунистік партиялар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі жөнінде дүниежүзілік капиталистік система елдерінен асып түсу, ал соның ізінше экономикалық жағынан неғұрлым өркендеген капиталистік елдерді жан басына өнім өндіру дәрежесі мен тұрмыс дәрежесі жөнінде басып озу жолындағы күресті өздерінің интернационалдық міндеттері деп біледі.

Қазір біздің еліміз Совет Одағы Коммунистік партиясының дана басшылығы арқасында әлем төрінен өнеркәсібі ересен дамыған ұлы держава ретінде лайықты орын алып отыр.

Социалистік ұлы құрылыстың нәтижесінде Қытай, Польша, Чехословакия, Румыния, Венгрия және демократиялық Корея елдерінің өнеркәсібі ойдағыдай өркендеп келеді.

Мысалы, Чехословакия социалистік республикасының халық шаруашылығын өркендетуге бағытталған 20 жылдық перспективалық жоспарының жобасында 1980 жылы өнеркәсіп өндірісі 1960 жылмен салыстырғанда бес есе, 1937 жылмен салыстырғанда 20 есе өсетін болады.

Москвада 1962 жылдың 6—7 июнінде Экономикалық өзара көмек Советінің Кеңесі болды. Өзара көмек Советінің мүшелері болған елдердің жанжақты ынтымағын дамыту социалистік лагерьдің экономикалық қуатын одан әрі күшейтуге, социалистік елдердің бірлігі мен топтасқандығын нығайтуға, сөйтіп социализмнің дүниежүзілік жүйесінің жеңісін тездетуге жәрдемдеседі деп атап көрсетті.

Социалистік елдердің коммунистік партиялары өздерінің сыртқы саясатында лениндік ұлы қағидаларды басшылыққа алып, халықаралық шиеленіс мәселелерін бәсеңдете түсу, қоғам өмірінен соғыс қаупін мүлдем жойып, дүние жүзінде бейбіт өмір орнату үшін тайсалмай, талмай ат салысуда.

Индустриясы дамыған капиталистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары жұмысшы қозғалысына жасап отырған ықпалы жағынан халықаралық коммунистік қозғалыстың аса бір көрнекті отрядына айналды. Бұл отряд 3 миллионға жуық мүшесі бар 26 коммунистік және жұмысшы партиясын қамтиды.

Бұл маркстік партиялар өздерінің алдарында тұрған тарихи міндеттерін іс жүзіне асыруда Ұлы Лениннің: «Басқа таптар мен партияларға пролетариат еш уақытта «түгелінен реакцияшыл бұқара» деп қарамауы керек: қайта пролетариат бүкіл саяси және қоғамдық тұрмысқа қатынасуы керек, реакцияшыл таптар мен партияларға қарсы прогресшіл таптар мен партияларды қолдауы керек, өмір сүріп тұрған қоғам құрылысына қарсы революциялық қозғалыстардың бәрін қуаттауы керек, қандай да болса езілген халықтардың яки нәсілдердің, қандай да болса қудаланған діни нанымдардың, правосыз жыныстың... қорғаушысы болуы керек» (Шығармалар, 4-том, 182-бет) деген данышпандық сөздерін әрдайым басшылыққа алып келеді.

Олар өз елдеріндегі ерекшеліктерді, таптық күштердің ара салмағын ескере отырып, кәзіргі кезеңдегі өздерінің басты бағыты ретінде демократиялық міндеттерді шешу ісін қолға алды.

Соңғы жылдары 1 800 мың коммунисті бар Италия Коммунистік партиясы елеулі табыстарға жетті. 1958 жылдың 25 майында болып өткен парламенттік сайлауда коммунистер 6 миллион 704 мың дауысқа ие болып, депутаттар палатасында 140 (596-дан), сенатта 60 (253-тен) орын алып отыр. 1960 жылғы провинциалдық және муниципиялдық сайлауда, коммунистерге парламент сайлауымен салыстырғанда

104 мың дауыс артық берілді, яғни бұл—әрбір төрт сайлаушының бірі Коммунистік партияның мүшесіне дауыс берді деген сөз.

Италия Коммунистік партиясының практикалық жұмысында кәсіподақ, кооператив, жастар және әйелдер ұйымдарына басшылық ету маңызды орын алады.

Франция Коммунистік партиясы да Европа елдеріндегі ықпалды маркстік партиялардың бірі. Үстіміздегі жылдың алғашқы 4 айының ішінде-ақ партия қатарына 33 500 мүше алынып, 1251 жаңа ячейка құрылды, оның ішінде 802 ячейка өнеркәсіп орындарында құрылды.

Франция Коммунистік партиясы жалпы демократиялық, прогресстік ұйымдар мен күштерге арқа сүйейді. Мәселен, Коммунистік партияның қатарында 1 300 мэр, 25 мың муниципальдық кеңесші қызмет етеді, 100 мыңнан астам коммунист кәсіподақ, әйелдер мен демократиялық жастар ұйымына, бейбітшілік жақтаушылардың қозғалысында дем беріп келеді. Оның ішінде 15 мыңнан астамы жалпы франциялық-департаменттік мекемелерде жұмыс істейді.

Кәзіргі кезеңде Коммунистік партия Франция коммунистерінің барлық күш-жігерін реакцияшыл, дегольдік топтарға қарсы жұмсап, саяси және прогрессивтік партияларды асқан ұйымшылдықпен күресуге шақыруда.

Капиталистік елдердегі көптеген маркстік партияларға күні бүгінге дейін өте-өте ауыр жағдайда жұмыс жүргізуге тура келіп отыр. Олардың қатарына АҚШ, Германия, Греция, Испания, Португалия сияқты елдердің коммунистік партиялары бар.

АҚШ Коммунистік партиясын Смит пен Маккарэн заңдары арқылы нақақтан айыптаушы Кеннеди үкіметіне бүкіл прогресшіл адамзат наразылық білдіруде. СССР, Қытай Халық Республикасы және басқа социалистік елдер баспасөзінде жүздеген ғылым мен мәдениет, кәсіп одақ және басқа қоғамдық ұйымдардың белгілі қайраткерлері жолдаған хаттарында АҚШ-тағы коммунистік қозғалысқа қарсы жасалып отырған озбырлық істер батыл әшкереленумен қатар, оның жедел тоқтатылуы талап етілуде. Өз елінің шынайы патриоттары болып отырған АҚШ коммунистері алған беттерінен еш уақытта қайтар емес. Қайта, олар демократия мен социализм жолындағы қасиетті күресті онан сайын күшейте түсуде.

АҚШ коммунистерінің өз идеалы үшін жүргізген табанды да ержүрек күресінің тамаша үлгісін америка халқының адал перзентінің бірі Генри Уинстонның жарқын өмірінен айқын көруге болады. Ол ұзақ жылдар бойы реакцияның озбыр саясатының дәмін татып, жапашекті. Соның зардабынан көз жанарынан айрылды. Тек халықаралықынтымақ қозғалысының толқыны ғана оны түрмеден босатты. «Мен партиядағы орным аса мақтанш сезіммен қайтып оралдым,—деп мәлімдеді ол түрмеден шыққан бетінде.—Бірақ мен көзім соқыр болғанмен, саяси соқыр емеспін».

Кәзір Генри Уинстон мен оның жауынгер шәкірттері АҚШ еңбекшілерінің ой-сезімінің жаршысы болып табылатын өз партиясының ісі үшін табандылықпен күресіп келеді. «Коммунизм жасасын!» деген жалынды ұран жер шарының түкпір-түкпірінен айбынды естілуде.

Испания, Португалия, Иран және басқа капиталистік елдердің коммунистері де соншалықты төзімділікпен күресуде. Мұндағы коммунистердің көпшілігі 20 жылдан бері түрмеде қамалуда. Реакция оларға қаншалықты ауыр жаза қолданып бақса да, халық мүддесі үшін күресуші ержүрек коммунистерді мойыта алмақ емес. Оны тағы да мына фактілерден көруге болады. Испания Коммунистік партиясы Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі Санчес Монтеро адам төзбестік зәбірден кейін былай деп мәлімдеді:

«Партиямның уставы да, менің коммунист жетекшісі ретіндегі ар-ожданым да жұрттың аты-жөнін мәлімдеп, қандай да болсын істің жайын хабарлауыма мұрсат бермейді».

Ал, Иран Халықтық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Рузбех дар алдындағы соңғы сөзінде:

«Мен өз бағытыма әрқашанда адалмын. Саяси көзқарасымды қасиетті деп есептеймін. Иран Халықтық партиясына берген антымды еш уақытта бұзбаймын»—деп асқақ сезіммен айтты.

Иә, шынында да адамның ең жарқын келешегі үшін, халықтың бақыты үшін күресуші ержүрек коммунистердің еркін реакцияның ешқандай күші мұқалта алмайды.

Германия Коммунистік партиясы жарыққа шыққан күнінен бастап-ақ герман милитаристерінің зұлымдық әрекеттерінің іске аспауы үшін жан аямай күресуде. Батыс Германия милитаристері Компартияны түбегейлі жою мақсатымен 4 рет зұлымдық әрекет жасады. 1956 жылдың 17 августында Аденауэр үкіметі партияны антиконституциялық ұйым деп айыптады. Алайда, осыған қарамастан, Коммунистік партияның қатары күннен-күнге өсе түсуде. Партияның еңбекші бұқарамен байланысын нығайту, неміс халқының ізгі мүддесі—біртұтас демократиялық Германия мемлекетін құру жолындағы күресі барған сайын қанатын кең жаюда.

Соғыстан кейінгі жылдары ұлт-азаттық қозғалысының бұрынғыдан да гөрі өріс алуына байланысты көптеген Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде маркстік-лениндік партиялардың қатары өсе түсті, кәзір олардың саны 49-ға жетті.

Мұндағы коммунистік және жұмысшы партиялар антиимпериалистік, антифеодалдық, демократиялық революцияны ақырына жеткізу, ұлттық демократия мемлекетін құру үшін және әлеуметтік прогресс жолында белсене күрес жүргізуде. Олардың көздеген бұл мақсаты ұлттық жоғары мүддеге толық үйлеседі.

Кәзіргі кезде Индонезия Коммунистік партиясы аса үлкен саяси күшке айналып отыр. Бұдан он жыл бұрын партияның қатарында небәрі 20 мың коммунист болса, кәзір ол 2 миллионға жетті. Бұл он жылда 100 есе өсті деген сөз! Мұның өзі Индонезия коммунистерінің бұқара арасында беделінің күн сайын өсіп отырғанының айғағы. 1958 жылы жергілікті әкімшілік органдар сайлауында Индонезия Коммунистік партиясы 8 миллион дауыс алды. Ал, 1960 жылғы март айында құрылған жаңа парламентте коммунистер 30 орынға ие болды. Коммунистер қатарында 10 миллионнан астам мүшесі бар қоғамдық ұйымдардың арасында елеулі жұмыс істеп келеді.

1959 жылы сентябрь айында болып өткен Индонезия Коммунистік партиясының VI съезі партия өміріндегі елеулі оқиғаның бірі болып табылады. Съезд «Демократия және «готонг-ройонг» кабинеті» үшін деген ұранмен өткізілді. Бұл ұранның мәнісі жаңа үкімет империализмге қарсы біріккен саяси партиялардың үкіметі деген сөз.

Ал, биыл апрель айында болып өткен Индонезия Коммунистік партиясының VII (төтенше) съезі мемлекеттің экономикасы мен саясаты жайындағы мәселелер бойынша партияның ұстаған жолын айқындап берді. Сонымен бірге, съезд Индонезия революциясы міндеттерін орындау мақсатында партия мен халықты онан әрі тығыз топтастырудың жолдары мен тәсілдерін белгіледі.

Съезд Индонезия Коммунистік партиясы саяси бағытының дұрыстығын, кәзіргі жағдайда Индонезия коммунистерінің алдында бұрынғысымша, негізінен алғанда, үш түрлі міндет: ұлттық майданды нығайту, революцияны, партия құрылысын бұдан былайғы жерде де өрістету міндеті тұрғанын атап көрсетті.

Индонезия Коммунистік партиясы Батыс Ирианның бостандық жолындағы күресте де маңызды роль атқарды.

Халықаралық коммунистік қозғалыста Индия Коммунистік партиясының алып отырған орны да ерекше. Үстіміздегі жылғы парламент сайлауы Индияның тәуелсіздігін сақтау мақсатына сай оның экономикасын шет ел монополиясынан азат ету ұранымен өткізілді. Онда батыс кілер мен ірі кәсіпорындарын национализациялау, еңбекшілердің тұрмыс күйін жақсарту, демократияны дамыту шараларын жүзеге асыру мәселесі қойылды.

Индия Коммунистік партиясы үшін бұл сайлау 1957 жылмен салыстырғанда анағұрлым жемісті болды. Оған дәлел: Коммунистік партия халықтық палатадан 29 орын, штаттардың заң шығаратын жиналыстарынан 153 орын алды. Андур, Прадеш, Батыс Бенгалия, Пенджаб, Уттар Прадеш, Бихар, Раджастан штаттарында Коммунистік партия көп дауысқа ие болды.

Халықаралық коммунистік қозғалыстың кәзіргі кезеңдегі ең басты сипатының бірі—Африка елдеріндегі коммунистік партиялардың қатарының қаулап өсуінде болып отыр. Бұдан 20 жыл бұрын бұл континентте небәрі 5 мыңдай ғана коммунист болса, кәзір 50 мыңнан асты.

Соңғы жылдары ұлт-азаттық қозғалысының жемісті нәтижесінде Сирия, Египет, Ирак, Ливан, Судан, Марокко, Тунис, Алжир сияқты елдер саяси тәуелсіздікке ие болды. Бұл жеңіске коммунистік және жұмысшы партиялары лайықты үлес қосты. Олар кәзір де халықтарды империализмге, оның отаршылдық саясатына қарсы ерлік күреске шақырып, осы жолда әрдайым демеп, рух беруде.

Н. С. Хрущев жолдас Латын Америкасындағы ұлы дүмпуді атқылаған жанар тауға теңеді. Оның бірсыпыра елдерінде азаттық күресінің қайнаған толқыны диктаторлық режимнің күл-талқанын шығарып, сыпырып тастады. Қаһарман Куба революциясының найзағайы бүкіл дүние жүзіне естілді. Куба социализм құру жолына түсті.

Кубада басқарушы және ұйымдастырушы күш Біріккен Революциялық Ұйымдардың—«Халықтық социалистік партияның», «26 июль қозғалысының» және «13 марттағы революциялық директораттың» қолында.

Латын Америкасында коммунистік және жұмысшы партиялары жоқ бірде-бір ел қалмады, ал коммунистердің саны соңғы кезде екі есе көбейді. Үстіміздегі жылдың март айында Чили Коммунистік партиясының XII съезі өткізілді, съезде коммунистер қатарының өскенін бейнелейтін мынадай мысал келтірілді. 1961 жылғы май айы мен ноябрь айының ішінде партия мүшелігіне 9835 адам қабылданды. Осы мерзімде 456 бастауыш партия ұйымы (оның 264-өнеркәсіп орындарында, 123-і ауылдық жерде) құрылды.

Коммунистік партиялар—дүниежүзілік революциялық қозғалыстың авангарды. Олардың күші—империализмге қарсы күресте бірлікті барынша нығайтып, марксизм-ленинизм идеяларына шын берілуі рухында халықпен достықты күшейте түсуде. «Олар,—делінген КПСС жаңа Программасында,—марксизм-ленинизмнің өміршеңдігін, өздерінің ғылыми коммунизмнің ұлы мұраттарын насихаттауға ғана емес, сол сияқты практика жүзіне асыруға қабілетті екенін дәлелдеп берді. Кәзір халықаралық коммунистік қозғалыстың қуатты болғаны соншалық, бұл қозғалысты реакцияның біріккен күштері ешбір қирата алмайды».

Маркстік-лениндік партиялардың бәрі де тәуелсіз, тең праволы партиялар. Олар өз саясатын өз елдерінің нақтылы жағдайларына сай, марксизм-ленинизм принциптерінің негізінде белгілейді және бір-бірін өзара қолдап отырады.

Халықаралық коммунистік қозғалыстың алдында тұрған кейбір келелі мәселелерді коммунистік партиялар тәжірибе алмасу, бір-бірі-

нің көзқарасы және позицияларымен танысу арқылы шешіп отырады. Ортақ мақсаттарға жету жолындағы күресте өзара консультациялар алысып, қажет болған жағдайларда кеңестер өткізеді.

1960 жылғы коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің Кеңесі осы заманғы ревизионистерге әділетті соққы берді, олардың маркстік-лениндік партияның ролін жоққа шығару позициясына түсіп отырғандығын атап көрсетті.

Кеңес ревизионистермен қатар коммунистік қозғалысқа кесел келтіретін екінші хауіп—догматизм мен сектанттықты қатты айыптады.

КПСС жаңа Программасын Коммунистік және жұмысшы партиялары біздің заманымыздың коммунистік манифесі деп орынды атады. Өйткені, мұнда халықаралық коммунистік қозғалыс тарихында коммунистік қоғам орнату жоспары тұңғыш рет белгіленді. Программаның жүзеге асырылуымен байланысты социализм мен коммунизм идеялары халықаралық жұмысшы табына, еңбекші бұқараға әсерін бұрынғыдан да күшті тигізіп, дами түседі.

Марксизм-ленинизм ілімімен қаруланған коммунистік және жұмысшы партиялары әлеуметтік теңсіздіктен, қанаушылықтың барлық түрінен, соғыстың жан түршігерлік апаттарынан құтқарудың тарихи міндетін орындап, дүние жүзі халықтарының Бейбітшілігін, Еңбегін, Бостандығын, Теңдігін және Бақытын берік орнықтыру үшін күресуде.

Осыған орай халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін үнемі нығайта беруге қамқорлық жасау әрбір маркстік-лениндік партияның ең қасиетті интернационалдық борышы болып табылады.

Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдастың өте тамаша бейнелеп айтқан сөзін келтіру әбден орынды. Тамырын топыраққа терең жайған қуатты әсем ағаштарды сіздердің бәріңіз көріп жүрсіздер,—дейді Н. С. Хрущев.—Мұндай ағаштарға боран да, дауыл да қорқынышты емес. Дауыл болып, нәзік ағаштарды сындырып кетеді, ал қуатты ағаш мызғымай тұра береді, оның бұта-жапырақтары бұрынғыдан да қалыңдай түсіп, ол күнге қарай бұрынғыдан да жоғары бойлай өседі. Коммунистік қозғалыс та нақ осы тәрізді. Империалистік реакция бұл қозғалысқа дауылдарды бірінен соң бірін төндіруде, ал коммунистік қозғалыс мызғымайды, бұл қозғалыс өсіп, шыныға түсуде!

Совет Одағының Коммунистік партиясы барлық коммунистік және жұмысшы партиялармен бірлікті және достықты нығайта беруге қажырлы жігермен күш жұмсап отыр.

Қ. ФАИЗОВ.

Партия тұрмысы

Озат тәжірибені кең қолдану жолында

Ж. ТҮЙЕБЕКОВ,

*Жамбыл облыстық партия комитетінің Шу өндірістік басқармасындағы
партия ұйымдастырушысы*

Шу қолхоз-совхоз өндірісі басқармасына Қордай, Шу, Көктерек аудандары кіреді. Мұнда 19 колхоз, 21 совхоз бар.

Партияның XXII съезі мен КПСС Орталық Комитеті март Пленумының ауыл шаруашылығын бұдан былай да көтере беру жөніндегі шешімдерін іске асыруда өндірістік басқарма және ондағы партия ұйымдастырушысы мен нұсқаушылары колхоздар мен совхоздардағы партия ұйымдарына сүйенеді.

Ауыл шаруашылығы өнімінің молшылығын жасау күрделі әрі жауапты міндет екенін атап көрсете отырып, Н. С. Хрущев жолдас партияның Орталық Комитетінің март Пленумында былай деді: «Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін, ең алдымен, ауыл шаруашылығын басқару дәрежесін көтеру, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге партия ұйымдарының жауапкершілігін арттыру керек». Біз өз жұмысымызда осы нұсқауды басшылыққа алдық.

Біздегі совхоздар мен колхоздардың шаруашылығы—көп салалы. Олардың экономикасының негізі—мал шаруашылығы. Сондықтан да ет пен сүтті, жүнді молайту, мал санын көбейту мәселелері біздің жұмысымызда бірінші кезекке қойылды. Әрине, біз қызылшаның, астықтың түсімін арттыру мәселелерін де назардан тыс қалдырғанмыз жоқ. Осыған орай, ең алдымен, бастауыш партия ұйымдарының ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтудағы жауапкершілігін күшейту, олардың қызметін жандандыру, коммунистердің авангардтық, жетекшілік ролін көтеру мәселелерін қолға алдық.

Басқармаға қарасты колхоздар мен совхоздарда 40 бастауыш партия ұйымы жұмыс істейді. Олардың 14-і партия комитеті. Барлық бригадаларда, бөлімшелерде, фермаларда партия топтары құрылған.

Біздің нұсқаушылар аудандық партия комитеттерімен, бастауыш партия ұйымдарымен бірлесе отырып, әуелі колхоз, совхоз өндірісінің шешуші буындарына партиялық ықпалды күшейтуге назар аударды. Бұл үшін мал шаруашылығына қосымша көптеген коммунист пен комсомолец жіберілді. Қазір фермалар мен отарларда 569 коммунист, 930 комсомолец жұмыс істейді.

Ауылшаруашылық өнімдерін мол да арзан өндірудің тағдыры бригадалар мен фермалардағы жұмысқа тікелей байланысты. Сондықтан өндірістік басқарманың қызметкерлері колхоздар мен совхоздардың орта буын кадрларын іріктеп алуға, тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлді. Соңғы кездің өзінде ғана 20-дан астам бригада мен ферма тәжірибелі ұйымдастырушылармен нығайтылды.

Партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін басшылыққа ала отырып, колхоздар мен совхоздар бұрын қабылданған социалистік міндеттемелерін қайта қарап, ауылшаруашылық өнімдерін бұрынғыдан көбейтуге бағытталған нақты шаралар белгіледі. Олар мемлекетке 183 мың центнер ет, 153,4 мың центнер сүт, 33 606 центнер жүн, 86 500 қаракөл елтірісін өткізуге ұйғарды. Бұл өткен жылғыдан едәуір көп.

Колхоздар мен совхоздар етті молайтудың бір қосымша көзі—шошқа өсіруді қолға ала бастады. Мысалы, биыл мемлекетке Шу ауданының еңбекшілері 5 680 центнер, қордайлықтар 12 175 центнер шошқа етін тапсырмақшы.

Алға қойылған осындай зор міндеттерді ойдағыдай орындау үшін партия ұйымдары малды бордақылау, жайып семірту, жайылымды дұрыс пайдалану, мал шығынына жол бермеу күресін күшейтті. Коммунистердің инициативасымен өндірістік басқарманың шаруашылықтарында мал бордақылайтын арнаулы үш бөлімше, 31 бригада ұйымдастырды, бұлар тәжірибелі адамдармен, іскер маман кадрлармен толықтырылды.

Қордай ауданының «Трудовик» колхозындағы мал бордақылайтын арнаулы бригаданың бақташысы Қ. Құрманғалиев жолдас қарауындағы 242 ірі қараның әрқайсысының салмағын 404 килограмға жеткізді. Осы бригадада істейтін Т. Массон жолдас 1 200 шошқа бордақылады, әрбір шошқаның орташа салмағы 93 килограмм болды.

Бұл бригада мұндай табысқа қалай жетті? Біріншіден, мал тиісті рацион бойынша сапалы азықпен азықтандырылды, малшылар өз ісіне аса жауапкершілікпен қарады. Екіншіден, партия ұйымы бригаданың жұмысын, колхозда мал семірту, мемлекетке ет өткізу барысын үнемі қадағалап тексеріп, қажетті көмек көрсетіп отырды.

Шу ауданының Ленин атындағы колхозында да малды жайып семіртудің озат әдістері қолданылып келеді. Кәзір мемлекетке 2 400 қой сатылды. Олардың әрқайсысының орташа салмағы 58 килограмнан болды. Осы ауданның Новотроицк, Алға совхоздарында биыл әрбір қойдан былтырғыға қарағанда 1 килограмм жүн артық қырқылды.

Үстіміздегі жылғы октябрьдің 10-на дейін басқарманың шаруашылықтары мемлекетке 118 654 центнер ет, 119 267 центнер сүт, 28 286 центнер жүн өткізді. Бұл табыс жыл аяғына дейін мемлекетке мал өнімдерін тапсыру жоспары толық орындалатынын көрсетеді. Кәзірдің өзінде бірсыпыра колхоз бен совхоз мемлекетке мал өнімін сату жоспарын артығымен орындады.

Партия ұйымдары сауын сиыр фермаларын механикаландырудың ұйтқысы болып келеді. Биыл көптеген фермаларда сиыр сауу, суару, жемшөп жеткізу, қора тазалау жұмыстары механикаландырылды. Өндірістік басқарманың жеке шаруашылығында «Елочка» жасалды. Басқа колхоздар мен совхоздарда да «Елочка» жасалып жатыр. Қордай ауданының шаруашылықтарында сиырды электр қуатымен сауатын 34 қондырғы жұмыс істейді. 1964 жылға дейін өндірістік басқармаға қарасты барлық шаруашылықтың фермалары түгел механикаландырылатын болады. Бұл, әрине, сүттің түсер құнын кемітіп, қаржы мен еңбекті бұрынғыдан анағұрлым аз жұмсауға жағдай туғызады.

Біздің колхоздар мен совхоздардың бәрінде де қой шаруашылығының үлесі басым. Барлық еттің 62 проценті қой еті. Мұны ескеріп, партия ұйымдары қой шаруашылығында ғылым табыстары мен озаттардың тәжірибесін қолдану жөнінде едәуір жұмыс істеді. Мәселен, шопандардың слеті өткізілді. Оған 1000 шопан қатысты. Шопандар өз тәжірибесін ортаға салды. Ал мамандар қой шаруашылығында ғылым табыстарын қолдану жайында сөз қозғады. Өндірістік басқарма мал дәрігерлерінің семинарын ұйымдастырды. Семинарда Шу ауданының Ленин атындағы колхозының мал дәрігері Қасенов жолдас профессор А. А. Байбуртцяннің әдісін қалай қолданғаны жайында айтып берді. Шу аудандық мал емханасында бұл әдіс қолма-қол көрсетілді. А. А. Байбуртцян әдісінің келтіретін пайдасы көп. Атап айтқанда, әрбір қой жылына 5—6 килограмм үстеме салмақ қосады; әрбір тоқтыдан қосымша 600—650 грамм жүн қырқылады.

Соңғы кезде малдың өнімділігін арттыру мақсатымен колхоздар мен совхоздарда биогендік стимулятор қолданыла бастады. Қордай ауданының Георгиев кендір совхозында мал дәрігері Бражников жолдас 268 сиырға, 800 шошқаға биостимулятор қолданды. Соның нәтижесінде әрбір мал айына қосымша 20—25 килограмм үстеме салмақ қосып отырды.

Биостимуляторды екі ай бордақыға қойылған шошқаға еккен кезде әрбір шошқа 20 килограмға дейін үстеме салмақ қосады немесе 20 сомға дейін қосымша табыс келтіреді; ал оны басқарма шаруашылықтарындағы 16 мың шошқаға қолданған жағдайда одан 320 мың сом қосымша табыс алынады. Қазір бұл әдіс Шу ауданының бірсыпыра колхозы мен совхозында қолданылып келеді.

Көптеген шаруашылықта жемшөптік антибиотиктер қолданылып келеді. Кендір совхозында сұйық биоминді еккеннен кейін шошқаның, құстың өлім-жітімі азайды. Қазір Қордай ауданында сұйық биомин мен биостимулятор әзірлейтін цех салынып жатыр.

Қойды тоғыту (сұйық дәрі ерітіндісіне шомылдыру) — еңбекті көп керек етеді. Бұған адам күші де, қаржы да көп жұмсалады. Биыл Қордай ауданының Ақтерек колхозында қойды электр-механикалық жолмен тоғытатын ванна салынды. Мұнда 3-ақ адам жұмыс істейді. Қойды механикалық жолмен тоғыту кезінде қаржы да, уақыт та көп үнемделеді. Бұл тәжірибені көпшіліктің игілігіне айналдыру мақсатымен біз сол колхоздың өзінде семинар ұйымдастырдық. Семинарға үш аудан партия ұйымдарының секретарьлары, колхоздар мен совхоздардың басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары, инспектор-ұйымдастырушылар қатысты. Мұндай ванналарды колхоздар мен совхоздардың бәрінде салу ұсынылды. Қазір бірсыпыра шаруашылықта электр-механикалық ванналар бар.

Біз егін шаруашылығында жұмысты егіс көлемінің құрылымын қайта қараудан бастадық. Шөп танапты жүйенің орнына жүгері, бұршақты дақылдардың көлемі арттырылды. Көктемгі егіс ұйымшылдықпен, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілді. Соның нәтижесінде егін дер кезінде жиналып, мемлекетке астық тапсыру жоспары артығымен орындалды. Тұқым, жем қоры жасалды, колхозшыларға еңбекке астық берілді.

Мұндай табысқа механизаторлардың аянбай еңбек етуі, егіншілер арасында партиялық ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстардың кеңінен жүргізілуі, озаттардың тәжірибесін насихаттау нәтижесінде қол жетті. Мысалы, биыл партия ұйымдары мамандар мен механизаторлардың басын қосып, тоғыз дүркін семинар, кеңес өткізді. Семинарларда жүгеріні шаршы-ұялап егу, қант қызылшасын жекелеу, қойды орынборлықтардың әдісі бойынша төлдету, совхоздарда еңбекке кесімді-сыйлық ақы төлеу, колхоздарда — істеген жұмысына қарай ақы төлеу жөніндегі мәселелер сөз болды. Жүгеріні шаршы-ұялап егу әдісі тікелей егіс басында үйретілді. Мұның өзі биыл басқармаға қарасты шаруашылықтардың бәрінде дерлік жүгері егісін шаршы-ұялап егуге мүмкіндік берді. Осы әдісті қолдану нәтижесінде бірқатар колхоз бен совхозда жүгеріден мол өнім алынды. Қазір шаруашылықтардың бәрінде партия ұйымдары жүгері өсіру жөніндегі озат тәжірибені көпшіліктің игілігіне айналдыру үшін жұмыс істеуде.

Озат тәжірибені таратуға баспасөз бен радио да ат салысуда. Қазақ және орыс тілінде шығатын ауданаралық «Шу өңірі» газетінің бетінде ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктері үнемі жазылып келеді. Газет шыға бастағаннан бері көптеген озат сауыншы, шопан, шошқа бағушы өз тәжірибесін ортаға салды. Мысалы, Қордай ауданының «Красный Октябрь» колхозының шопаны О. Дүйсеков, Көктерек ауданындағы Фурманов совхозының шопаны С. Қөлбаев әрбір 100 саулық-

тан 150 қозы алған тәжірибесін айтып берді. Сонымен қатар мал дәрігерлері, зоотехниктер, агрономдар озат тәжірибені насихаттап, мақала жазып тұрады.

Біздің өңірде суды пайдаланудың, егінді дұрыс суарудың маңызы зор. Биыл осы мәселеге арнап 6 семинар өткізілді. Оларда егінді жүйектеп суару, түтікпен суару мәселелері сөз болды. Бұл әдістер биыл Шу, Қордай ауданының колхозы мен совхозында кеңінен қолданылды.

Дихандарымыз келесі жылдың егісі үшін зябь жыртуды аяқтады. Мұнда да озаттардың тәжірибесі қолданылды. Қордай ауданындағы Ырғайты совхозы механизаторларының тәжірибесі негізінде шаруашылықтарда жер бірнеше агрегатпен (агрегатта соқа, тырма, мала бар) жыртылды. Сонда жер бір мезгілде жыртылып, тегістеледі әрі топырақ нығыздалады.

Еңбектің озат әдісін кеңінен енгізу үшін колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының өз еңбегіне ынталы болуының маңызы зор. Мұны ескеріп, өндірістік басқарма, оның инспектор-ұйымдастырушылары, нұсқаушылар тобы колхоздарда шаруашылық есепті батыл енгізе бастады. Мысалы, Қордай ауданының «Искра Ленина» колхозы артта қалған шаруашылықтың бірі болатын. Партия жиналысы мен колхозшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша колхоз шаруашылық есепке көшті. Ішкі мүмкіндіктерді ашып, пайдалануға бүкіл колхозшылар қауымы жұмылдырылды. Қолхозда еңбек тәртібі нығайды. Кәзір бұл колхоз басқармадағы озат шаруашылықтың біріне айналды. Шаруашылық есеп көптеген колхоз бен совхозда енгізіле бастады.

Совхоздарда еңбекке кесімді-сыйлық ақы төлеу кең өріс алды. Көктерек ауданындағы Фурманов совхозының партия ұйымы (секретары К. Нұрбеков жолдас) бұл тиімді әдісті өндіріске ауданда алғашқылардың бірі болып енгізуді ұйымдастырды. Совхоз басшылары агротехникалық шараларды қатаң қолданып, жоғары көрсеткішке жеткен совхоз жұмысшыларына төленетін ақыны жылма-жыл көбейтіп келеді.

Совхоздың партия ұйымы бұдан басқа шараларды да жүзеге асырды. Атап айтқанда, озат тәжірибені оқып-үйренуге арналған екі мектеп ұйымдастырды. Мектептерде таңдаулы мамандар сабақ өткізеді.

Өз ісін жақсы білетін мамандарсыз жаңалық өркендерін дер кезінде көре, айыра білу қиын. Партия ұйымдары әрбір қызметкердің өз мамандығын арттыра түсіп, ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктерін өндіріске енгізуде принципті, табанды болуы үшін барлық шараны қолдануда.

Озат тәжірибені насихаттап, таратуда партия ұйымдары ауыл-селодағы идеологиялық жұмыстың барлық түрін пайдаланып келеді. Бірақ осы маңызды істе кемшілік жоқ емес. Міндет—сол кемшіліктерді жоюда.

Озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерін жаппай қолдануға ауыл-селодағы коммунистер бас болуға тиіс. Олар еңбектің озат әдістерін таратуда, колхоздар мен совхоздарда еңбек ұйымдастыруда, қоғамдық тәртіпті жақсартта түсуде басқаларға үлгі болуы керек.

Қолхоздарымыз бен совхоздарымызда шаруашылықты өркендете берудің мүмкіндіктері ұшан-теңіз. Оның ең бір сарқылмас бай көзі—озат тәжірибені жаппай қолдану. Міне сондықтан да біз колхоз-совхоз өндірісі басқармасының бүкіл мамандарын, инспектор-ұйымдастырушыларын, нұсқаушылар тобын озат тәжірибені өндіріске енгізу ісін ұйымдастыруға жұмылдырудамыз. Мұның өзі—ауыл шаруашылығына басшылықты күшейтудің, биылғы алған социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындап шығудың мықты тірегі.

Ұйымдастыру жұмысы— табыс кілті

Бастауыш партия ұйымы—партияның бұқараға ең жақын тұрған буыны. Ол өзінің күнделікті жұмысында КПСС Программасы мен Уставын басшылыққа ала отырып, еңбекшілердің қалың тобы арасында жұмыс жүргізеді, оларды партияның төңірегіне тығыз топтастырып, коммунизмнің сәулетті сарайын орнату жолындағы күреске белсенді жұмылдырады. Бұл саладағы партия ұйымдарының ролі партиямыздың даңқты XXII съезінен кейінгі кезде әсіресе арта түсті.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселесі партиялық ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмысының тәсілдерін барған сайын жетілдіре түсуді талап етіп отыр.

Соңғы кезге дейін колхоздар мен совхоздардың дәрігерлік пункттерінде, селолық Советтің жанындағы кітапхана мен қызыл мүйісте, жұмысшы кооперациясы, тағы сол сияқты жерлерде қызмет істеушілер жалпы колхоз, совхоз партия ұйымдарының ықпалынан тыс қалып келген еді. Міне, осындай жағдайға байланысты КПСС Орталық Комитетінің арнаулы қаулысына сәйкес коммунистінің саны 50-ден асатын колхоздар мен 100-ден асатын совхоздарда партия комитеттерін құруға рұқсат етілді. Ал, мұндай партия комитеттері сол шаруашылықтағы бірнеше бастауыш партия ұйымдарын біріктіріп, қамтитын болды. Мәселен, соңғы екі-үш жылдың ішінде мал фермаларында, совхоз бөлімшелерінде, комплексті бригадаларда цехтық принцип негізінде бастауыш партия ұйымдары құрылып, жемісті жұмыс жүргізілуде. Мұның өзі партияның қалың бұқарамен бұрынғыдан да тығыз байланыс жасауына берік негіз қалады. Әсіресе, бұл шаруашылығы алуан саланы қамтитын колхоздар мен совхоздар үшін тамаша нәтиже беріп отыр. Қазір еңбекшілер арасында саяси-тәрбие жұмысын жүйелеп жүргізуге, еңбектегі озат әдістер мен жаңалықтарды терең зерттеп білуге, оны көпшілікке кеңінен таратуға мол мүмкіндік туды. Мәселен, мұны Орал облысы, Бөрлі ауданындағы «Ақбұлақ» совхозы партия комитетінің жұмысынан айқын көруге болады.

«Ақбұлақ» тың жерде ұйымдастырылған совхоздың бірі. Соңғы жылдары совхоз шын мәнісіндегі астық фабрикасына айналды. Шаруашылықтың жер көлемі 100 мың гектардан асады, ал оның тең жартысына жуығы егістік жер. Алғашқы жылдары совхоздағы осы бай мүмкіндік толық ұтымды пайдаланылмады, сол себепті егіннің шығымы да мардымсыз болды. Бұл олқылық кейіннен жойылды. Өнімді аз беретін дақыл орнына мол өнімді дақыл егілетін болды.

Совхоз егістік жерді дұрыс пайдаланудың нәтижесінде соңғы жылдары астық түсімін күрт арттырды. Сөйтіп, Отан қоймасына миллиондаған пұт астық құйды.

Астық үшін күресте совхоз партия комитетінің ұйымдастырушылық ролі зор болды. Партия комитеті совхоз дирекциясымен келісе отырып, егіс жұмысына алдын-ала қам жасап отырды. Бұл мәселе пар-

тия комитетінде әдейі талқыланып, тиісті шаралар белгіленді. Яғни партия ұйымының бұл кезеңдегі бүкіл партиялық ұйымдастыру және саяси жұмысы астық үшін күрес мәселесіне бағытталды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығы жолындағы күреске баса назар аудара отырып, совхоз партия комитеті КПСС XXII съезі мен КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін еңбекшілер арасында кеңінен түсіндіру ісін мықтап қолға алды. Бұл тарихи документтер совхоз коллективі арасында зор саяси және еңбек өрлеуін туғызды. Ол жайында коммунистердің ерекше белсенділік көрсеткенін атап айту керек. Олар өздерімен қатар бұл жұмысқа партияда жоқ активтерді де белсенді қатыстыра білді. Оның үстіне совхоз жұмысшылары мен қызметшілері арасында КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің Қазақстанның бүкіл еңбекшілеріне арнаған Үндеуі кеңінен насихатталды. Оған үгітшілер мен насихатшылар, бүкіл коммунистер, совхоз интеллигенттері қызу жұмылдырылды.

Күллі істің тетігі—ұйымдастыру мәселесінде екені партия комитетінің назарынан бір минут те тыс қалмады. Ең алдымен көршілес «Березовский» совхозымен социалистік жарыс ұйымдастырылды. Жарыс шарттары әрбір бөлімше, бригада коллективінде талқыланып, қабылданды. Механизаторлардың творчестволық іскерлігіне кең өріс ашылды. Егін жинау мен астық бастырудың мерзімін қысқарту мақсатымен комбайндарды толтап пайдалану әдісі қолданылды.

Социалистік жарыста озып шыққан трактор бригадаларына әрбір бес күн сайын ауыспалы Қызыл Ту беріліп, озат комбайншыға, тракторшыға, лафетті жатка машинисіне, шоферге қызыл жалауша беріліп, олардың есімі құрмет тақтасына жазылды. Ең таңдаулы деген механизаторлар өлкелік және облыстық құрмет тақтасына ұсынылды. Сонымен бірге бес күнде бір механизаторлардың табыстары қорытылып, өздеріне мәлімденіп тұрды. Бригада-бригада бойынша үгітшілер бөлініп, олар күнбе-күн халықаралық жағдай және ағымдағы мәселелер туралы қысқа-қысқа әңгімелер өткізумен бірге, қабырға газеттерін, жауынгерлік листоктар шығарып отырды. Барлық бөлімшеде, бригадада үгіт пункттері, оқу үйлері жұмыс істеді. «КПСС XXII съезінің шешімдерін бұлжытпай орындайық», «Астық үшін күрес — коммунизм үшін күрес», «Астықты ысырапсыз, қысқа мерзімде жинап алайық», «Еңбек өнімділігін арттыру—коммунизм орнатудың маңызды шарты» деген сияқты жалынды ұрандар ілініп, еңбек майданын мейлінше қыздыра түсуге шақырды. Совхоз коллективі биылғы жылы 1 миллион 750 мың пұт астық өндіріп, мемлекетке 1 миллион 300 мың пұт астық сатуға міндеттеме алған еді. Бұл міндеттемені бұлжытпай орындау үшін қажырлы күрес жүргізілді: егіс даласындағы жұмыстың бәрі де агротехникалық талаптарға сай орындалды. Егін жинау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстары жақсы ұйымдастырылды. Бұлардың нәтижесінде алынған міндеттеме мерзімінен бұрын абыроймен орындалды. Бірақ, бұл табыс совхоз коллективін қанағаттандырмады. Олар қосымша міндеттеме алды, мемлекетке екі миллион 300 мың пұт астық тапсыруды ұйғарды. Коллективтің жанқиярлық қажырлы еңбегінің арқасында бұл міндеттеме де ойдағыдай орындалды.

Астықтан мұншалықты мол өнім жинау совхоз тарихында болып көрген емес еді. Биылғы жылдың ерекшелігі де осында болып отыр.

Совхоздың партия комитеті биылғы табысқа мастанбай, алдағы жылдың егісінен де мол өнім алудың шараларын күн ілгері ойластырды. Партбюро мәжілісінде зябті дер кезінде, әрі сапалы жырту мәселесі ерекше сөз болды. Ерте жыртылған зябтің жоғары сапалы болатыны айтылды. Сөйтіп, совхоз бойынша зябь жырту жоспарын сентябрьдің 20-на дейін орындау міндеті алға қойылды. Бұл инициативаны Ба-

тыс Қазақстан өлкелік партия комитеті мақұлдап, әдейі қаулы алды басқа колхоз, совхоздарды осы бастаманы қостауға шақырды.

Совхоз өндірісінің барлық саласында да коммунистер шешуші учаскелерде болып, өзгелерге үлгі, өнеге көрсетті. Партия ұйымының есебінде тұратын 121 коммунистің 90 проценті өндіріс жұмыстарына қолма-қол қатысты. Олардың 25-і комбайншы, 27-і тракторшы болып істеп, астық үшін күресте тамаша ерлік көрсетті.

Партия комитеті егін жинау науқаны кезінде бұрын совхоздың түрлі жұмыс саласында жүрген 20-дан астам коммунисті тікелей егін даласына, қырман басына жұмысқа жіберді. Олар егін жинауда ерлік көрсетіп, нормаларын асыра орындап отырды. Мысалы, коммунист Артем Емельянов жолдас «СК-3» комбайнымен маусым ішінде 476 гектардың егінін жинап, 9 мың центнерге жуық астық бастырды. Сол сияқты коммунист комбайншылар А. Туленко, И. Новиков, Д. Панченко, М. Аверьянов, тракторшылар М. Дияров, В. Назаров, М. Изтілеуов, шоферлер Г. Алексеев, И. Гаврис, тағы басқалары егінді ысырапсыз жинауда социалистік жарыс туын жоғары көтеріп, коммунистік атаққа лайықты абыройлы еңбек етті.

Совхоз партия ұйымы екінші тың — мал шаруашылығына да зор көңіл бөлуде. Өткен жылы мал өсірушілер арасында коммунистер аз болып еді. Партия комитеті бұл мәселеге әдейі назар аударып, бұл салаға да таңдаулы коммунистерді жіберді.

Партия комитеті жас коммунистерді тәрбиелеу және еңбек үстінде сыналған адал жұмысшыларды партия қатарына тәрбиелеп алу ісіне әрдайым көңіл бөліп отырады. Ол түсінікті де.

Біздің партия—халықтың партиясы. Оның күллі өмірі қалың бұқарамен біте қайнасып жатуға тиіс. Партия қатарының лайықты адамдар есебінен ұдайы өсе беруі халық өмірінің партия тұрмысымен аса тығыз байланысты екенін сыпаттайды. Соңғы бір жарым жылдың ішінде партия мүшелігінің кандидаттығына 18 адам алынды, оның көпшілігі—тікелей совхоз өндірісінде жұмыс істеуші озаттар. Мысалы, өткен жылы Шуник Тимофей партия мүшелігінің кандидаттығына алынды. Ол—совхоздың таңдаулы бақташысы. Оның қарамағындағы мал әрдайым семіз, сондықтан да жыл сайын алған міндеттемесін абыроймен орындап келеді.

Валентина Галочкинаның жасы жуырда ғана 22-ге толды. Ол—бұзаушы, нағыз еңбекқұмар, адал жан. Өз ісін беріле сүйе істейді. Сол коллектив алдында беделді. Ол совхозда бұзауды енесіне емізіп өсіру әдісін ең бірінші рет қолданды. Оның нәтижесі де жақсы болды. Өткен жылы ол қасындағы әріптес құрбысымен бірге 320 бұзауды дін аман өсірген еді. Биыл 350 бұзауды өсіруге міндеттеме алып, оны абыроймен орындап отыр. Мұның бәрі оның партия қатарына алынуына мықты кепілдік болды.

Партия комитетінің мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары жас коммунистермен жеке-жеке әңгіме өткізіп, үнемі пікір алысып отырады. Олармен маңызды мәселелер жөнінде кеңес өткізіледі, күнделікті жұмыстарына қолма-қол жәрдем көрсетіледі. Қысқасы, мұндағы әрбір жас коммунист партия комитетінің назарында.

Қандай істе болсын алынған міндеттеменің, жүргізілген жұмыстың нәтижесін қадағалап, бақылап отырмайынша тыңғылықты табысқа жетудің қиын екені аян. Совхоз партия комитеті міне бұл қағиданы өз жұмысында қатаң ескеріп отырады.

—Партиялық, мемлекеттік және қоғамдық бақылау системасы,— дейді Н. С. Хрущев жолдас, — бұл шынайы демократиялық принциптер негізінде коммунистік құрылысқа басшылықты жетілдірудің қуатты құралы, бұл—қалың бұқараға коммунистік тәрбие берудің тамаша

мектебі. Міне, осы нұсқауды ескеріп, совхоз партия ұйымы бақылау жұмысына ерекше назар аударады. Қабылданған қаулылардың, белгіленген шаралардың орындалуы ұдайы бақыланып, тексеріліп отырады. Мәселен, совхоз партия комитеті егін жинауға әзірлік жөнінде июнь айының бас кезінде нақты шаралар белгілеп, қаулы қабылдаған болатын. Соның орындалуы туралы егін жинауға кірісер алдында совхоздың бас инженері Н. К. Выровщиков пен механик В. Архипов жолдастардың баяндамалары тыңдалып, талқыланды. Онда тракторлар мен комбайндардың кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін барынша арттыру мәселесі сөз болды.

Қоғамдық бақылау мен шешімдердің орындалуын тексеру ісін жолға қою қалың бұқараның белсенділігін анағұрлым арттырды. Совхозда 5 партиялық бақылау комиссиясы жұмыс істейді. Комиссия құрамына әзірлігі мол, беделді, өз ісіне бекем, шаруашылыққа білікті, совхоз экономикасына жете қанық, коммунистер іріктеліп алынды. Мәселен, техниканы дұрыс пайдалануды бақылайтын комиссияны коммунист И. Қ. Охотный жолдас басқарады. Өзі механизатор. Комиссия мүшелері егін жинау кезінде мастерскойда тәулік бойы кезекші қойылуын ұйымдастырып, механизаторлардың тілек-талабының кідіріссіз орындалуына жетті. Машиналардың сақталуы, запас бөлшектердің қатаң бөлінуі жайында партия комитетінің мәжілісінде баяндап, нақты ұсыныстар жасады. Сауда жұмысын бақылау жөніндегі комиссияның председателі М. Өтебаев жолдас) жұмысы да ерекше атауға тұрарлық. Бұл комиссия аса қажетті товарларды шалғай фермаларға, бөлімшелерге, бригадаларға дер кезінде жеткізуді ұйымдастырды. Жұмыстың қауырт кезінде механизаторларға азық-түліктің үздіксіз жеткізіліп тұруы күн сайын қатаң бақылауға алынды.

Биыл совхозда астықты ысырапсыз жинап алу үшін белсенді күрес жүргізілді. Мұнда қоғамдық инспекторлар үлкен роль атқарды. Партия комитеті қоғамдық инспекторлыққа тәжірибелі, маман коммунистерді бекітті. Олар қауырт жұмыс кезінде уақытпен санаспастан еңбек етті. Әсіресе, түнде тұқым себуші, егін жинаушы жас комбайншыларға бас көз болып, ағалық көмек көрсетті. Бірде олар № 5 бригадада астықтың ысырап болу жайын анықтап, бұл мәселені партия комитетінің алдына қойды. Мұның өзі басқа бригадаларға да үлкен ескерту болды. Бақылау комиссиялары мен қоғамдық инспекторлардың бұл сияқты игі істері толып жатыр.

Совхоз партия комитеті соңғы кезде Надежда Григорьевна Заглада жолдастың дихан абыройы жайындағы мақаласын совхоз қызметкерлері арасында талқылауды да ұйымдастырды. Мақаланы талқылауға арналған ашық партия жиналысында коммунистер мен партияда жоқ механизаторлар Н. Г. Заглада жолдастың көтерген мәселелерін қызу мақұлдап қуаттады.

Кәзір партия комитеті совхоз дирекциясымен бірлесе отырып, шаруашылықты келешекте жанжақты дамыту мәселесін қызу қолға алуда. Мәселен, совхоздың мал басын өсіруде әлі де болса елеулі кемшілік бар. Мал тұқымын асылдандыру, отарларды ірілендіру, қойға да күрлем беру, фермаларды механикаландыру, ең алдымен сиырды «Елочка» аппаратымен сауу жұмысын ұйымдастыру сияқты міндеттер алға қойылып отыр.

Партияның XXII съезінің шешімдерін іске асыру жолындағы совхоз партия комитетінің ұйымдастыру және саяси-көпшілік жұмысының алғашқы нәтижесі осындай. Ал, алда жаңа асулар бар.

Қ. СЕРІКБАЕВ.

Бөрлі ауданы,
«Ақбұлақ» совхозы.

Халықаралық тақырыпқа

«Ортақ рыноктың» агрессиялық мәні

Батыс Еуропаның «интеграциясы» (яғни бірігуі) деп аталатын мәселе соңғы кезде империалистік мемлекеттер саясатынан үлкен орын ала бастады. Батыс Еуропаны біріктіру жоспары Еуропалық экономикалық бірлестік (ортақ рынок) дегеннен айқын көрінуде. Ал бұл бірлестікті осыдан бес жыл бұрын Еуропаның алты елі—Франция, Германия федеративтік республикасы, Италия, Бельгия, Голландия және Люксембург құрған болатын.

Өзіне Еуропаның барлық капиталистік елдерін тарту мақсатын көздеп отырған «ортақ рынок» дегеніміз не? Ол, ең алдымен, Америка Құрама Штаттары бастаған империалистердің ең агрессияшыл күштерінің әскери-саяси одағы. Ол социалистік лагерь елдеріне, ұлт-азаттық қозғалысқа, капиталистік дүниедегі еңбекшілер бұқарасына қарсы бағытталған. Американың президенті Кеннеди экономикалық, саяси және әскери жағынан біртұтас Еуропаның құрылуы капитализмнің дүниежүзілік коммунизммен күресіндегі ізгі арманын білдіреді деп мәлімдеді.

Н. С. Хрущев жолдас «Дүниежүзілік социалистік система дамуының көкейтесті мәселелері» деген мақаласында былай деді: «Әрине империалистер бұл жайда өздерінің жеке мүдделерін ойлайды. Олар социализм елдерін қандай жолмен болса да әлсірету үмітінен күдеуші үзгісі келмейді; социалистік лагерьге қарсы күрестен бас тартпайды. Алайда, бұл күрес соғыс саласында оларды тұйыққа тірейді, өйткені екі жақта да, яғни социализм елдерінің де, капитализм елдерінің қолында қуатты ядролық қарулы күш бар. Қазіргі кезде империалистер социалистік лагерьге қарсы соғыс ашуға дәті бармай, әрі жанталаса қарулану ісін бәсеңдетпей, өздерінің барлық мүмкіндігін экономика, саясат және идеология саласында дүниежүзілік социалистік системаға қарсы күреске жұмылдыруға ұмтылады».

Еуропада «ортақ рыноктың» құрылуы—барлық империалистік күштерді топтастыру, әскери-саяси, экономикалық және идеологиялық жағынан нығайтып алу, сөйтіп күштердің ара салмағын империализмнің пайдасына өзгерту деген сөз.

Капиталистік Еуропаны біріктіру арқылы империалистік мемлекеттер агрессияшыл Солтүстік Атлантика одағының экономикалық базасын нығайтқысы келеді, «қырғиқабақ соғысты» онан әрі өршітіп, халықаралық шиеленісті күшейту мақсатын көздейді.

«Ортақ рынок»—бұл трестердің Еуропасы, миллиондаған еңбекшілердің қанын сүліктей сорып жатқан монополиялардың империясы. Дүниежүзілік капиталистік өндірістің үштен біріндейін қолында ұстап отырған дүние жүзіндегі 200 ірі монополияның 43-і Еуропалық экономикалық бірлестікке кірген елдердің трестері.

Ортақ рыноктың құрылуы халықтардың демократиялық бостандығына қарсы реакцияшылдардың «қасиетті одағын» топтастыруға итермелейді. Ірі монополиялардың бірігуі шаруалар бұқарасын, ұсақ және орта буржуазияны күйзелтіп отыр. Мысалы, Италияның «Ортақ

рынокқа» кірген соңғы бес жылының ішінде 500 мың шаруа мен бат-
 ақ ауыл шаруашылығын тастап кетті. Германия федеративтік рес-
 публикасында жыл сайын 100 мың адам ауыл шаруашылығынан кетіп
 қалады. Францияда билеуші топтар таяу жылдары 800 мың шаруа ша-
 руашылығын таратып жібермекші. Таяудағы 3—4 жылда «ортақ ры-
 нок» елдерінде 8 миллион шаруа күйзеліске ұшырайды.

«Интеграцияның» кіндігі Аденауэр мен генерал де Голльдің одағы
 болғалы отыр. Европалық бірлестікте реакция мен фашизм күшейіп
 барады. Батыс Герман империализмі «ортақ рыноктың» негізгі тұт-
 қасын ұстауда. Өйткені, Батыс Германия өнеркәсіп өнімінің көлемі,
 экспорт мөлшері жағынан болсын, соғыс-экономика қуаты жағынан
 болсын капиталистік Европада бірінші орында. Мынадай мәлімет кел-
 тірсек те жеткілікті: Германия федеративтік республикасының өнеркә-
 сіп өндірісі 1938 жылғы дәрежеден 260 процент асып кетті, өндіріс
 көлемі Англиядан 30 процент, ал Франциядан екі еседей артық. Батыс
 Германияның экспорты 1961 жылы Англиядан 14 процент көп болды
 да, АҚШ экспортының 56 процентіне теңелді. Герман федеративтік
 республикасының алтын қоры 3,5 миллиард доллар болып есептеледі,
 оған қосымша 4 миллиард әртүрлі шетел ақшасы бар. Бүгінде Батыс
 Герман маркасы—Батыс дүниесіндегі ең күшті ақшаның бірі. Америка
 Құрама Штаттарының 10 миллиард доллар мөлшерінде қарыз беруі
 Герман федеративтік республикасында капиталдың қорлануына жағ-
 дай туғызды. Мұның үстіне оккупациялық әскерлерге қызмет көрсету
 үшін деп АҚШ Батыс Германияға тағы 5 миллиард доллар берді.

Сөйтіп, экономикалық күш-қуаты жағынан Германия федеративтік
 республикасы Европалық экономикалық бірлестік елдерінің қай-қайсы-
 нынан болсын асып түседі. Сондықтан Батыс Германия осы бірлестік-
 тің басшысы болуға ұмтылуда. Батыс Герман кекшілдері өзінің ядро-
 дық қаруы болуына жанталасып бағуда, соғыс қуаты жағынан да «ор-
 тақ рынок» пен НАТО жүйесінде жетекші орынға шығу олардың ойын-
 да бар.

Англияның Европалық экономикалық бірлестікке әуелден қарсы
 шыққаны мәлім. Англия бұл бірлестікті хауіпті бәсекелес деп білді де,
 оған қарсы 1959 жылы ноябрьде Ерікті сауданың европалық одағын
 (ЕАСТ) құрды, мұның құрамында жеті ел: Англия, Швеция, Норве-
 гия, Дания, Швейцария, Португалия, Австрия бар еді. Алайда, қиян-
 бескі бәсекелік күрес нәтижесінде бұл одақтың позициясы Европалық
 экономикалық бірлестік позициясынан әлде қайда әлсіз болды. Оның
 себебі, жоғарыдағы жеті елдің экономикалық күш-қуаты төмен еді,
 екіншіден, Америка Құрама Штаттары Европалық экономикалық бір-
 лестік жағында болды. Соның салдарынан Англия үкіметі 1961 жылдың
 басынан бері Англияның Европалық экономикалық бірлестікке кіру
 мүмкіндігін қарастырумен келеді. Ал егер бұл бірлестікке Англия кір-
 се, оның артынан одақтың қалған елдері де кіретіні сөзсіз. Сөйтіп, Ев-
 ропалық экономикалық бірлестік Батыс Европаның барлық елін бір-
 індеп өзіне қаратып алайын деп отыр.

Англияның Европалық экономикалық бірлестікке кіру-кірмеу мәсе-
 лесі әлі түпкілікті шешілген жоқ. Егер бұл бірлестікке кіре қалған күн-
 де Англияның халі нашарлап, оның дүние жүзіндегі экономикалық жә-
 не саяси ықпалы әлсірер еді. Бірлестік елдерінің, әсіресе Батыс Гер-
 манияның бәсеке, бақ-таласы Британия өнеркәсібіне, сол сияқты ауыл
 шаруашылығына кеселін тигізетіні даусыз. Міне, сондықтан ағылшын
 буржуазиясының бір бөлегі елдің Европалық экономикалық бірлес-
 тікке кіруіне наразы. Сондай-ақ «ортақ рынок» жалақыны кемітіп,
 елдің тұрмыс күйін нашарлатады. Ал мұның өзі қалың бұқараның
 мүддесіне қайшы.

Англияның Европалық экономикалық бірлестікке кіруіне Британия ынтымағына кіретін елдер қатты наразылық білдіруде, өйткені олар экономикалық жағынан ағылшын рыногына мүдделі. Бірақ, ағылшынның ірі монополиялары Европалық бірлестікке кіру жағында, олардың Европа рыногына күні жоқ. Англияның Европалық экономикалық бірлестікке кіруін Америка үкіметі де қалайды, өйткені ол Батыс Еуропаның экономикалық жағынан екі жік болуы саяси күйреуге, сөйтіп НАТО-ның әлсіреп қалуына әкеліп соқтырады деп қорқады. Америка Құрама Штаттарының билеуші топтары «Европа интеграциясын» капитализмнің социализмге қарсы экономикалық және соғыс-саяси тірету жоспарына пайдаланғысы келеді. Ал бұл ағылшынның билеуші топтарына тиімді.

Қазіргі уақытта Европалық экономикалық бірлестік елдерінде (алты елде) 169 миллион адам бар, бұл елдер капиталистік дүниедегі өнеркәсіп өнімінің 20 процентін береді. Бұлардың бәрі қосылып 281 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді, жылына 73 миллион тонна болат қорытады. Бұлардың жылдық экспорты 30 миллиард доллар (Америкадан бір жарым есе артық), алтын қоры 15 миллиард доллар (АҚШ-тың алтын қорының төрттен үшине барабар) болып есептеледі. Егер Англия бірлестікке кірсе, оның бірлестікке қосар «үлесі» мынадай болмақ: 52 миллион адам, капиталистік дүниедегі өнеркәсіп өнімінің 9 проценті, 120 миллиард киловатт-сағат электр энергиясы, жылына қорытылатын 25 миллион тонна болат, 3,2 миллиард доллар алтын қоры.

«Европа интеграциясы» пайда болған күнде ол мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды күшейте түседі. Францияның, Англия мен Батыс Германияның монополиялары «біріккен» Батыс Европада жетекші орынға таласып, бір-бірімен қырқысатыны даусыз. Бұл бәсекелестік италиян монополистері де қатысады. Ұсақ елдер мен үлкен елдердің арасында да көптеген қақтығыс, жикілжің болады. Батыс Европа біріккеннен кейін ол «сөзсіз Американың хауіпті бәсекелесіне айналады». Сөйте тұра американың монополияшылары Европалық экономикалық бірлестіктің құрылуын жақтайды. Бұл оларға өздерінің коммунизмге Совет Одағына қарсы саясатын нығайту үшін қажет.

Американ үкіметінің басшылары енді Батыс Европаға бақылау жасауды ойластырып жатыр. Осы мақсатпен президент Кеннеди «Атлантика бірлестігін» құру жоспарын ұсынды. Оның ойынша, «Европа интеграциясы» мен «Атлантика бірлестігі» социализммен экономикалық жарыста төтеп беру үшін капиталистік өндіріс қарқынын арттыруға экономикалық мүмкіндіктер жасауға тиіс.

«Бұл арада,—дейді Н. С. Хрущев,—біздің экономиканы дамыту жолындағы жарысымызды империалистердің басқаша түсінгенін де еске алған жөн. Империалистік мемлекеттер социализмнің жеңіспей алға басуын тежеу үшін өз күштерін біріктіріп бағады. Империалистер социалистік құрылысты құртып, дүние жүзінде капитализмнің монополиялық қожалығын қалпына келтіруді көздейді. Бірақ социалистік елдердің экономикалық және ғылыми-техникалық жағынан дамудың жоғары дәрежесіне жетуі Батыстың белгілі топтарының тап қазір бұл пиғылдарын соғыс арқылы жүзеге асыруға мүмкін емес екенін түсінуіне мәжбүр етіп отыр. Ғылым мен техниканың ең соны жетістіктеріміз сай келетін осы заманғы қаруды жетілдіруде социалистік лагерьдің өздерінен кейін қалмай отырғанын, қайта олардан көп ретте асып түскенін империалистер көрмей тұра алмайды. Қазіргі уақытта социализм мен капитализм арасындағы тарихи дауды соғыс жолымен шешуге болады деп тек ақылынан алжасқан адам ғана ойлауы мүмкін».

«Ортақ рынок»—ұлттық тәуелсіздік алған жас суверенді мемлекеттерге қарсы бағытталған империализмнің стратегиясы мен саясатының

туралы. «Ортак рынок»—коллективті отаршылдықтың жаңа бір түрі. Ол Азия мен Африка және Латын Америкасы елдерін ірі империалистік мемлекеттердің шикізат көзі ретінде қалдыра беру пиғылын көздейді. Индияның «Нью эйдж» газеті «ортақ рыноктан» жақсылық күтем деу үлкен ағаттық болар еді» деп тауып айтты.

«Ортак рынокты» жақтаушылар біртұтас «үйлесімді» Европа құрамыз деп дәмеленіп еді. Бірақ «ортақ рынок» бітіспес саяси және экономикалық қайшылықтардың орталығы болып отыр. Европалық бірлестікте тап қайшылықтары шиеленісе түсуде. Егер ол құрыла қалса концерндердің Европасы болар еді. Кәзірдің өзінде оның қарауындағы 28 концерн Европаның аты-шулы көмір мен болат бірлестігінде көмірдің 82 процентін, болаттың 80 процентін өндіреді. Батыс Европада шоғырланған монополиялық капиталдың еңбекшілер бұқарасының тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан да құлдырата беретіні түсінікті. «Европа интеграциясын» құрушылардың ойынша, бұл—концерндердің Европасы, халық бұқарасын тонау мекені, милитаризм мен агрессияның, реакцияның, антикоммунизм мен клерикализмнің ошағы болмақ. Сондай-ақ ол Америка Құрама Штаттарымен бірлесе отырып, кәзіргі замандағы «жаңа» отаршылдықтың тірегіне айналмақшы.

Совет Одағы, бүкіл социалистік лагерь «ортақ рынокқа», осы агрессияшыл соғыс-саяси одағына қарсы шығуда.

Әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру саясатын жүргізе отырып, Совет Одағы дүние жүзінің барлық елімен тығыз экономикалық байланыс жасауда. Совет Одағы, бүкіл социалистік лагерь елдері капиталистік интеграцияның агрессияшыл мәнін әшкерелеумен бірге, капитализммен бейбіт жарысудан әсте қорықпайды.

1956 жылдың өзінде, Батыс Европада «ортақ рынок» құрылмай тұрып, Совет Одағы экономикалық ынтымақ туралы жалпы Европалық келісімнің жобасын ұсынды да, кейін бұл ұсынысты талай рет жақтап отырды, 1962 жылы апрельде Біріккен Ұлттар Ұйымының Европа үшін экономикалық комиссиясының сессиясында Европаның барлық елі арасында тарифтерді өзара кеміту туралы келісім жасау туралы ұсыныс енгізді.

Үстіміздегі жылдың май айында Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрущев жолдас Біріккен Ұлттар Ұйымы тұрғысында сауда мәселесіне байланысты халықаралық конференция шақыруды ұсынды. Бұл конференцияда ешбір кемсітусіз, әлеуметтік-экономикалық системасы қандай болуына қарамастан жер шарының барлық ауданы мен барлық елін қамтитын халықаралық сауда ұйымын құру туралы мәселе талқыланатын болсын делінді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XVII сессиясында совет делегациясы бұл ұсынысты сессияның талқылауына қойды, Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелерінің көпшілігі оны мақұлдап шықты. Біріккен Ұлттар Ұйымы экономикалық және әлеуметтік Советінің таяуда Женевада өткізілген сессиясында сауда мен экономикалық даму мәселелері жөнінде халықаралық конференция шақырылсын деген шешім қабылданды. Осы шешімге сәйкес 1963 жылдың басында конференцияның күн тәртібін қарау үшін әзірлік комитетінің мәжілісі өткізілмек.

Совет Одағы жаппай және толық қарусыздану, бейбіт қатар өмір сүру жолындағы күрес халықаралық экономикалық ынтымақсыз мүмкін емес деп біледі.

Қ. БАЙМҰРАТОВ,
Қазақстан КП Орталық Комитетінің
лекторы.

Иран-совет қатынасы жаңа кезеңде

Жуырда Иран мен Совет үкіметтері арасында ноталар алысылды. Иран үкіметі өз жерінде ракеталық базалардың қандай түрін болса да ұстамайтынын айтып Совет үкіметін сендірді. Совет үкіметі Иран үкіметінің бұл мәлімдемесін құп алды.

Екі көрші елдің арасындағы мұндай жаңа қадам көпшіліктің назарын аударды. Бұл орынды да. Өйткені, әңгіме екі мемлекеттің достық қатынастар орнатуы жайында болып отыр.

Иран — СССР-дің оңтүстігіндегі көрші ел. Совет Одағы мен Иранның шекарасы 2 600 километрге созылады. Қарт Каспийдің солтүстік жағалауы Қазақстанның жерін шайып жатса, оңтүстігі Иранның жерімен шектескен. Ежелден халықаралық дәстүрге айналған салттың бірі—шекаралық тәртіпті қатаң сақтау. Көршілес екі елдің бір-бірі шекарасын бұзбай, халықаралық белгілі нормаларды сақтауы үшін бір-ақ жол бар. Ол—тату көршілік қатынас орнату жолы.

Аздап тарихқа көз жүгіртейік. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Россия мен Персияның (орыстар бұрын Иранды солай атаған) шекарасы ашық болды. Әрине, Россия сияқты күшті мемлекетке бұл тиімді еді. Патша өкіметі дүние жүзілік бірінші соғыс кезінде шекараның ашықтығын пайдаланып, Иранның солтүстігіне әскерлерін төгіп жіберді де, ірі қалаларын басып алды.

Иран жеріне Россия империалистерімен бірге Англия империалистері де көзін тігіп келді. 1907 жылы ағылшын-орыс империалистері жасырын келісім жасасып, Иран жерін бөліп алғысы келді. Екі жыртқыштың да өздерінше арам пиғылдары болған еді. Иран жері арқылы орыстар Үндістанға қол сала ма деп ағылшындар хауіптенсе, Россия Солтүстік Кавказ бен Орта Азияның Англия ықпалына түспеуін қызғыштай қорғады. В. И. Лениннің сөзімен айтсақ, Иран шетел империалистерінің шын мәнісінде отары болды.

Ағылшын отаршылары 1806 жылдан, ал патшалық Россия 1829 жылдан бастап ирандықтарға өктемдігін жүргізе бастады. Бұдан елу бес жыл бұрын ағылшын мамандары фарсы бұғазы жағалауында мұнайдың мол қорын тапты. Ондаған мың шаршы километр мұнайлы ауданды ағылшындар тегіннен тегін концессияға алып, жанталаса барлау жұмыстарын жүргізді. Иранның оңтүстік бөлігінде мұнай скважиналары көбейе берді. Ағылшын монополияшылары фарсы мұнайынан көп пайда табумен бірге бұл мұнайды ирандықтардың өздеріне де сатып, көріне қиянат жасады.

Иран ұзақ жылдар бойы осылайша Англия мен патшалық Россияның жемтігіне айналды.

Жас Совет өкіметі алғашқы күннен бастап-ақ барлық мемлекетпен, оның ішінде көршілес Иранмен де достық қарым-қатынас орнатуға әзір екенін жария етті. 1917 жылғы ноябрь айында В. И. Ленин жазған бітім туралы Декретте, сондай-ақ Россия мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне арналған Үндеуде Совет үкіметі патшалық Россия мен буржуазияшыл уақытша үкіметтің отар саясатынан

бас тартатынын мәлімдеді. «Біз,—делінген Үндеуде,—Персияны бөлшектеу туралы договор үзілді және жойылды деп мәлімдейміз. Соғыс қимылдары тоқтатылысымен-ақ, Персиядан әскерлер әкетіледі де, фарсылардың өз тағдырын еркін белгілеу правосы қамтамасыз етіледі».

Көп ұзамай Совет үкіметі Ираннан орыс әскерлерін әкетуді ұйғарды да, өзінің 1918 жылғы нотасында Иранмен халықтарды өзара құрметтеуге негізделген қатынастар ғана орнатқысы келетінін атап көрсетті. Иран үкіметі сол жылғы 27 февральда қайтарған жауап нотасында Совет үкіметіне алғыс айтып, Советтік Россиямен жаңа принцип негізінде договорлар, консульдік конвенциялар жасауға әзір екенін хабарлады.

Алайда, орыс әскерлері әкетілісімен Иран жерін ағылшын әскерлері түгелдей басып алып, оны Совет Одағына қарсы соғыс тірегі ретінде пайдаланды. Ағылшын отаршылары Иранды өз протекторатына айналдыруды көздеп, оны өзіне тиімді келісімге келуге мәжбүр етті.

Советтік Россияда шетел интервенттерінің талқандалуы Иранда ағылшын отаршыларына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың күшеюіне қолайлы жағдай туғызды.

1920 жылдың 22 декабрінде Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінде жасаған баяндамасында В. И. Ленин: біз сонымен бірге таяуда Персиямен жасалатын договорды құттықтай аламыз, бұл елмен достық қатынастар империализм езгісінен қасірет шеккен барлық халықтың түбірлі мүдделерінің бір жерден шығуы нәтижесінде қамтамасыз етіліп отыр деген еді.

1921 жылғы 26 февральда Москва қаласында тұңғыш рет совет-иран договоры жасалды. Онда Россияның Персияға күш көрсету саясатынан, Россияның империалистік үкіметтердің саясатынан бас тартатынын және Совет үкіметі фарсы халқының тәуелсіз болуын тілейтіні айтылған. Бұл договорда патша үкіметінің Персиямен жасасқан бұрынғы договорлары, конвенциялары, келісімдері жойылатыны көрсетілген. Өйткені патшалық Россия мұндай договорларды Иранға еріксіз таңған болатын.

Екі елдің қарым-қатынасы бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, тәуелсіздікті, суверенитетті және территориялық тұтастықты өзара құрметтеу принциптеріне негізделді. Совет үкіметі Иранның мемлекеттік суверенитетіне нұқсан келтірген тәртіпті және Иранның патша үкіметіне берешек қарыздарын жойды. Советтік Республика Иран мемлекетінің меншігіне оның жеріндегі патшалық Россияның барлық концессияларын, кәсіпорындарын, темір және тас жолдарын, телефон және телеграф байланыстарын, пристаньдарын, жылжымалы составтар мен сауда құрылыстарын тегін берді. Иранға табыс етілген осы мүліктердің бағасы алтын ақшамен есептегенде 600 миллион сомға жетті.

1921 жылғы договор Иранның тұңғыш рет ұлы шетел мемлекетімен жасасқан өзара тең және әділетті договоры еді. Мұны Иран баспасөзі кезінде кеңінен атап өтті.

Өзінің экономикалық ауыр жағдайына қарамастан, Совет халқы жиырмасыншы жылдардың өзінде Иранға қолдан келген жәрдемін аямады. Совет Одағы ашыққан ирандықтарға астық, қант, шәй жіберіп тұрды.

1927 жылы совет-иран сауда келісімі жасалды. Бұл келісім екі елге бірдей тиімді болды. Иранда ірі өнеркәсіп жоктың қасы еді де, қолөнер кәсібі әжептәуір дамыған болатын. Иранда тоқылған кілемдерді, тігілген аяқ киімдер мен басқа да қолөнер товарларын Советтік россия көптеп алып, ирандықтарға қажет қант, шыт, бидай, самаурын,

ыдыс-аяқ сияқты товарларды беріп тұрды. Кейінгі жылдары шетел монополиялары Иран рыногын өз товарымен толтырып, мұндағы қол өнер кәсібін мүлдем тұншықтыруға айналды.

1935 жылы Совет Одағы мен Иран арасында қара шегірткеге қарсы күрес жүргізу жайында конвенцияға қол қойылды. Қара шегіртке— ауыл шаруашылығының ежелгі ең қауіпті жауларының бірі. Ғасырлар бойы қара шегірткенің қара бұлттары Африка мен Азияның тұтастай мемлекеттерін қара күйедей жайпап кеткені мәлім. Қара шегіртке Иран жеріне де жиі ұшып келіп тұрады. Өткен жылдың сентябрь айында Пакистан мен Индиядан, ал биылғы жылдың февраль, март айларында Аравиядан Иранның оңтүстік аудандарына қара шегіртке ұшып келді. Совет Одағы бұл шегірткелерді құртуға мамандар, самолеттер, 750 тонна химиялық улы зат жіберді. Ал мұндай көмекті СССР ирандықтарға көптен бері көрсетіп келеді.

Ұзақ жылдар бойы екі елдің шекарасы толық межеленбеген еді. Қазір екі елдің шекарасы да тәртіпке келтірілді. Бұдан кейін алауыздық тудыратын ешқандай мәселе қалмаған сияқты еді. Бірақ, Иранның ішкі істеріне империалистік елдердің қол сұғуы, оның жерін СССР-ге қарсы соғыс плацдармы ретінде пайдалануға тырысуы екі ел арасында келіспеушілік туғызды. Соңғы жылдары Совет Одағының Иранмен қатынасы тіпті шиеленісуге дейін барды. Иран әуелі СЕНТО (бұрынғы Багдад блогы) соғыс одағына түсіп, сонан кейін АҚШ-пен соғыс договорын жасады.

Иран жерінде соғыс базаларының салынуы СССР-ге тікелей қауіп төндіретіні сөзсіз еді. Совет Одағы көршісін отпен ойнау саясатынан аулақ болуды талай рет ескертті. Иран үкіметінің өз жерінде қандай да бір ракеталық базалардың салынуына жол бермеуі жайындағы кәзіргі мәлідемесі халықаралық жағдайдың шиеленісуін бәсеңдетеді.

Көне, фарсы елінің «жақын көрші алыстағы ағаннан артық» деген мәтелі бар. Бұл мәтелдің дұрыстығын Иранның кәзіргі қадамы тағы да дәлелдеп отыр. Тегеранның «Эттелаэт» газеті былай деп жазды: «Біз Иран мен Совет Одағының саяси қатынастарында қара бұлттың ыдырай бастағанына разы болған қуанышымызды білдіреміз. Біз екі елдің арасындағы қатынастар жақсарып, байланысымыз күшейіп, достығымыз нығая түседі деп сенеміз».

Совет Одағы мен Иран халқының бейбіт өмір сүру жөніндегі көзқарасы бірдей. Олар екі үкіметтің жана қадамын жоғары бағалайды. Иранның «Кейхан» газеті «Иран мен Совет Одағы — көрші елдер, — деп жазды.— Біздің жалпы шекарамыз мыңдаған километр. Екі халықтың екеуі де достық экономикалық, саяси және мәдени қатынастар орнатқысы келеді».

Сөйтіп, бізбен көрші елдің үкіметі шетел соғыс базалары жөнінде дұрыс шешімге келді. Мұның өзі Батыстың империалистік мемлекеттерімен соғыс договорлары арқылы одақтасып отырған Таяу және Орта Шығыстың басқа да елдеріне үлкен сабақ болатын жақсы нышан.

Совет Одағы мен Иран үкіметтерінің қарым-қатынасты жақсарту мақсатымен ноталар алысуы—байсалды келіссөздер жүргізудің нәтижесі. Бұл—Совет Одағы осы уақытқа дейін уағыздап отырған даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу керек деген шындықтың тамаша үлгісі.

Совет-иран қатынастары келешекте бұдан да гөрі жақсара түсетініс. Кәзіргі қол жеткен келісім—тату көршілік қатынасты орнатудың бастамасы. «От сөндірсен, шоқ қалдырма» дейді фарсының басқа бір мәтелі. Совет халқы ирандықтарға әрдайым достық қолын ұсынып келді. Бұған ешкім күмәндануға тиіс емес. Совет халқының адал ниетіне тарихтың өзі куә.

С. ДІЛДӘБЕКОВ.

Ертіс—Қарағанды каналы құрылысында

Оқушы, сіз бүгінде «Орталық Қазақстан» деген атауды жиі естуге тиіссіз. Осы атауды естігенде менің көз алдыма кәзіргі Қарағанды облысы, Тың өлкесі елестейді. Қазақ бұл жерді Арқа деп атаған.

Арқа жері — бұл Қарағанды көмір бассейні, қара алтыны жер бетіне шығып жатқан Екібастұз. Жетіжылдық жоспарда аттары аталған Майкөбе, Возшакөл, Теміртау, Қарағанды көмір бассейнінің Отанымыздағы үшінші ошақ екені белгілі. Осы бассейнің тарихын бастаған қайла мен күректі бүгінде музейден ғана ұшыратуға болады. Ал олардың орнына көмір қазатын ірі комбайндар пайда болды. Қарағанды—республикамыздағы алыптың алыбы. Бірақ ол қанша алып дегенімізбен өнім берудің шегіне келіп тұрған алып емес, сырын тапсаң берері әлі де мол алып. Үстіміздегі жылы Қарағанды Отанға отыз миллион тоннаға жуық көмір береді екен. Келесі жылғы өресі мұнан да өскелең. Комбинаттың болашағына көз жіберсек, бүгінгі комбайн деп отырғанымыздың өзі ертеңгі күн талабына сай келмейін деп отыр. Яғни, комбайнды өндірістен ығыстыратын күш су болмақ. Су көмірді өзі қазып, өзі қопарып, өзі ағызып, өзі жер үстіне шығарып берер еді. Қарағанды алыбына су араласқан кезде әр тонна көмірдің түсер құны комбайнмен өндірілгеннен гөрі 4—5 есе кемір еді. Яғни су— өнімнің түсер құнын кемітудің көзі. Қарағанды көмірін өндіруді арзандату мәселесін бірінші деп қойсақ, бұл маңда судың қажеттігін алға қойып отырған тағы бір мәселе бар. Ол Қарағанды металлургия заводы.

Теміртауда Қарағанды металлургия заводының салынып жатқаны белгілі. Ол жетіжылдықтың соңғы жылында толық пайдалануға берілмек. Бүгінде жартылай бітіп, жартылай өнім беріп жатқан осы металлургия заводы өндірістік шөлін Самарқанд су қоймасынан қандырады екен. Мұнда кәзір судан кенделік жоқ көрінеді. Өйткені завод толық қуатымен жұмыс істеп, өнім беріп жатқан жоқ қой. Самарқанд су қоймасына жылына 50 миллион текше метрден астам су жиналатын көрінеді. Ал Қарағанды металлургия заводы жетіжылдықтың аяғында толық іске кіріскен кезде жылына 52 миллион текше метр су керек ететін тәрізді. Бірақ дәл сол жылы Самарқанд су қоймасының жылдық қоры он миллион текше метр азайып қалайын деп отырса керек. Осындай есеп шығарған мамандар Самарқанд су қоймасында су қорының барған сайын азая түсуін Орталық Қазақстанда қуаң жылдың көбейіп, жиілей түсуінен деп дәлелдейді. Бұл дәлелдің ұзақ жылдарға созылған бақылау тәжірибесінен алынып отырғаны сөзсіз. Арқада судың тапшылығынан жоғарыда аттары аталған Майкөбе, Бозшакөл сияқты көптеген кен басын көтеріп, байлығын халыққа ұсына алмай отыр.

Орталық Қазақстанды суландыру мәселесіне келгенде біздің замандастарымыз өзінің ата-бабалары сияқты табиғаттан рахым күтіп отырған жоқ. Сол табиғат ырқын өзінің дегеніне бағындырғысы келді. Яғни Орталық Қазақстанға сарқырамасы таусылмайтын үлкен су арнасын бұрмақ болды. Қазақ жерінен арна салып ағып жататын Сырдария, Ертіс, Жайық, Іле сияқты үлкен өзендер бар. Бірақ бұлардың

бірде-бірі сөз болып отырған аймаққа соқпайды. Арқаның өз кеудесінде сәбише бұрандал ағып жататын Нұра, Есіл өзендеріндегі су қоры осы өлкенің су жөніндегі мұқтажын толық өтей алмайды. Сондықтан әзірге Орталық Қазақстан жерінің су жөніндегі қажетін өтеуге лайықты ірі арна—Ертіс өзені.

Елуінші жылдардың басынан бастап Қазақ ССР Ғылым академиясы, оның ғылыми институттары және одақтық «Гидропроект» институты Ертістен Орталық Қазақстанға қарай канал тартудың сегіз түрлі жобасын жасады. Олар: Селеті, Ботақара, Ащысу, Баянауыл, Қарасор, Шідерті өзенінің арналары. Осылардың ішінен біздің үкімет Ертіс—Қарағанды каналының Шідерті арнасын пайдаланып жасалған жобаны ұнатты. Бұл жобаны Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ш. Чокин жолдас басқарған энергетикалық институт ұсынған еді. Осы жоба бойынша қазылған канал басын Ертіс бойында Павлодардан қырық километрдей жоғары тұратын Беловка деген жерден алады да, Ертіс маңындағы жазықты жыра отырып, Шідерті өзені арнасына құйылады. Бұл өзеннің арнасымен кері ағызылып Қарағандыға қарай тартады. Сонда бұл каналмен ағатын су Екібастұз, Майқайың, Майкөбе, Бозшакөл сияқты болашағы зор өнеркәсіп орындарының мұқтажын өтейін болады. Ертіс—Қарағанды каналының осы жоба бойынша ұзындығы 500 километрдей.

Орталық Қазақстан—қыратты, жонарқалы өлке. Сол себепті Ертіс өзенінен Қарағандыға дейін өр. Бұл өрдің ең биік тұсы 475 метрге жетеді. Сондықтан канал жобасын жасаған ғалымдардың алдында суды биікке көтеру, өрге қарай ағызу мәселесі қойылды. Бір кезде ертегілерде ғана айтылатын бұл мәселе біздің заманда оңай шешіліп отыр. Осы мақсат үшін канал бойына су қоймалары салынып, 25 су насосы орнатылмақ. Солардың бірі—Ертіс суын 20 метрден астам биіктікке көтеріп, канал арнасына құйып тұратын № 1 насос. Бұл насос канал арнасына секундына 75 текше метр су қотарады екен.

Канал арнасы ұзына бойының жетпіс процентіне пайдаланылатын Шідерті өзені Қарағандыдан Ертіске қарай ағып жатады. Канал салынып біткенде бұл өзекпен су кері ағатын болады.

Шідерті арнасындағы суды кері ағызу үшін ол әр жерде бөгеліп қоймаға жиналады да, насос станциялары арқылы бір қоймадан екінші қоймаға құйылады. Су қоймаларын жасаудағы бірінші мақсат, жоғарыда айтқанымыздай, суды өрге ағызу болса, екінші мақсат—өнеркәсіп орындарында су қорын жасап отыру.

Бұл каналды жобалағандар Арқаның орманды өлкеге айналуын да ескерген. Осы үшін каналдың екі жағынан да ені 40—80 метрлік жерге ағаш отырғызылады. Егер ұзындығы 500 километрлік осы орманды Швейцарияға апарып орнататын болсақ, ол елде ағаштан ине шанышар жер қалмас еді.

Бүгінде Ертіс пен Шідерті өзендері аралығында еңбектің жаңа бір дүбірі соны дабылмен жұртшылық назарын өзіне аударып тұр. Бұл—Ертіс—Қарағанды каналын салушылар дабылы.

Ертіс—Қарағанды каналын салу міндеті Ертіс су электр станция құрылысы тресіне жүктелген болатын. Социалистік Еңбек Ері Михайл Васильевич Инюшин жолдас басқаратын бұл трест Отанымыздағы ең ірі құрылыс мекемелерінің бірі. Оның тарихы Өскемен, Бұқтарма су электр станциялары сияқты бірнеше алып құрылыстардың дүниеге келуімен тікелей байланысты.

Канал құрылысын 500 километрлік ұзына бойында бір мезгілде жүргізу ұйғарылғанды. Сол себепті канал бойына үш-төрт құрылыс басқармасы орнамақ еді. Осының біріншісі, яғни Ертіс—Қарағанды каналын салу жөніндегі бірінші құрылыс басқармасы үстіміздегі жылдың март айында Қалқаман станциясына келіп, құрылысшылар қала-

шығын салуға кірісті. Қалқаман—Павлодар мен Екібастұз қалаларының аралығындағы станция. Бұл станция осыдан он жыл бұрын ғана салынған болатын. Одан бұрын кәзіргі станция жатқан жерде көзге елінер бұдыры жоқ мидай, меңіреу жазық еді. Кәзір қалалар тез өседі. Біздің заманның адуынды адымының ерекшелігінің бірі осында. Осы өткен он жыл ішінде Қалқаман станциясы да ерен өскен елді мекен.

Биыл бірінші құрылыс басқармасы отыз мың шаршы метр тұрғын үй салып, канал арнасынан бір миллион текше метрдей топырақ алуға тиіс болатын. Мұнда көктемде ғана басталған тұрғын үй құрылысы алты айдың ішінде әжептәуір іс тындырды. Кәзір жұмысшыларға 18 мың шаршы метрден астам тұрғын үй беріліп отыр. Әрқайсысы жүз кісілік екі асхана жұмыс істейді. Сонымен бірге басқарма үйі, гараж, құрылыс материалдарының қоймасы салынып жатыр.

Дегенмен, Қалқаман басындағы жұмыстың қызығы—станцияның солтүстік жағында екі километрдей жерде. Биыл июнь айында Қалқаманға бұрын ешкім көрмеген екі алып машина келді. Бұл Воронеж экскаватор заводы осы канал құрылысына деп арнайы жасап шығарған жер қазатын фрезерлі машина еді. Оның сырын бұрыннан білетіндер «бұл машина сағатына жұмсақ жерде 3 мың текше метр топырақ аударады» деді. Бұл жай экскаваторлардың 4—5 сағаттық жұмысына тең екен. Ал салмағы адымдағыш экскаваторлардан көп кем. Фрезерлі машина келісімен-ақ іске кірісті. Алғашқы күннен бастап бұл машина арна өтетін жерде сағатына 1 200—1 500 текше метрден топырақ аудара бастады.

Еңбек қызып жатқан екінші учаске — каналдың Беловка учаскесі. Беловкадағы канал құрылысшыларының қалашығы шағаладай жарқырап алыстан көз тартады. Бұл жердегі тұрғын үй құрылысы екпінді қарқынмен жүріп жатыр. Канал құрылысына кәзір негізінен электр қуаты арқылы жүретін техника келуде. Демек, құрылысшыларға электр қуаты керек. Бұл үшін Ермактан тартылған жоғары вольтті электр сымын арқалап тұрған ірі дінгектер Беловкаға дейін келіп, Ертіс жағасынан сексен километр қашықтықтағы Қалқаман станциясына да адымдап кетіп жатыр. Дінгектер орнатылып, саусақтай жуан сым тартылып болып, оның бойымен жоғарғы вольтті ток жүре бастағаннан кейін Беловка мен Қалқаман аралығындағы жерде канал құрылысы қарқындай бермек. Өйткені, құрылысшылар осы аралықтағы канал арнасын тез арада бітіріп, келесі жылы Екібастұзға Ертіс суын ішкіземіз бе деген үмітте. Екібастұз бен Қалқаман аралығында бұрыннан тартылған су құбыры бар. Канал Қалқаманға жетсе-ақ болғаны, су осы құбыр арқылы Екібастұз қайдасың деп аға бермек.

Осының бәрінен де ұлы арна құрылысына келген, келіп жатқан адамдарды айтыңыз. Мұндағы құрылысшылар саны кәзір екі мыңға жуық. Мұның дені «қазақ даласында сондай алып құрылыс басталыпты» деп естіп, Отанымыздың түкпір-түкпірінен келгендер; комсомолдық жолдамамен Украинадан келген жастар да аз емес.

Совет құрылысшыларының қайда жүрсе де өзінің ойынан асқак, тындыратын жұмысынан зор жігерді ала жүретіні белгілі. Сондай еңбек десе құлшынған жігерді осы канал басынан көруге болады. Жазды күні, канал арнасына әлі күрек салынбай тұрғанда мен канал құрылысының Беловка учаскесінің меңгерушісі Николай Васильевич Лисиннен:

— Канал құрылысы қай жерден басталар екен?—деп сұрадым. Ол:

— Әрине, Беловка маңынан—деп жауап берді. Сөйтті де, бұл сөзін ол канал құрылысында Беловка учаскесі ең бұрын ашылған учаске, каналға деген алғашқы заттар мен техника алдымен осында келіп түсе бастады дегенмен дәлелдеді. Осы сұрақты мен Қалқамандағы екінші учаске меңгерушісі Геннадий Павлович Чудновскийге де қойдым. Ол:

— Канал құрылысы Қалқаманнан басталады,—деді де, өз сөзіне канал құрылысын басқаратын басқарма осында деп дәлелдеді.

Чудновскийдің айтқаны дұрыс болып шықты. Канал құрылысы Қалқаманнан басталды. Келесі кездескенде мен Лисинге:

— Николай Васильевич, канал арнасын қазу Қалқаманнан басталып қойыпты ғой — дедім.

Лисин ернін жұмып алып, маған түйіле қарап тұрды да:

— Бәрібір, осы каналдың бірінші насос станциясы Беловкадан басқа жерде салынбайды!—деді.

Мен іштей күлдім. Өйткені, канал бойында салынатын 25 насос станциясының біріншісі Беловкада салынбақ та, одан басқа бірінші номерлі насос жоқ. Басқаларының номері бұдан былай қарай өсе бермек.

Лисиннің сөзінде басқалардан әлденені қызғанғандай іштарлық жоқ. Бұл әлгі жоғарыда айтылған еріктің, жігердің сыртқа шыққан бейнесі. Мұндай «қызғаныштардың» көп бола бергені жаман болмас еді.

Соңғы бір барғанымда Лисин маған:

— Сізге «жанды экскаваторды» көрсетейін бе?—деді. Мен таң қалдым. Ертеңіне Николай Васильевич екеуіміз қырға шықтық. Беловкадан он бес километрдей жерде арнаулы бригада діңгек тұрғызатын шұңқыр қазып жатыр екен. Мұндай шұңқырдың тереңдігі екі жарым, ұзындығы бір жарым, ені жарты метрге дейін жетпек көрінеді. Ол адам бір сменада сондай құлықтың бір жарымын қазуы керек екен. Бұған қарамастан Қайырбек Декеев пен Виктор Қиктев деген жұмысшылар бір сменада әлгіндей құлықтың үш-төртеуін қазып жүре береді. Мен олардан еңбектің шапшаң қарқынының сырын сұрадым. Сонда Қайырбек маған:

— Мен осы шұңқырларды қазғанда кең байтақ далама су тез барсыншы дегенді ойлап тұрамын,—деді.

— Лисин айтқан «жанды экскаватор» дегендер осы екеуі болып шықты. Ал, басқаларының да қарқыны шабан емес.

Егер болашақ канал ағып жататын жермен өтіп, онда жұмыс істеп жүрген адамдарға жолығып, сөйлесе қалсаңыз, сонсоң олар айтқан сөзді ой сарабыңызға салып көрсеңіз, далада сарқырап ағып жатқан өзенді, арнасын адам қолдан салған өзенді көргендей боласыз. Ол өзен — болашақ Ертіс — Қарағанды каналы.

Қалмұқан ИСАБАЕВ

Ертіс—Қарағанды каналының құрылысы.

Шахтер абыройы

Қарағанды деген сөзді бұл күнде ешкім жер бетінің тікеніндей, қожалақ кіріндей өсімдік деп ұқпайды, темірді балқытқан, өмірдің шамын жаққан қызулы көмір деп, жер астының қара алтыны, өмір арқауы деп түсінеді.

Мүмкін, техника, өнер бұдан әрі өсе келе көмірдің қасиетінде, қажетінде елеулі өзгерістер туар, көмірді өзгеше де пайдаланармыз. Совет құрылысы орнағаннан бергі және әзірге тас көмірдің атқарған, атқарып отырған міндетін санап та жеткізу қиын: көмір еліміздің жүйке тамыры — темір жолдың азығы, үйіміздің жылуы мен жарығы, өнеркәсібіміздің, электр станцияларымыздың, заводтарымыздың, домналарымыздың оты. Болатты, шойынды, қорғасынды, мысты қорытушы да осы көмір.

Қарағандының атын, атағын халқымыздың көмірге, темірге, жарыққа, жылуға тенеуі содан. Қарағанды — қазақ жұмысшы табының бесігі. Мұны күн де көзіңмен көресің, жүрегіңмен сезесің. Қарағандыны кеншілердің бірнеше ұрпағы мекендейді. Қазақстанның барлық түкпірінің, барлық облысының қарт та жас буындарының өкілдері түгел жиналғандай бұл көмір ордасына.

Өзінің еңбек бесігін, өмір жолын, жеңісін, еңбек жемісін мақтан етсе — шахтер жұртшылығы мақтан етсін! Қарағандының атағы шығып, даңққа бөленгелі отыз жылдай-ақ. Жерінің ойы-қырын тырбың қараған басқан Арканын күні кешегі осынау бір құлазыған адырлы жонына үстіртін ғана көз тастайықшы. Қырық-елу шақырым аймақтағы алып қала, жарқыраған түнгі от, зәулім үйлер, институттар, мектептер, театрлар, мәдениет сарайлары, клубтар, жер астынан қанша көмір алынғанын айтып тұратын топырақ-жыныс таулар, заводтар, фабрикалар, темір жол торабы, аспанда қалықтаған алып болат құстар — міне аз уақыт ішінде шахтер қайласы мен балғасы, кен комбайны, кенші білегі жасаған керемет осындай. Осының бәрін Қарағанды шахтерлері өз ақыл-ойының, өз бұлшық етінің жемісі, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің тарихи жеңісі, коммунизм орнату жолындағы шешуші белес деп біледі.

Қарағандыны ерекше мақтан ететін, өзін де кеншілер қауымы мадақтайтын атақты шахтерлердің бірі — Әбілқасым Әбдіреев. Ол қырықты жаңа қусырған. Қарағанды кеншілерінің советтік дәуірі санлақтарының өкшесін баса шыққан кенші. Ол Қарағандыға жиырма жасында келген. Сонан бері он сегіз жыл. Қызылорда облысының Аламе-сек жағында туыпты. Туған жер, бала күнгі топырақ шаңдатқан жұрт әркімге ыстықтай. Бірақ көбімізге туған жерді аңсататын дағдының күші болар. Әбілқасымға дағды күші әсер етпеген.

Әбілқасым шахтаға түскелі бір орында ғана жұмыс істеп келеді. Бұл шахта өткен күзде коммунистік еңбек кәсіпорны атағын алған даңқты 35-ші шахта. Шахтаны, оның үлкен коллективін Әбілқасым Әбдіреев өз үйіндей, туған бесігіндей көреді. Енді қалай! Он сегіз жыл бойы бір шахтада, тіпті бір учаскеде табан аудармай еңбек ету, шах-

терлік даңққа бөлену тек айтуға оңай. Оның шахтада бірге істейтін еңбектес жолдастары, достары қанша! Ұстаздары, шәкірттері қанша! Ә. Әбдіреев жолдас бұрын қалыптасқан ресми тілмен айтсақ шын мәнісінде коммунистік еңбек жарысының үздігі, құрметті шахтер атағына ие болған, омырауында шахтер даңқының белгісі жарқыраған, кеншілер жұртшылығының аузына ілігіп, бүкіл көмір бассейнінің даңқын асыра беру жолында қажырлы еңбек еткен батыр-кенші. Әбілқасым сөзге сараң адам. Әйтсе де ол өзінің шахтерлік өмір жолын мақтан етеді.

Әбдіреев «Досбасс-1» комбайнымен көмір шығарады. Бригадасында он адам. Бәрі де бір кісінің баласындай. Комбайнда тоқтау жоқ. Тәулігіне үш бригаданың қолына өтеді. Қара тастай жоталы көмірге тісін қадап, күні-түні қопарады. Комбайн бір минутта екі метрге жуық ілгері басып отырады. Участке смена сайын қырға 300-350 тоннадан көмір шығарады. Бригадалардың бәрі де, оның ішінде коммунист Ә. Әбдіреевтің бригадасы да күндік, айлық, жылдық тапсырманы ұдайы асыра орындайды. Участке февраль айында жоспардан тыс екі мың тоннадан аса көмір берді. Март айының нәтижесі де солай болды. Әбілқасым шахтада тіреу ағаш беріп тұрған алғашқы екі жылын санамай, он алты жылда шығарған көмірін есептеп көрді.

— Шахтаның, участкенің өндірген көмірін шахтер басына шақсам, он алты жылда бір өзім жарты миллион тоннадан артық көмір өндіріппін, — дейді құрметті шахтер. Міне еңбек мақтанышы дегеніміз осы. Әбілқасымның шахтерлік өмірінде өндірістік жоспарды, социалистік міндеттемесін орындамаған кезі болмаған. Артист өз өмірінде ойнаған ролін, жазушы шығарған кітабын, оқымысты жазған ғылыми еңбегін, бағбан отырғызған ағашын санаса, шахтердің өзі өндірген көмірін есептеуі де орынды. Әбілқасымның күшті қолы елімізге қанша отын, қанша электр қуатын берді. Ол өзінің күнделікті жұмысын сөз еткенде көмекшілері Василий Гороленко, Зейнолла Қасабаевты көбірек ауызға алады.

Лавадағы бригадирдің орны бөлек. Ал бізде әлі ат үстінде жүретін бригадирлер жоқ емес. Мұны біз кейде ұйымдастырушылық роль деп те атағымыз келеді. Шахтада бригадир-оркестрдің дирижері, өйткені бригадир ең шешуші жұмыста, ол — комбайншы. Бригаданың барлық мүшесінің еңбек өнімділігі қол алмай, көз жазбай қарулы қимылдауы кен комбайнының тоқтаусыз жүруіне, мүлтіксіз де өнімді жұмыс істеуіне байланысты. Комбайнның тетігі, жаны, қозғаушы күші — бригадир-комбайншының қолында. Міне шахта бригадирі осындай адам.

Лавада сөз қысқа. Шахтада әркім өз орнына, өз міндетін мүлтіксіз білуге тиіс. Бұл комбайнның қанша көмір қопаруына байланысты. Ә. Әбдіреев жолдастың бригадасы бес айға жоспарланған лаваны үш айда үнгіп, қабат-қабат көмірін қаусатып шығады. Жер асты — күн де қызу майдан. Әбілқасым — осы өндіріс майданының командирі. Әбілқасым екі сөзінің бірінде біздің шахта, өзіміздің участке деп отырады.

— Жұмысқа көп бұрын барам, — дейді шахтер. — Үйде отыра алмаймын. Жұмыс орнымның даярлығын бұрын барып көргім келеді. Ең болмаса наряд бөлмесі жанындағы қызыл мүйісте газет оқып отырамын. Біздің шахтамызда соңғы жылда бірде-бір маскүнемдік көрмедім. Бұзақылық дегенді естімейміз. Бәріміз де халық жасақшыларымыз. Смена арасында көшеге шығып, тәртіп бақылаймыз. Шахтерлерге бұзақылар жоламайды. Соңғы жылдары шахтерлер жексенбі күндері бірыңғай дем алады. Бұл біздің қоғамдық жұмысқа араласуымызға, демалыс күндері театрға, киноға баруымызға, от басында жадырап кездесуімізге жақсы болды. Біздің лавамыз осы күні кәдімгі клубтай. Жұмыстың барлық түрі механикаландырылған.

Диспетчер қызметі қолма-қол. Кәзіргі жұмыс істеу әдісіміз де, құралымыз да бұдан жиырма-отыз жыл бұрынғы шахтерлердің түсіне де кірмеген шығар. Шахтамызда техника қауіпсіздігі жолға қойылған. Осы күні газды да өзіміз өлшейміз. Жерасты жұмысынан әйелдердің босатылғаны қашан. Машинамыздың күнделікті жөндеуін де өзіміз жүргіземіз. Соңғы жылдары көмірдің түсер құны көп кеміді. Неге десеңіз, көмір шығаруға жұмсалатын жұмыс уақыты қысқарды, еңбек өнімділігі артты, адам саны азайды. Бұрынғы үш-төрт шахтердің қазып шығарған көмірін кәзір бір-ақ адам өндіреді. Барлық жұмыс техника күшімен істеледі. Енді біраз жылда көмірді қазып шығармай, жерастынан газға айналдырып алуға да жетерміз.

Ия, шахтердің сөзі де ойы да дұрыс. Үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде Әбілқасымның жеке өз басы ғана көмір өндіруде 7 600 сом қаржы үнемдеді. Ол көмірдің түсер құнын 13,1 процент арзандатты. Бұл кәсіпорындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі.

№ 35 шахта көптен бері Бірінші тік шахта коллективімен жарыста. Коммунистік еңбек шахтасы алда келеді. Рас, үстіміздегі жылдың май, июнь айында шахтаның көмір өндіру жоспарын орындау жөнінен біраз олқылыққа ұшыраған кезі болды. Бірақ шахта коллективінің, оның ішінде Ә. Әбдіреев жолдас басқарған бригаданың қажырлы еңбегінің арқасында бұл олқылық толық жойылды. Шахта соңғы айларда үздіксіз өрлеу үстінде келеді. № 35 шахтаның кеншілері биылғы август айында жоспардан тыс 6 мың тонна, сентябрь айында 5 мың тонна, ал октябрь айының алғашқы жартысында 3 мың тонна көмір өндірді. Бұл жарыс табысында Ә. Әбдіреев жолдас бастаған коммунистік еңбек бригадасының да лайықты үлесі бар. Коммунист Әбілқасым «Донбасс-1» комбайнның құрыш тістерін көмірге қарш-қарш қадаумен бірге қоғам жұмысына белсене қатысады. Ол еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің соңғы үш сайлауы бойында қаланың Октябрь аудандық Советіне депутат болып сайланды. Қарағанды қалалық партия комитетінің мүшесі, қоғам өкілдерінің жуықтағы бір конференциясында ол шет елдермен мәдени байланыс қоғамының облыстық бөлімшесіне мүше болып сайланды. Ия, Қарағанды жұртшылығы Ә. Әбдіреев жолдасты, белсенді қоғам қызметкері ретінде де кәдір тұтады. Шахтаның басшылары, коммунистік еңбектің таяудағы болашағы жайлы Әбілқасымның өз пікірі, өзіндік өрісті өлшемі бар.

— Шахта бастығы Тимофей Федорович Қасилев жаман қызметкер емес, — дейді ол. — Әйткенмен, шаруашылық жұмыс пен саяси басшылықты ұштастыра жүргізуге шорқақтау. Жоспарды орындауды талап ету дұрыс. Тек жоспарды қайтсек әрі тез, әрі сапалы орындап отыруды жетік білу қажет.

Партия жұмысы мен шаруашылық талалты екіге бөлуге болмайды. Парторгіміз Ғаббас Жүсіпов — шын коммунист жігіт. Жұмысшыларға жақын тұрады. Бастықтардың кейбір орынсыз жалаң әкімшілік көрсетуіне әсте жол бермейді. Партком секретарьлығына көптен бері сайлап келеміз. Дұрыс басшылық жасау, әр шахтерді жақын білу — міне көмірді көп өндірудің тілі де тетігі де осы, меніңше. Бізде әлі де болса әкімшілік-басқару аппаратында, қосалқы жұмыста орынсыз отырған, қоғамға пайдасы шамалы адамдар көп пе деймін. Осы қосалқы қызметті ықшамдасақ көмір мемлекет үшін су тегін түсер еді. Біз партиямыздың XXII съезі құрметіне алған міндеттемемізді асыра орындадық. СССР Жоғарғы Советі сайлауы қарсаңында да еңбек вахтасына тұрдық.

Әбілқасым Әбдіреев — қатардағы кен комбайншысы. Бірақ осы қатардағы кеншінің ұзақ жылдар бойғы қажырлы еңбегінің жемісті нәтижесі, партияның XXII съезінің қарары мен жаңа Программасын

оның ерекше ынтамен оқып үйренуі Әбілқасымды алдағы күннің күрделі міндеттерін толық түсіну дәрежесіне жеткізіп отыр.

— Коммунизмнің принципі — әркім қабілетіне қарай еңбек етіп қажетіне қарай тұтыну ғой, — деп түйеді өзінің ойын Ә. Әбдіреев жолдас. — Мен осы күні коммунистік еңбек коллективіндемін. Жұмысты күшімнің, білімімнің жеткенінше аябай істеймін. Біреуден қорқып ұялып, не көбірек ақша ала қояйын деп емес, апырып-жапырып істеу— дағдыма айналғандай. Бір минут уақытым бос өтпесе екен деймін. Нан саңыз—уақыттың қалай тез өткенін білмей де қаламын. Қасымдағы серіктерім де солай. Еңбектің қызығын құлшына жұмыс істеген адам ғана біледі. Жұмыс үстінде дүние әлемді, бір мезгіл бала-шағамды да ұмытып кетем-ау! Мұны мақтан үшін айтып отырғаным жоқ. Шыным Мен түсінген коммунизмнің бір белгісі осы болар деймін. Еңбегіме алған ақым да әзірге өз қажетімді өтейтіндей. Тіпті касса—қанша ақша алғың келеді деп сұраса, осы есептеп беріп жүрген ақшадан артық ала қоймаспын деймін. Себебі, қанша көмір өндіргенімді, қоғамға қанша пайда келтіргенімді өзім де жақсы білемін. Үйімде телевизор бар, радио сөйлеп тұр. Пәтерім жақсы. Не киемін, не ішемін демеймін. Тәулігіне 5—6 сағат жұмыс істеп, еңбегіме айына үш жүз-төрт жүз сом ақы алу аз ба? Бригада мүшелерінің де табысы жақсы. Лавамызда ешбір ыңшың жоқ. Көп жыл ішінде шахтадан тырнағым сынған емес. Бәрі де тәртіпке, бақылауға байланысты...

Қоғамдық байлықты, еңбегіміздің жемісін көздің қарасындай сақтау, шаруашылықтың барлық саласында да ұқыптылық, білгірлік тапқырлық көрсету, өндіріс мәдениетін барынша арттыру жолындағы күрес—бүгінгі күннің, коммунизм орнату үшін қажырлы еңбектің айқын да қызықты нышаны болып алды. Украинадағы еңбек саңлағы Загладаның, ленинградтық Леоновтың еліміздің барлық колхозшыларына, күллі жұмысшыларына арнаған хаттарын талқылап, бұл патриоттық бастамаға қызу үн қосуда Ә. Әбдіреев жолдас Қарағанды шахтерлерінің үлгілі еңбеккерінің бірі болып отыр. Ұқыптылық, үнемшілдік, өнімнің түсер құнын онан әрі кеміту—кәзір шахта коллективінің алға қойып отырған басты нысанасы.

Біздің бүгінгі жұмысшылардың мүлдем жаңа адамдар екенін Әбілқасымның сөзі мен ісі толық дәлел. Бұл қаралайым шахтер еліміздің көп жерінде, астанамыз — Москвада, Социалистік Чехословакия республикасының белгілі Шкода заводында болған, Карловые Вары курортында дем алған.

Біздің бүгінгі совет шахтерінің бақыты мен абыройы, ойы мен ісі осындай. Әбілқасым Әбдіреев — бүгінгі жоғары мәртебелі жұмысшы табы өкілінің бірі.

Жайық БЕКТҰРОВ

Қарағанды.

Баспасөзге шолу

Бүгінгі күннің мәнді тақырыбы

— Бүгінгі таңда ождансыз өмір сүре алмайсың!

Шынында да, ождансыз еңбек адамының көрген қызығы, ел дәулетіне қосқан ризығы қайсы?

Бұл сөздерді айтқан кім? Ол Украин ССР Житомир облысындағы «Первое мая» колхозының қарт мүшесі Надежда Григорьевна Заглада. Бүгін Загладаны атасақ, көз алдымызға қажырлы да жасампаз еңбек пен сол еңбектің иесі келеді. Ождан еңбек адамының күнделікті коммунистік нормасына айналған. Коммунистік ождан оны қартайған шағына дейін жасампаз еңбек етуден қалдырмаған. Тамаша осы қауиеттермен ол Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа ие болған. Енді, міне, совет баспасөзінің қуатты күші арқылы оның есімі де, ол тұратын, жұмыс істейтін колхоз да бұл күндері барша елімізге әйгілі.

— Күн өткен сайын хат тасушы маған құшақ-құшақ хат әкеледі,— деп жазды Надежда Григорьевна жуырда шыққан тағы бір мақаласында,— хаттар қысқа да ұзақ, күйлі де нәрлі, жырлы да сырлы. Үлкен толғаныс пен терең-терең ой шертіледі бұл хаттарда. Өміріміз туралы, қатар жүрген еңбектес жолдастарымыз туралы, сүйініш пен күйініш туралы, ар мен ождан, намыс пен табыс туралы жазылған осы хаттармен бірге мен де қатты ойланып, терең толғанам. Сондықтан бұл хаттардың авторлары маған соншама ыстық әрі қымбат, бірге жүріп, жақын тұрар сырлас тәрізді.

Расында Н. Г. Заглада бүгін миллиондаған совет адамдарымен сырлас, дос, жолдас. Бұл есім бүгін коммунистік еңбекке жасампаз қолмен бірге, айнымас жүректі де сала білудің үлгісі. Міне сондықтан да ол—біздің сәулетті өміріміз тудырған, Ленин партиясы шынықтырып өсірген соны тұрпатты, ар-ожданы маржандай таза жаңа адам. Осы Жаңа Адам бізге бостандық пен еңбек қуанышы оңайлықпен келген жоқ, соны ардақтайық, «қоғамға пайдасыз өмір сүру—мезгілсіз өлгенмен тең» деген, ендеше әрқайсымыз өз орнымызда, өзімізге тапсырылған еңбек саласында табанды болайық, жер ананы ардақтайық, партия мен үкімет қамқорлығына әрқашан да іспен жауап берейік дейді. «Шіркін, егіншінің ар-намысы-ай! Бізге оны біреу бермейді және наряд арқылы бөліп бермейді» деп жазды ол өзінің «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» деген әйгілі мақаласында.

Сөйтіп, Н. Г. Загладаның және осымен жалғаса шыққан Ленинградтың Киров атындағы заводының атақты фрезеровщигі И. Д. Леоновтың көтеріп отырған мәселелері—бұлар халқымызды коммунистік ерлік еңбекке бастайтын, коммунистік саналылықты онан сайын арттыра түсуге жәрдемші болатын әлеуметтік, қоғамдық мәні бар елеулі

құбылыс. Бұл бастамалардың бүкіл совет адамдарының—даладағы дик- ханның да, заводтар мен фабрикалардағы жұмысшылардың да, шопан мен бақташының да, агроном мен инженердің, советтік интеллигенцияның басқа да өкілдерінің де жүрегінен мықтап орын алуы міне сондықтан.

Еңбек адамы айтып отырған ождан жайындағы бұл әңгіменің қалықтай ұшып Қазақстан өңіріне жеткеніне де, міне, үш айға жуық уақыт болып қалды. Республикамыздың заводтары мен фабрикаларында, шахталары мен кендерінде, совхоздары мен колхоздарында Н. Г. Заглада мен И. Д. Леонов көтерген мәнді әңгіменің жарасымды түрде жалғаса түскен күйі шертіледі. Совхоз механизаторы мен мақташы да, шопан мен бақташы да, кен қопарған шахтер мен мұнайшы да «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» және «Совет жұмысшысы деген ардақты ат» деген мақалаларды қызу талқылап, бұл талқылаудың үстінде өздерінің қол жеткен табысын, жұмысқа кедергі жасап отырған кемшіліктерді айтуда.

Бұл мәселелерді талқылауға республика баспасөзінің кеңінен атсалысып отырғанын атап айту қажет. Республикалық, өлкелік, облыстық және ауданаралық газеттерде еңбек адамының моральдық сыпатын бейнелейтін арнаулы беттер, публицистік мақалалар мен корреспонденциялар, еңбекшілердің белгілі бір шаруашылықтың өрге басуына септігін тигізетін ойлары мен ұсыныстары, арамтамақтар мен жатық ішерлерді, еңбек тәртібін бұзушыларды түйрейтін сын мақалалар көптеп беріле бастады.

Мысалы, Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің бірсыпыра елеулі жұмыс істеп отырғанын айта кеткен жөн. Газет «Социалистік Еңбек Ері Н. Г. Загладаның «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» деген мақаласын талқылаймыз» деген арнаулы рубрика ашты. Сол рубрикамен беріліп жатқан мақала, хат-хабардың ішінде Жылой ауданына қарасты Ленин атындағы колхоздың жүгері өсірушісі Р. Қартабаев жолдастың «Баптай білсең, жер жомарт» деген мақаласы тәуір. Автор Н. Г. Загладамен әжептеуір сыр шертісіп, шаруашылық маңызы бар, бірақ әлі де ескерусіз қалып келе жатқан кейбір мүмкіндіктің бетін ашады.

Р. Қартабаев жолдастың пікіріне қарағанда облыстың басқа аудандары сияқты Жылой ауданында да суармалы егіс көлемін кәзіргісінен ұлғайтуға және онан тұрақты мол өнім алуға мүмкіндік көп екен. «Тіпті көлдеу жердің өзінен де мол өнім алуға болады» дейді ол. Бірақ, соңғы жылдары колхоздар бір беткей мал шаруашылығымен айналысып, егіншілікке деген көзқарасты нашарлатып алған. «Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында,—деп жазады жүгеріші,—«Жылойдың ақ тарысы» аталған дақыл енді мүлде егілмейтін болды». Рас, мұнда жемшөптік дақылдар, оның ішінде жүгері егіліп жүрген көрінеді. Алайда, оның да егіс көлемі шағын. «Не пайда, осы аз көлемді учаскеден де тұрақты мол өнім ала алмай жүрміз,—дейді ол,—мысалы, біздің колхоз 85 гектар жүгері екті. Бірақ жиналып отырған өнім өте аз. Колхоз бойынша былтыр әр гектардан жүз центнердей ғана собығы аралас көк шөп жинадық. Бұл мүмкіндіктің шегі ме? Жоқ олай дей алмаймыз. Өнімді мұнан көп жинауға болады. Амал не, бұл істе көптеген кемшіліктер жіберіледі... Қысқасы бізде тұқым себілгеннен кейінгі агротехникалық шаралар жүзеге асырылмайды.

Мысалға біздің звено мен Сабыров жолдастың звеносына бекітіліп берілген екі учаскені алайық. Сабыровтың звеносы биыл күтіміндегі 28 гектар жүгерінің әр гектарынан 130 центнерден көк балауса алғанда, біз осындай учаскенің әр гектарынан 500 центнерден өнім жинадық. Екеуміздің учаскеміз іргелес, топырақ құрылымы бірдей. Бірақ көр-

сеткішіміз әр түрлі. Неге бұлай? Біздің звено егістікті төрт рет суарды, ал рет шөптеді. Ал Сабыровтың звеносында плантация суарылғанымен шөптелмеді. Бұған звено мүшелері мән бермеді».

Біз бұл үзіндіні әдейі келтіріп отырмыз. Еңбекке саналы көзқарас болған жерде жұмыстың да жемісті болатынын осының өзі-ақ айқын дәлелдейді. Шынында да жағдайы бір, мүмкіндігі бір екі звеноның екі түрлі нәтижеге ие болуы жерге деген, еңбекке деген екі түрлі көзқарасты көрсетеді.

Газеттің Н. Г. Заглада мақаласына байланысты берілген арнаулы бөлімдері мен беттерінің бәрінде де осындай кемшіліктер ашылып, кейбір адамдардың санасындағы ескіліктің қалдықтары қатты сынға алынады. 14 сентябрь күнгі бөлімінде В. И. Ленин атындағы Гурьев консерві комбинатының балық кесушісі, Социалистік Еңбек Ері А. Байжігітова жолдастың «Жұмысшымын деп мақтанам» деген мақаласы жарияланды. Мақтанса мақтанғандай. Оның бір ғана осы заводтың өзінде жұмыс істей бастағанына отыз жыл болған. «Адал еңбек етсең, еш уақытта ұялмайсың» дей келіп, ол өзімен бірге істейтін, бірақ еңбекке белқос қарайтын, сөйтіп жоспардың орындалуына нұқсан келтіріп жүрген Шәкиева, Мохначева сияқты жолдастарын сынады, осы күнге дейін комбинатта балықты қол арбамен тасудың жойылмай, бұл жұмыстың механикаландырылмай келе жатқанына қынжылады.

— Өзім балықшы болғандықтан балықшы абыройының жоғары болғанын ұнатам,— дейді ол.— Бірақ бізде сол абырой үшін күреспейтін адамдар да бар. Еңбек тәртібін бұзып, маусым аяқталмай-ақ теңізден ауылдарына рұқсатсыз ерте қайтып кететін балықшылар да, дені сапсау отырып, колхоз жұмысына қатыспайтын адамдар да, уылдырық. Балық ұрлап сатумен шұғылданатын адамдар да бар. Мұндайларға бәріміз болып «арам пиғылдан арыл, адал еңбек ет!» деуіміз керек.

Осы сияқты «Адалдық, жоғары саналылық—ең ардақты қасиет» деп аталатын арнаулы беттің бірқатар материалдары, айталық, Қызылқора ауданына қарасты «Ленин жолы» колхозының тракторшысы, Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген механизатор Ә. Тәжіғалиеваның «Техника—адам қанаты», «Байшонас» кәсіпшілігінің операторы, Социалистік Еңбек Ері Н. Шағырованың «Отан мүддесі бәрінен де жоғары», № 3 құрылыс-монтаж басқармасының балташы-бетоншылар бригадасының бригадирі Ф. Браунның «Жан да, ар да таза болсын» деген және басқа хат-хабарлар тартымды, әсерлі жазылған.

Әрине, келелі мәселені талқылау үстінде газеттің жіберіп алған кейбір кемшіліктері де жоқ емес. Бірқатар арнаулы бөлімдер мен жеке беттерде мақалалардың бірін-бірі қайталауы, кей ретте нысанаға дөп тимей жатуы сияқты кемшіліктер кездеседі. «Социалистік құрылыстың» алдағы уақытта мұндай кемшіліктерге жол бермегені жақсы. Сонымен бірге ар, ождан, еңбекке коммунистік көзқарас, адамгершілік, жолдастық қарым-қатынас, жерді ұқыпты пайдалану, ауылшаруашылық техникасын сақтау, бүгінгі жұмысшының моралі, завод маркасы, тағы осы сияқты сан-алуан мәселелерге мұнан былай тақырыптық беттер арнап отырса жақсы болар еді.

Едәуір кешіктіріп бастаса да, егіншінің, еңбек адамының ар-ожданы жайында Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» газеті де хат-хабарларды жиірек бере бастады. Облыс малшылары мен дихандары, жұмысшылары Н. Г. Заглада көтерген өмірдің өзекті мәселесін қызу қолдай отырып, еңбекті жаңаша ұйымдастыруға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған ұсыныс, тілектерін ортаға салуда.

Мәселен, Қарағандыдағы № 86—87 шахтаның механикалық цехының автоматшы-слесары Қ. Оспанов газет бетінде цех жұмысшыларының бүгінгі өрлеуін, жұмысшы абыройын, коллектив намысын әрқа-

шан да жоғары ұстап жүрген өзінің еңбектес жолдастарын мақтап етеді. Бір атап көрсетерлігі—бұл цехта көптеген адам өндірістен қол үзбей кешкі жұмысшы жастар мектебі мен институттарда сырттан оқып, білім алуда.

«Советтік Қарағандының» 12 сентябрьдегі номерінде жарияланған «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» деген рубрикамен «Бір колхоздың әйелдері сөйлейді» деп аталатын арнаулы бөлім берілді. Мұнда Қарқаралы ауданына қарасты Калинин атындағы колхоздың өндірістің әр саласында жұмыс істеп жүрген әйелдері Н. Г. Загладаның мақаласын қызу талқыға салады. Осы бөлімде жарияланған «Жалқаулықтан аулақ болайық» деген мақаласында Ш. Әбиева жолдас колхоздағы әйелдер советінің жұмыс тәжірибесін, Н. Г. Заглада көтерген мәселеде әйелдердің алатын орнын айта келіп: «бізге тәлім тәрбие, өміріміздегі сан жаңалық жайлы кинофильмдер көбірек көрсетілсе, концерттер жиі берілсе, әйелдер арасындағы ғылыми, саяси тақырыптармен қоса тұрмыс қажетіне байланысты, тазалық, гигиена жайында, бала тәрбиесі, үй тұрмысы жайлы әңгімелер өткізілсе тәуір болар еді» деген тілек білдіреді.

Сонымен бірге газеттің осы рубрикамен беріліп келе жатқан материалдарында кейбір елеулі кемшіліктердің де бар екенін атай кетіп керек. Ең әуелі газет «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» деген мақаладағы келелі мәселені әлі жете меңгеріп болмаған сияқты. Осыдан да болар, оның аталған тақырыпқа арнаған мақалаларының көпшілігі атқарылған, жүзеге асырылған істі, қол жеткен табыс пен орындалған жоспарды факті ретінде жәй баяндап беруден аспай қалған.

Мұның өзі еңбек пен ождан тақырыбына берілген мақалалардың дәрежесін едәуір төмендетіп жібергендей. Ондай мақалаларды оқисыз. Оқисыз да осында еңбек адамының ожданы туралы, белгілі бір шаруашылықтың өрлеу, даму мүддесі туралы не айтылды деген ойға қаласыз. Ойға қалмағанда ше? Әңгіме адам баласының ең бір абзал қасиеті—ар-ождан жайында болса, сол ожданның колхоз, совхоз, кәсіп орын өміріне жасап жатқан әсері қандай? Бұл турасында белгілі бір автордың—ия колхозшының, ия совхоз жұмысшысының, ия инженері мен шахтердің жарып шығар сырлары мен жырлары болмай ма?! Міне «Советтік Қарағандының» Н. Г. Заглада мақаласына байланысты көтеріп жатқан мәселелерінде осы жағы жетіспей жатыр.

Мысалға «Егіншінің абыройын ардақ тұтыңыздар!» деген рубрикамен газеттің 13 сентябрь күнгі берген «Қаратауда өңкей маман кадр бар» деген арнаулы бетін алайық. Бет Қу ауданына қарасты «Қаратау» совхозының кәзіргі өрлеу, даму жайларына арналған. Мәселенің қойылысы жақсы. Бетте совхоз директоры да, бөлімше басқарушысы да, трактор және шопандар бригадаларының бригадирлері де сөйлейді.

Ал осы беттің егінші мен шопанның, механизатор мен жалпы еңбек адамының ар-ожданы жайындағы толғанысы қайсы? Жоқ, бұл беттен ондай толғаныс көрінбейді. Барлық мақалада өсірілген қой саны, егіннің орылған гектар саны, келтірілген табыс мөлшері мен кейде еңбеккердің өмірбаяны сөз болады. Бұларды жазу керек-ақ, бірақ әңгіме ождан туралы ғой. «Бәрін кадр шешеді» деген мақалада «Н. Г. Заглада апай айтқандай, облыста, тіпті ауданымыздың өзінде де бізбен жағдайы бірдей бола тұрып, малдан төлді аз алатын, ет пен жүнді кем өндіретін шаруашылықтар жоқ емес» деген, я болмаса, «Бізде мал тұқымын асылдандыру мәселесі жолға қойылмай келеді» деген тәп-тәуір ойлы мәселелер бар. Газет осындай мәселелердің жеке өзін алып талдап көрсетсе, жақсы болар еді.

Рас, бұл совхозда бәрі де жақсы, әсіресе кадрлар тәрбиелеу жақсы жолға қойылған екен. Бірақ соған жету жолында неше алуан күйініш, сүйініш сәттері болған жоқпа екен деген ой келеді. Оның үстіне

«Коллективінің абыройын сақта» деген мақаладағы: «Тұтастай совхоздағы сияқты біздің бөлімшенің барша механизаторы, малшылары негізінен өз тумаларымыз» деген сөйлемдегі «өз тумаларымыз» деген сөз тіркесін түсіну қиын.

Мәселеге етене араласа жазу жағынан Шымкент облыстық партия комитетінің Жетісай өндірістік басқармасы бойынша шығатын «Жетісай» газеті тәп-тәуір. Мәселен, газеттің 18 сентябрь күнгі «Ар, ождан және партиялық міндет» деген арнаулы беті назар аударарлық. Мақтаарал ауданына қарасты «Алғабас» колхозының механизаторы Ф. Харисов жалқаулықты жоюды айтса, Свердлов атындағы совхоздың бөлімше агрономы Г. Есенбаев сәудегерлікке қарсы күрес ашуды сөз етеді. Осы бетте жарияланған «Коммунизм» колхозы трактор-егіс бригадасының бригадирі Қ. Пірмановтың «Нұсқаусыз да іс бітеді» деген мақаласы өзінің көтерген мәселесі жағынан Н. Г. Загладамен үндесіп жатады.

— Н. Г. Заглада айтқандай,—деп жазады ол,—мен жоғарыдан нұсқау күтіп отыра бермеймін, бүгін, ертең, тіпті бүрсікүні не істейтінімді алдын-ала ойлап жүремін... Мынадай бір оқиғаны айта кетейін. Биылғы көктемде агроном Жұмақановпен арамызда аздап тартыс болды. Мақта егуден бұрын жерді дискамен немесе чизельмен қопсыту керек еді. Ал агроном қопсытпай-ақ шитті бапталмаған жерге еге бер деп асықтырды мені. Жоқ, мен өз айтқанымда тұрдым да, сол ойымды жүзеге асырдым. Көктемде болған сол бір ісімнің кәзіргі нәтижесі қаман емес, әр гектар жерден 35 центнерден өнім жинап жатырмыз. Ал қопсытылмай егілген жерлерде мақта сирек.

Ар деген сөз жұрттың бәріне белгілі сөз,—дейді Қ. Пірманов одан әрі,—бірақ сол сөзді бағаламайтындар бар. Мәселен, «Қазсельхозтехниканың» жергілікті бөлімшесін алайық. Оның мастерскойы біздің мақта жинайтын машиналарымызды жөндеп берген еді. Жөнделіп шыққанына қарамастан сол машиналар кәзір жұмысқа қосылмай, бостан-босқа қарап тұр».

Еңбек адамдарының осындай қызықты, тартымды ойларын сөз ететін мақалаларды ауданаралық газеттен жиі оқуға болады.

Ождан мен ар, намыс пен абырой—біздің баспасөзіміз үшін тамаша тақырып. Әртарапты ойластырып, бұл тақырыпты творчестволықпен игере беру—жергілікті баспасөздің құрметті борышы.



«Қазақстан коммунистінің» сынынан кейін

Журналдың биылғы 8-номерінде «Түсті металл байлығының көзі» деген тақырыппен мақала басылған еді.

Қарағанды халық шаруашылығы советі председателінің орынбасары Ф. Серғазин жолдас бұл мақалада айтылған сын-ескертпелер жөнінде редакцияға мынаны хабарлады:

«Қазақстан коммунисті» журналының Қарағанды халық шаруашылығы советі және оның қамтуындағы металлургия заводтарының атына айтылған сын-ескертпелері өте орынды.

Кәзіргі кезде түсті және сирек кездесетін металдарды өндірудің мөлшерін арттыра түсу, олардың түсер құнын кеміту үшін түсті металлургия кәсіпорындарында мынадай шаралар іске асырылуда:

1. Мақалада көрсетілген Балқаш кен металлургия комбинатында өндірістік тозаңмен бірге кететін сирек металдарды електен өткізіп, сүзіп алу үшін Москвадағы «Гипросветмет» институтына арнаулы, жоспарлы тапсырма берілді. Ондағы мақсат сирек кездесетін металдарды өндірудің жаңа технологиясын тауып, оған арнаулы цех салу.

2. Жезқазған металлургия комбинатында сирек кездесетін металдарды мыс концентратының өзінен тікелей айырып алу үшін жаңадан арнаулы цех салынады.

3. «Гипроиндустрия» институтының украиндық филиалы металлургия шлактарын икейтін цехтың жобасын жасап жатыр. Сондай-ақ бұдан басқа да бірсыпыра шаралар жүзеге асырылмақ.

* *
*

Журналдың 9-номерінде басылған «Комсомолдың күші—партия басшылығында» деген сын мақалаға Семей облыстық партия комитетінің секретары Ә. Қәкімжанов жолдас мынадай жауап қайтарды:

«Қазақстан КП Семей облыстық комитеті «Қазақстан коммунисті» журналының 1962 жылғы 9-санында басылған «Комсомолдың күші—партия басшылығында» деген мақалада көрсетілген сынды өте орынды және әділ деп тапты.

Комсомолға партия басшылығын жақсарту мәселесі облыстық партия комитетінің IV пленумында талқыланып, мақалада көрсетілген кемшіліктерді жоюдың нақты шаралары белгіленді».

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.
(жауапты секретарь), Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С.,
Жанкелдин Т., Мәдиев Б., Мендібаев Қ.,
Өржанов Ш., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95.

2/XI-1962 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108¹/₁₆. 2,5 к. — 6,85 авт. т.
Тир. 20 047. УГ06068.

ККП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Зак. 1243.

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы шығарған жаңа кітаптар

Н. Красавин. Шаруашылықта еңбек өнімділігін қалай арттыруға болады. 64 бет, бағасы 5 тиын.

Еңбек өнімділігі дегеніміз не, колхоздардың экономикасында оның қандай маңызы бар, еңбек өнімділігін қалай арттыруға болады, оны арттырудың жолдары қандай—кітапшада міне осы мәселелер сөз болады. Мұнда еңбек өнімділігін арттырудың әрбір колхозшы қолдана алатын әдістеріне ерекше назар аударылған.

А. Омаров. Кәсіпорындағы шаруашылық есеп. 56 бет, бағасы 5 тиын.

Автор шаруашылық есептің принциптері, оны жетілдірудің жолдары туралы, кәсіпорынның ішінде — цехтарда, учаскелерде, жұмыс орнында шаруашылық есепті ұйымдастырудың жолдары мен әдістері туралы әңгімелейді. Сонымен бірге ол жеке адамға арналған шаруашылық есеп, үнемдеу тәртібі, жұмысшыларды ақшалай ынталандыру жайлы да сөз қозғайды.

В. Ганштак, И. Розенберг. Өнеркәсіп орынын басқаруды жетілдіру жолдары. 192 бет, бағасы 23 тиын.

Кітап нақты экономиканың маңызды мәселелерінің бірі—кәсіпорынды басқару мәселесіне арналған. Кәсіпорынды басқаруды арзандату, оның тиімділігін арттыру жолдарына талдау жасай отырып, авторлар мұны кәсіпорынның өндірістік және ұйымдық құрылымын жетілдіре түсу мәселесімен тығыз байланыстыра қарайды. Кітапта көтерілген мәселелер совет өнеркәсібінің және кейбір шетел өнеркәсібінің тәжірибесін қорыту негізінде зерттеледі.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН ЖАҢА КІТАПТАР

Т. Жанкелдин. Еңбек — коммунистік тәрбиенің негізі. 104 бет. Бағасы 13 тиын.

Бұл еңбекте Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңген Совет елінде адам еңбегіне қарай бағаланатыны, ерікті творчестволық еңбектің еңбекшілердің дүниеге көзқарасын, мінез-құлқын түбірінен өзгертіп, оған бұрын-соңды болмаған жаңа қасиет беретіні баяндалады. Сонымен қатар кітапшада совет адамы үшін еңбек күн көрудің көзі болумен бірге, қоғамдық міндет, моральдық борыш, адамгершіліктің жоғары сипаты болып отырғаны да көрсетілген.

Б. Ордабаев. Коммунизм туралы әңгіме. 113 бет, бағасы 14 тиын.

Кітапшада адамзат қоғамының сәулетті болашағы—коммунизм туралы, коммунизмнің қазір совет халқының күнбе-күнгі ісі болып отырғаны, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунизмнің өндіргіш күштері мен коммунистік өндірістік қатынастар туралы, жаңа адамды—коммунизм құрылысшыларын тәрбиелеп өсіру, олардың жанжақты жетілуі, коммунизм орнату құралы—мемлекеттің қоғамдық басқаруға ұласуы туралы қалың көпке түсінікті де тартымды жазылған әңгімелер бар.

А. Туғанбаев. Жарқын болашақ. 52 бет, бағасы 6 тиын.

Кітапшада достық, тығыз экономикалық ынтымақ, өзара көмек нәтижесінде социализм лагеріндегі елдердің экономикалық және мәдени дамуының жалпы өрісі теңеліп, бұл елдердің коммунистік қоғамның бірінші сатысынан екінші, жоғарғы сатысына шамалас бір мезгілде өтуіне жағдай жасалатыны жайында баяндалады.

М. Фазылов. Заманымыздың көкейтесті мәселелері. (Бейбітшілік және соғыс мәселелері туралы). 56 бет, бағасы 6 тиын.

Автор заманымыздың ең көкейтесті мәселесі—соғыс және бейбітшілік мәселелері туралы, совет халқының, бүкіл дүние жүзінің ізгі ниетті адамдарының соғысқа қарсы, бейбітшілік жолындағы күресі туралы, соғысты адамзат өмірінен біржолата аластау туралы сөз етеді.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ АЙ САЙЫН ШЫҒАТЫН
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

журналына 1963 жылға жазылыңыздар

Журналда КПСС жаңа Программасы мен Уставы туралы әңгімелер, маркстік-лениндік саяси экономия, философия, нақты экономика және ғылым коммунизм мәселелері жөнінде мақалалар жарияланады, партия оқуы жүйесінде және өздігінен оқитын жолдастарға көмек боларлық материалдар беріліп тұрады. Журнал бетінде коммунистік құрылыстың, коммунистік қоғам орнатушылардың моральдық кодексінің мәселелері жазылады. Сонымен бірге оқушылардың сұрауларына жауап беріледі.

Республика партия ұйымдарының жұмысы журналда үзбей жазылады. Өлкелік, облыстық, аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесі қорытылады.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің келелі мәселелері журнал бетінен орын алады. Жергілікті газеттер мен журналдарға шолу, жаңа кітаптарға сын беріледі.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

12 айға — 2 сом 40 тиын,

6 айға — 1 сом 20 тиын.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде,
байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.